

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі қызметтің (жанар және жағармай материалы қызметінің) жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2024 жылғы 10 желтоқсандағы № 1440 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № 357 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ереже 15-тармағының 273) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі қызметтің (жанар және жағармай материалы қызметінің) жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Тыл бастығы:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 11 шілдедегі № 472 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33059 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізу қағидалары 10-тармағының талаптарына сәйкес қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап құнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларының орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық мұдделі лауазымды адамдарға және құрылымдық бөлімшелерге жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі генерал-полковник

Р. Жақсылықов

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігінің

2024 жылғы 10 желтоқсандағы

№ 1440 бұйрығымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Қарулы Құштеріндегі қызметтің (жанар және жағармай материалы қызметінің) жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Қарулы Құштеріндегі қызметтің (жанар және жағармай материалы қызметінің) жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) жанар-жағармай материалы (бұдан әрі – ЖЖМ) қызметінің жұмысын ұйымдастыруды, жанармай қызметінің ЖЖМ қоймасын ЖЖМ-мен, арнайы сұйықтықпен, техникалық құралдармен және мүлікпен қамтамасыз етуін, ЖЖМ мен арнайы сұйықтық сапасын қамтамасыз етуді, улы-техникалық сұйықтықпен (бұдан әрі – УТС) жұмыс істеу тәртібін, өртке қарсы қауіпсіздік шараларының сақталуын нақтылайды.

2. Нұсқаулықта қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) арнайы сұйықтық – әскери техниканы қолдану кезінде қолданылатын жалпы сұйықтық атауы;

2) әскери қойма – материалдық құралдарды қабылдау, сақтау, жаңарту, іріктеу, жиынтықтау, есепке алу мен жөнелту (беру) үшін арналған әскер (күш) құрамындағы материалдық қамтамасыз ету (бұдан әрі – МТК) мекемесі мен бөлімшесі;

3) әскери мүлік – Қазақстан Республикасының Қарулы Құштері, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдар мемлекеттік мекемелерінің жедел басқару құқығындағы қорғаныстық объектілер, барлық қару-жарак, әскери техника түрі, арнайы құралдар мен басқа да мүлік;

4) жабдықталым органы – Қарулы Құштерді, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарды оларға жүктелген функцияға сәйкес әскери мүлікпен қамтамасыз етуді жүзеге асыратын Қарулы Құштердің құрылымдық бөлімшесі немесе мемлекеттік мекемесі;

5) ЖЖМ сапасын бақылау – физикалық-химиялық талдаумен алынған мәннің осы өнімге мемлекетаралық стандарт (бұдан әрі – МЕМСТ), ұлттық стандарт (бұдан әрі – ҚР СТ) және техникалық шарт (бұдан әрі – ТШ) талаптарына сәйкес келуін анықтау үшін ЖЖМ сапасы көрсеткішінің мәнін айқындау;

6) отын құю – әуе кемесінің және әскери техника багын ЖЖМ-мен толтыру жұмысының кешені;

7) пайдалану құжаттамасы – бұйымды ұшуда және техникалық қолдануды регламенттейтін және қолданыс шектеуі, рәсімі мен ұсынымы бар құжаттама.

2-тaraу. ЖЖМ қызметінің жұмысын ұйымдастыру

3. ЖЖМ қызметінің жұмысын ұйымдастыру қойылған міндеттерді орындау үшін олардың жауынгерлік әзірлігін қолдау мақсатында жанармай қызметінің әскери мүлкіне әскердің (күштің) қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған іс-шаралар кешенін қамтиды.

4. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің (бұдан әрі – ҚР ҚК) жанар және жағармай материалы қызметінің міндеттері:

- 1) ЖЖМ қызметінің жанармай мен техникалық құралдарына қажеттілікті айқындау;
- 2) әскерде (күште) қызметтің белгіленген жанармай, техникалық құралдары қорын сұрату, алу (қабылдау) мен жасау және орналастыру;
- 3) қызметтің жанармай мен техникалық құралдарының сақталуын қамтамасыз ету;
- 4) жанармайды сақтау мен жұмсау кезінде есепке алу мен есептілігін ұйымдастыру;
- 5) жанармайдың жұмсалу заңдылығын ұйымдастыру мен бақылау;
- 6) қызметтің жанармай мен техникалық құралдары қорының шығысы мен шығынын уақтылы толықтыруды жоспарлау мен қамтамасыз ету;
- 7) техникаға жанармай құю болып табылады.

5. Әскерді (күшті) жанармаймен және техникалық құралдармен қамтамасыз ету жүйесіндегі басшылықты жанар және жағармай қызметінің басқару органы жүзеге асырады:

- 1) ҚР ҚК Тыл бастығының басқармасында (бұдан әрі – ҚР ҚК ТББ) – ҚР ҚК Тыл бастығы басқармасының жанар және жағармай материалы басқармасы (бұдан әрі – ҚР ҚК ТББ ЖЖМ басқармасы);
- 2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Құрлық әскерлерінде (бұдан әрі – ҚР ҚК ҚӘ) – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Құрлық әскерлерінің тыл бас басқармасы материалдық қамтамасыз ету басқармасының (бұдан әрі – ҚР ҚК ҚӘ ТББ МҚБ) жанар және жағармай материалы қызметі;
- 3) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштерінде (бұдан әрі – ҚР ҚК ӘҚК) – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштері бас қолбасшының басқармасы тыл бас басқармасы тылдық қамтамасыз ету басқармасының (бұдан әрі – ҚР ҚК ӘҚК БҚБ ТББ ТҚБ) жанар және жағармай материалы қызметі;
- 4) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Десанттық-шабуылдау әскерлерінде (бұдан әрі – ҚР ҚК ДШӘ) – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Десанттық-шабуылдау әскерлері қолбасшысының басқармасы тылдық қамтамасыз ету басқармасының (бұдан әрі – ҚР ҚК ДШӘ ҚБ ТҚБ) жанар және жағармай материалы қызметі;
- 5) өнірлік қолбасшылықта – өнірлік қолбасшылықтың жанар және жағармай материалы қызметі;
- 6) әскери бөлімде (мекемеде) – бөлімнің (мекеменің) жанар және жағармай материалы қызметі.

Жағалық базасы жоқ корабль құрамасында жанар және жағармай материалы қызметі бастығының міндеттін корабль (құрама) командирінің тыл (МТК) жөніндегі орынбасары, ал корабльде – корабльдің жауынгерлік электр-механикалық бөлімінің командирі (5-ЖБ командирі) орындауды.

6. ҚР ҚҚ жанар және жағармай материалы қызметінің күштері мен құралдары:

1) басқару органын;

2) жанармай және зымыран отынын жеткізу бөлімшесін;

3) ҚР ҚҚ ТББ МТК (тылдық қамтамасыз ету) базасы өнірлік қолбасшылық, авиациялық және жағалық база, бригада, полк, батальон МТК базасының ЖЖМ қоймасын;

4) жанар және жағармай материалы қызметінің жөндеу цехын (шеберханасын);

5) химмотология орталығын, жанармай сапасын бақылау зертханасын қамтиды.

7. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрі, әскер тегі ЖЖМ қызметінің бастығы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрі, әскер тегі бас қолбасшысының (қолбасшысының) тыл жөніндегі орынбасарына бағынады, ал жанар және жағармай материалы қызметінің арнайы мәселелері бойынша ҚР ҚҚ ТББ ЖЖМ бастығының міндеттерін орындауды.

8. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері өнірлік қолбасшылықтың, әскер түрі мен әскер тегі ЖЖМ қызметінің бастығына:

1) тиісті штабпен бірлесіп, ЖЖМ-га перспективалық және жылдық қажеттілікті айқындау мен номенклатура бойынша жанар-жағармай материалына тиісті өтінімді жабдықталым органына ұсыну;

2) бағынысты құрамалар мен бөлімдер үшін жанармай шығысының лимитін бөлу;

3) жанармайды тиімді пайдалану мен үнемдеуді арттыру бойынша қажетті іс-шараларды жоспарлауды мен жүзеге асыруды;

4) бағынысты құрама мен бөлімде жанармаймен және техникалық құралдармен қамтамасыз етілуін бақылауды;

5) жабдықталым органына ұйымдық іс-шараларды, оқу-жаттығуды, жаңа техниканы сыйнауды мен басқа да іс-шараларды жанармаймен және техникалық құралдармен уақтылы қамтамасыз ету үшін қажетті деректерді ұсыну жүктеледі.

Жанар және жағармай материалы қызметі тиісті тыл штабымен өзара іс-қимылда өзіне жүктелген міндеттерді орындауды.

Жанар және жағармай материалы қызметінің басқару органы тыл штабына мерзімді жеткізілім табелінде көзделген ақпаратты береді.

Тыл штабы жанар және жағармай материалы қызметінің басқару органына өткізілетін іс-шараларды жанармаймен және техникалық құралдармен қамтамасыз ету міндеттерін уақтылы жеткізеді. Тыл штабы осы мәселелерді шешу көзделген қажетті жоспарлы және өкімдік құжаттарды тиісті жанар және жағармай материалы қызметі бастығының қатысуымен әзірлейді.

9. ҚР ҚК-ны жанармаймен және техникалық құралдармен қамтамасыз етуді ҚР ҚК ТББ жанар және жағармай материалы басқармасының жабдықталым органы МТҚ базасының командирімен (бастығымен), ҚР ҚК түрі, өскер тегі, өнірлік қолбасшылық жанар және жағармай материалы қызметінің бастықтарымен өзара іс-қимыл жасап үйимдастырады.

3-тaraу. ЖЖМ-мен қамтамасыз ету тәртібі

10. ЖЖМ-мен қамтамасыз ету Қарулы Күштерді материалдық қамтамасыз етудің құрамдас бөлігі болып табылады және қойылған міндеттерді орындау үшін жауынгерлік әзірлікте мақсатында өскер (құш) жанармай қызметінің өскери мүлкіне қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған іс-шаралар кешенін қамтиды. ЖЖМ қамтамасыз ету мақсаты жауынгерлік қолдануға (тағайындалуы бойынша пайдалануға) дайын қару-жарақ пен өскери техниканың болуы, ЖЖМ қызметінің номенклатурасына сәйкес материалдық барлық құралдар түрімен қамтамасыз етілуі бойынша өскерді (құшті) жауынгерлік әзірлікте ұстau және жауынгерлік қабілетін қолдау болып табылады.

11. Жанармаймен қамтамасыз етуді ЖЖМ қызметінің бастығы үйимдастырады және "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде жанар және жағармай материалымен қамтамасыз ету регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2024 жылғы 29 ақпандағы № 202 бұйрығы негізінде бөлінген ресурс пен белгіленген шығыс лимитін, бағынысты өскери бөлім мен мекеменің қамтамасыз етілуі туралы мәлімдемесі мен жеткізілімін, өскердің (құштің) материалдық құралдарға нақты мұқтажын және базада, қоймада, сондай-ақ жергілікті үйимның өнеркәсіп базасында болуын, босату, беру және жеткізу өтінімін ескеріп жүзеге асырылады.

12. ЖЖМ-мен және техникалық құралдармен қамтамасыз ету: Тыл бас басқармасы – өскерлер түрлері – өнірлік қолбасшылық (өскерлер тегі) – өскери бөлім – бөлімше схемасы бойынша жүзеге асырылады.

Жанармаймен қамтамасыз ету мерзімін қысқарту және оны орталықтандырып жеткізу мақсатында, сондай-ақ штатында жанар және жағармай материалы қызметінің және (немесе) қоймасының болмауы не жабдықтау базасынан (өскери бөлімнен) 100 км астам қашықта тұруы салдарынан дербес өскери бөлім мен (немесе) мекемені жақын жердегі дербес жанар және жағармай материалы қызметі бар бір өскери бөлімге жабдықталымға қоюға жол беріледі. Бұл жағдайда жабдықталымға қойылған өскери бөлім (мекеме) жанар және жағармай материалы қызметінің жеке құрамы (кіші мамандары) өскери бөлімде (мекемеде) мамандығы бойынша жұмысқа тартылады.

13. Жанар және жағармай материалымен үздіксіз қамтамасыз ету үшін жабдықталым қоймасында, өскери бөлімде, мекемеде жылдық есептік қажеттіліктен 50 %-ға дейінгі мөлшерінде ауыспалы қор ұстau жол беріледі.

Ағымдағы жабдықтау (жабдықталым) қоры мөлшерін айқындау кезінде орындалатын міндеттер, шығыс нормалары, қоймалық базаның болуы, материалдық құралдарды сақтау мүмкіндігі ескеріледі.

14. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің осы әскери бөлімді өнірлік қолбасшылық (әскер тегі) құрамына қосу немесе осы өнірлік қолбасшылық (әскер тегі) аумағында орналастыру (қайта орналастыру) туралы бұйрығы әскери бөлімді алғашқы қамтамасыз етуге қою үшін негіздеме болып табылады.

15. ҚР ҚК-ның жанар және жағармай материалына жылдық қажеттілігі ҚР Қорғаныс министрлігі мен ҚК Бас штабы департаменттерінің, бас басқармалары мен басқармаларының, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің, әскер тектерінің, өнірлік қолбасшылықтардың өтінімі негізінде жабдықталым органы айқындалады. Жабдықталым органына жылдық өтінім "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Тылышының мерзімді жеткізілім табелін бекіту туралы" Министрдің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Штабтар бастықтары комитеті төрағасының 2009 жылғы 2 желтоқсандағы № 538 қбп бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Мерзімді жеткізілім табелі) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Тылышының мерзімді жеткізілім табелінде белгіленген нысан бойынша және мерзімде шығысқа және жеткізуге қажетті ЖЖМ мөлшеріне ұсынылады.

16. Жоспарланған жылға жанармай және жағармай материалына қажеттіліктің есеп-негіздемесін ҚР Қорғаныс министрлігінің және ҚК Бас штабы департаменттерінің, бас басқармалары мен басқармаларының тиісті бастықтары, ҚР ҚК түрі, әскер тегі, өнірлік қолбасшылық әскери бас қолбасшысының (қолбасшысының) орынбасарлары әзірлейді және ҚР ҚК ТББ жанар және жағармай материалы басқармасына ұсынылады.

Өтінім мен есеп-негіздемеде тиісті жанармай түрі бойынша ҚР ҚК әскер түрінің, әскер тегінің қажеттілігі жауынгерлік кезекшілікті, жауынгерлік даярлықты, барлық қару-жарақ пен әскери техника түріне қызмет көрсету мен жөндеуді, өндірістік және шаруашылық жұмысты, әскери бөлімнің ағымдағы тіршілік қажеттілігін, сондай-ақ жұмсалмайтын қорды жинақтауды қамтамасыз ету көзделеді.

17. Жанар және жағармай материалына жылдық есеп пен өтінім:

- 1) қару-жарақ пен әскери техника түрі, үлгісі, пайдалану тобы және машина маркасы бойынша саны туралы деректер;
- 2) әскери техниканы (моторесурсты) жылдық пайдалану нормалары;
- 3) қорды жинақтау жоспары;
- 4) белгіленген нормаға сәйкес жұмсалмайтын қорды әскери техникаға құю, атқарымы және сынау үшін жанар және жағармай материалына қажеттілік есебі;
- 5) қызмет (бөлім, басқарма) бастығының өндірістік-техникалық және шаруашылық қажеттілік үшін жанаармайға есеп-өтінімі;
- 6) шығысы нормасы мен әскери техникада жанармай қолдану кестесі;

7) жанармайдың нақты шығысы, болуы және әскери техника түрі бойынша моторесурсты пайдалану туралы деректер негізінде жасалады.

Одан басқа, жанар және жағармай материалына есеп пен өтінімді жасау үшін:

1) өнірлік қолбасшылықта, әскер түрінде және орталықта:

жоспарланған жылға жауынгерлік даярлық жоспарына алдын ала есеп;

әскери техниканы жөндеу жоспары;

2) ҚР ҚК Әуе қорғанысы құштерінде, одан басқа:

ұшқышқа (екипажға) жылдық ұшу сағаты нормасы;

ҚР ҚМ әскери оқу орнында ұшқышты даярлау жоспары;

мемлекеттік сынау жоспары негіздеме болып табылады.

18. Жоспарланған жылға жанар және жағармай материалына қажеттілікті айқындау үшін тиісті өнірлік қолбасшылықтың, әскер түрі мен әскер тегінің басқарма, бөлім және қызмет бастығы өнірлік қолбасшылық әскері қолбасшысының тыл жөніндегі орынбасары белгілейтін мерзімде жанар және жағармай материалы қызметіне:

1) жалпы барлық әскери бөлімнің штат (табельдік) саны шегінде әскери техниканың нақты болуын және күтілетін жоспарланған алдындағы жылдың соына дейін түсін (кемеүін) ескеріп, машина үлгісі, сыныбы, пайдалану тобы мен маркасы бойынша әскери техниканы (моторесурсты) жылдық пайдалану нормасы (корабль үшін жылтыратын машинаның жүріс сағаты және тұрақ сағаты, автомобиль, танк, тартқыш, қозғалтқыш үшін жүріс шақырымы немесе қолданыс сағаты, жоспарланған ұшу және т.б.) туралы деректерді;

2) әскери бөлім мен мекеме бойынша әскери техниканы сақтау мен жөндеу, өндірістік-техникалық және басқа да қажеттілік үшін ЖЖМ-ға, арнайы сұйықтыққа жылдық өтінім мен есепті береді.

19. ЖЖМ-ға жылдық өтінім жасау үшін ҚР ҚК түрінің, әскер тегінің, өнірлік қолбасшылықтың жанар және жағармай материалы қызметі ұсынылған материалды ескеріп, жанармайға есептік қажеттілік жасайды, жанармайдың нақты шығысын және өткен жылдағы моторесурсты пайдалану туралы деректерді талдау және жанармайды үнемдеу мүмкіндігін бағалау негізінде талап етілетін шығысқа жанармайға ең төменгі қажеттілікті айқындаиды.

Жанармайға осы ең төменгі қажеттілікке сәйкес жанармай шығысынан пайыздық нормада жұмсалатын жағармай материалы мен арнайы сұйықтыққа қажеттілік айқындалады.

20. Қорғаныс министрлігінің, Бас штабтың департаменттеріне, бас басқармалары мен басқармаларына, әскер түріне, әскер тегіне, өнірлік қолбасшылыққа қажетті жанармай шығысынан пайыздық нормада жұмсалатын жағармай материалы мен арнайы сұйықтыққа, сондай-ақ шығысы жанармай шығысынан тәуелсіз нормаланатын

өндірістік-техникалық және басқа да мұқтаждық үшін қажеттілік жанар және жағармай материалы қызметіне өткен жылдың нақты шығысымен салыстырғанда алынған қорытынды деректер есебі мен талдау негізінде айқындалады.

21. ҚР ҚК түрінің, әскер тегінің, өнірлік қолбасшылықтың жылдық өтінімінде ЖЖМ мен арнайы сұйықтық осы қорды орналастыру мүмкіндігі негізге алынып, ағымдағы жабдықтау қорының белгіленген нормасы мен жеткізу талап етіледі.

22. ЖЖМ мен арнайы сұйықтық маркасы мен тоқсан бойынша әскер түріне, өнірлік қолбасшылыққа, әскер тегіне болінетін, орталықтандырып/орталықтандырылмай жеткізу тәсілі көрсетілген тәсілімен жеткізу талап етіледі.

23. Жылдық өтінімге түсіндірме жазба қоса беріледі, онда әскери техниканы (моторесурсты) жылдық пайдалану нормасын жасау кезінде қабылданған негіздеме беріледі.

24. Түсіндірме жазбада жабдықталым органы жария етілуге тиіс кеңейтілген мәселелер тізбесін айқындейды.

4-тарау. ЖЖМ-ды сақтау және қоймаға қою

25. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету (бұдан әрі – МТҚ) базасы мен әскери жанармай қоймасы әскери бөлім (мекеме) мен әскери оку орны үшін түсетін жанармайды, жақпамай материалын, арнайы сұйықтық пен ЖЖМ қызметінің техникалық құралдарын қабылдау, сақтау, жаңарту, іріктеу, жинақтау, есепке алу мен жөнелту (беру) үшін арналған.

26. МТҚ базасының жанармай қоймасы жанармай мен техникалық құралдарды қабылдайды, сақтайды, түсіреді және өнірлік қолбасшылық пен әскер тегінің әскери бөлімдеріне, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оку орнына, мекемесіне береді.

27. Әскери жанармай қоймасы жанармайды, техникалық құралдар мен мұлкін қабылдауға, сақтауға және бөлімше қызметіне және отын қую пунктіне беру үшін арналған. Әскери жанармай қоймасына әскери бөлімнің (мекеменің), авиациялық база мен Қарулы Күштер түрінің, әскер тегінің материалдық-техникалық қамтамасыз ету әскери бөлімнің қоймасы жатады.

Әскери жанармай қоймасы стационарлық және далалық болып бөлінеді.

Стационарлыққа жанармай мен техникалық құралдарды сақтау, қабылдау мен жөнелту үшін арналған негізгі технологиялық жабдығы бар тұрақты күрделі құрылышты білдіретін қойма жатады.

Далалыққа белгіленген ауданда жергілікті жерде қысқа мерзімге өрістетілетін қабылдау үшін жабдығы, техникалық құралдар бар қойма жатады.

28. Әскери жанармай қоймасы штатқа, табель мен нормаларға сәйкес жеке құраммен жасақталады және техникалық құралдармен жабдықталады.

29. Әскери жанармай қоймасы:

- 1) жанармай алуды, бөлімше мен құю пунктіне беруді;
- 2) жанармайдың және техникалық құралдардың белгіленген қорын ұстауды;
- 3) әскери бөлім мен жеке бөлімшеге жанармай мен техникалық құралдар беруді қамтамасыз етеді.

30. Стационарлық әскери жанармай қоймасы әскери бөлім (мекеме) аумағында Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 17 тамыздағы № 405 бұйрығымен бекітілген Өртке қарсы қауіпсіздіктің жалпы талаптары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 24045 болып тіркелген) қолданыстағы техникалық регламентінің нормаларына сәйкес және бар кірмежолды, теміржолды пайдалану мүмкіндігін ескеріп, ғимарат пен құрылыштардан өртке қарсы қашықтықты сақтап орналастырылады.

31. Стационарлық жанармай әскери қоймасын орналастыру үшін участке мынадай талаптарға сәйкес болуға тиіс:

- 1) өртке қарсы техникалық регламент нормаларына сәйкес құрылыштадың, бүркемелеудің, жабдық пен жанармай қорының таралып орналасуын, сондай-ақ қойманы салу мен пайдалануға күштер мен құралдардың барынша аз шығынын қамтамасыз етуге тиіс;
- 2) қойманың оларға және жақын жатқан елді мекенге қатысы бойынша жел жағынан бөлімнің бар объектілерінен төмен жоспарланған белгімен жергілікті жерде орналасуын қамтамасыз етуге тиіс;
- 3) автомобиль жолына жақын болуға, қолайлы және мүмкіндігінше жасырын кірмежолы болуға немесе күштер мен құралдар барынша аз шығындалап, орналастыруға мүмкіндік беруге тиіс;
- 4) қойманың өртке қарсы және пайдалану қажеттілігі үшін жақын жерде табиғи су тоғаны немесе басқа да сенімді сумен қамтамасыз ету көзі болуға тиіс;
- 5) жанармай құйылған резервуар және топырақ тиелген автомобиль көлігі жүктемесін көтеретіндегі топырағы болуға тиіс;
- 6) жерасты суының деңгейі резервуарды көму, сақтау орны, траншея мен басқа да құрылыштады еденінің болжамды белгісінен 0,3-0,5 м төмен болуға тиіс;
- 7) ыдыстағы және техникалық құралдағы май, жақпамай, арнайы сұйықтық үшін сақтау орны;
- 8) ыдыстағы және бұрын қолданылған бөшкедегі жанармайды сақтау үшін алаң немесе қалқа;
- 9) автокөлікке жанармай беру алаңы (тұрағы);
- 10) отын құю және борттық автокөлік тұрағы үшін алаң немесе қалқа болуға тиіс.

32. Стационарлық әскери жанармай қоймасында қабылданған және берілген жанармайға құжатты ресімдеу, техникалық құралдарға және басқа да жұмыс үшін құжаттама жүргізу үшін қызметтік үй-жай көзделеді.

Зертханасы бар қоймада қызметтік үй-жай зертхана үй-жайымен біріктіріледі.

33. Жанармайды зертханалық талдайтын үй-жай:

1) су құбырымен және көрізбен;

2) өндірістік газбен немесе газ-генератормен (газ-генераторлық бакпен және сығылған ауа толған баллонмен);

3) жарылуға қауіпсіз жасалған электр жарықпен;

4) жылдыумен және желдетумен қамтамасыз етіледі.

Пешпен жылдыту кезінде от жағатын жер талдау жасалатын бөлмеден тыс жасалады, ал пештің құбыры үшқын тұтқышпен жабдықталады.

34. Авиациялық базаның жанармай қоймасы әуеайлақ жаңында кірмежолдан тыс әуеайлақ аумағындағы екі және одан көп учаскеде тарап, авиациялық бөлімшени тарату аумағына, бірақ қажетті өртке қарсы қашықтық сақталып, жылдам жанармай беруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қашықтықта орналастырылады. Бір учаскеде базалық қойма, ал басқасында жанармай шығысы қоймасы өрістетіледі.

Жанармай базалық қоймадан шығыс қоймасына құбыр арқылы беріледі, ал кейбір жағдайда автомобиль көлігімен жеткізіледі. Құбыр арқылы беру анағұрлым сенімді және үнемді болып табылады.

Авиациялық базаның жанармай шығыс қоймасы ұшақты ұдайы жанармаймен толтыруға дайын ұсталуы қажет.

35. Авиациялық база жанармай қоймасының сыйымдылығы белгіленген қор көлемі, отын құйғыш салмағы мен әуеайлаққа қызмет көрсететін авиациялық бөлім оқу-жаттығу және жауынгерлік қызметінің жүктемесі ескеріліп айқындалады.

36. Жанармай қоймасының ғимараты, құрылышжайы, жабдығы мен техникалық құралдары техникалық ақаусыз жай-күйде ұстau үшін жүйелі қарап-тексеріледі, анықталған ақау шұғыл жойылады.

37. Орталық және әскери жанармай қоймасын құрделі салуды, құрделі жөндеу мен ағымдағы жөндеуді, сондай-ақ резервуарды сөуле шағылыстыратын бояумен бояуды, статикалық электрді қайтаратын жерге тұйықтауды, резервуарды топырақ үйіндісімен үюді (бетонмен қоршауды) аудандық пайдалану бөлімі (бұдан әрі – АПБ) жүзеге асырады.

38. Жанармайды әскери қоймада сақтау үшін жылжымалы металл, резенке-мата резервуар мен ыдыс (бөшке, канистра, бидон) пайдаланылады. Стационарлық әуеайлақ қоймасында сыйымдылығы үлкен (200 – 3000 м³ дейін) стационарлық резервуар жасалады (ұлгілік жоспар бойынша).

39. Резервуар орналасуына байланысты іргелес аумақтың жоспарлық белгісіне қатысты мынадай болып бөлінеді:

1) жерүсті, ол көлденең резервуардың тік немесе астыңғы шынтемірін құрайтын түбі бір деңгейде немесе іргелес аумақтың ең төменгі жоспарлы белгісінен жоғары (резервуар қабырғасынан 3 метр шегінде), сондай-ақ резервуар өз биіктігінің жартысына (диаметріне) дейін көміп орнатылады;

2) жартылай көміп орнатылған, резервуар кемінде өз биіктігінің жартысына дейін көміп орнатылған, бұл ретте тік резервуар қабырғасының сыртқы жағы немесе көлденең резервуардың шынтемірін құрайтын жоғарғы жағы іргелес алаңның жоспарлы ең тәменгі белгісінен 2 метр астам жоғары орнатылады;

3) көміп орнатылған, тік резервуар қабырғасының сыртқы жағы немесе көлденең резервуардың шынтемірін құрайтын сыртқы жағы іргелес алаңның ең тәменгі жоспарлы белгісінен кемінде 0,2 метр, сонымен қатар көміп орнатылғанға тік резервуар қабырғасының сыртқы жағы немесе көлденең резервуардың шынтемірін құрайтын сыртқы жағынан кемінде 0,2 метр көмілген резервуар жатады, резервуарды көму ені сыртына дейін кемінде 3 метр болуға тиіс, көміп орнатылған резервуардың мойны үстінен құдық орнатылады.

40. Өрт шыққан немесе жерусті және жартылай көмілген бірнеше резервуарда авария болған жағдайда қойма аумағында жанармайдың төгілуін болдырмау үшін, сондай-ақ кейбір резервуар топырақпен үйіледі (бетон қоршаумен қоршалады). Топырақ үйіндісінің көлемі барлық жерусті бірнеше резервуар сыйымдылығы жартысынан тәмен болмауға тиіс. Топырақ үйіндісі ішіндегі алаң жаңбыр және еріген су ағызы арығына жіберу үшін дренажды құбыр орнатылған жерге жиналатында жоспарланады. Құбыр үнемі жабық тұратын жапқышпен жабдықталады (тек топырақ үйіндісінен суды шығару уақытында ашылады).

Су ағызы арығы мен топырақ үйіндісі арқылы өтпелі көпір жасалады. Жерусті стационарлық резервуар мен бірнеше көлденең резервуар баспалдақпен жабдықталады. Жанармайды құю, ағызы және өлшеу жұмысы қолайлы болуы үшін көлденең резервуар үстінде өтпелі көпір жасалады (қарау алаңы).

41. Топырақ үйіндісінің және резервуар фундаменті тұғырының жай-күйін, сондай-ақ жартылай көміп орнатылған және көміп орнатылған резервуарға осы судың резервуарды көтеріп жіберуін болдырмау үшін жерасты сұнының ықтимал түсүі ұдайы бақыланады.

42. Резервуар мойны тығыздамасы май-бензинге төзімді резенкеден қақпақпен тығыз жабылады. Қоймада май-бензинге төзімді резенке болмағанда:

1) бензині құйылған резервуар үшін қалындығы 3-4 мм парониттен;

2) дизель отыны құйылған резервуар үшін парониттен немесе ыстық әліп майы сінірліген және кейіннен кепкеннен кейін екі жағынан ыстық ағаш желісі жағылған аз мөлшерде ағартқы қосылған картоннан;

3) май құйылған резервуар үшін ыстық суда жібітілген және ағаш желісі сінірліген картоннан;

4) құбырдың фланецті бірікпесі үшін хлор-винилден, парониттен немесе ыстық әліп майы сінірліген картоннан жасалады.

43. Өлшеу лугі мөр немесе пломба қойылып, үнемі тығыздамасы бар қақпақпен жабық тұрады. Ол тек жанармай деңгейін өлшегендеге немесе сынама алғанда ашылады.

44. Резервуарда аварияны болдырмау және оны ақаусыз жай-күйде ұсташа үшін қоймада мынадай жоспарлы жұмыс жүргізіледі:

1) техникалық қарап-тексеріледі;

2) резервуар мен оның жабдығына жоспарлы-алдын ала қызмет көрсетіледі, жөнделеді;

3) резервуар судан, лайдан және тот басудан тазартылады.

45. Резервуарда авария болған немесе ақаулық анықталған жағдайда қойма бастығы жанармайды сақтауға және аварияны немесе ақаулықты жоюға шаралар қабылдайды.

46. Резервуар күнделікті техникалық қарап-тексеріледі. Дәнекерленген жік пен бекітпе арматурасына ерекше назар аударылады. Дәнекерленген жікте немесе резервуардың негізгі металында сыват пайда болғанда және суланғанда ол жылдам босатылады және жөнделеді.

47. Резервуар мынадай жағдайда:

1) жөндеу жұмысы алдында;

2) резервуарда бұрын сақталған жанармай сұрпынан жоғары (мұнай өнімінің маркасын ауыстыру) жанармайды қабылдауға резервуарды дайындау кезінде;

3) резервуар түбінде механикалық қоспа, су немесе басқа да ластану анықталған әрбір кезде тазартылуға тиіс.

48. Жанармайды құйып алғаннан кейін резервуарды тазарту:

1) резервуарды жанармай қалдығынан тазартуды;

2) түптен жиналған тұнбаны (лай, тот басу) тазартуды;

3) резервуардың ішкі жағын лай тұнбасынан және тот басу өнімінен жіті тазартуды көздейді.

49. Резервуар жанармай қалдығынан мотосорғы құрылғысы немесе қол сорғы көмегімен тазартылады.

Резервуардың ішкі жағы лай тұнбасынан және тот басу өнімінен резервуарды механикаландырылған тазарту жиынтығы көмегімен жуу препаратымен, сондай-ақ қолмен ағаш курек, қырғыш, қалақ, сыпырғыш, өсімдік немесе капрон щетка көмегімен тазартылады.

50. Резервуарды құкіртті жанармайдан тазарту кезінде тот басу өнімінің қалдығы құкірт қоспасының өздігінен тұтануын болдырмау үшін резервуарды одан толық тазартқанға дейін және оны сақтау орнынан өртке қатысты қауіпсіз жерге қойғанға дейін барлық кезде ылғалды болуға тиіс.

51. Резервуарды жөндеуге дайындау кезінде булау, механикаландырылған тазарту жабдығы жиынтығы көмегімен жуу препаратымен жуу немесе қатты су ағынымен газдан тазарту және мұқият желдету арқылы жанармайдың бу концентрациясын жарылыс қауіпсіздігіне дейін газсыздандырылған болуға тиіс. Резервуардағы жанармайдың бу концентрациясы газ анализаторы көмегімен тексеріледі.

52. Әскери қоймада резервуарды тазарту жұмысы ЖЖМ қызметі бастығының немесе қойма бастығының тікелей жетекшілігімен жүргізіледі.

53. Резервуарды (автоцистернаны) тазарту актімен ресімделеді, онда тазарту мақсаты, резервуардан тазартылған қалдық мөлшері, сондай-ақ тазарту кезінде жұмсалған жанармай мен материал көлемі көрсетіледі. Актіні бөлім командирінің (бастығының) тыл (МТК) жөніндегі орынбасары бекітеді және ол жұмсалған материалды есепке алу кітабынан есептен шығару үшін негіздеме болып табылады.

54. Ыдыс арнайы бөлінген аланда бөшкені жуатын жабдық жиынтығы көмегімен тазартылады.

55. Әскери жанармай қоймасында стационарлық құбыр толық өздігінен ағуын қамтамасыз ететін құрылғы жағына үздіксіз еңіспен топырақ астына терең салынады. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрінің 2021 жылғы 27 шілдедегі № 359 бүйрығымен бекітілген Технологиялық құбырды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықтың (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 23754 болып тіркелген) 128-тармағына сәйкес құбырдың шамалы еңісі тұтқырлығы төменге кемінде 0,0020 градус, ал тұтқырлығы жоғары және қататын сұйықтық үшін 0,020 градус.

56. Жанармай құбыры газ құбырынан, өрт сөндіру су құбырынан, жылу құбырынан, сондай-ақ кабель кернеуі жоғары және төмен ортақ траншеядан бөлек салынады.

Айдау кезінде жылыту талап етілетін мұнай өнімінің құбыры өтпейтін өртенбейтін арнада бу құбырымен және конденсатты құбырмен бірге салынады.

Құбырды топырақсты терең салудың барынша аз тереңдігі құбыр үстіне дейін кемінде 0,8 метр және арнаға салу кезінде қорап үстінен 0,6 метр болады.

57. Автомобиль жолы мен теміржол қылышқан жерде жанармайдың топырақсты құбыржол жол астына қысқа қашықтық бойынша қорғалған металл, бетон немесе асбоцемент құбырында салынады, оның үшін автожол жиегінен немесе рельс басынан кемінде 2 метр болады.

58. Станционарлық салынған әрбір құбыржолды болатын жанармай мөлшерін айқындау үшін калибрлеу кестесі жасалады.

59. Құбыржолдың барлық фланецті қосылысы тығызыдағынан тығыз тартылады.

60. Ысырма орнату алдында тығыздығы тексеріледі.

61. Ысырманы, оның ішінде қойманы көктем-жаздағы және күз-қыстағы жұмысқа дайындау кезінде профилактикалық қарап-тексеру жылына екі реттен сиретпей жүргізіледі.

62. Қоймалық құбыржолды пайдалану процесінде:

1) құбыржолда жобада белгіленгеннен жоғары қысымға жол бермеу;

2) құбыржолдың тұтастығын сыртынан қарап және айдау сорғысының қысым түтігіндегі манометр көрсеткіші бойынша тексеру, қысымның төмендеуі құбыржолдың зақымдануының белгісі болып табылады;

3) құбыржолдағы жапқышты қандай да бір қосымша тұтқаны қолданбай, ысырма сермері немесе арнайы кілт көмегімен ашу және жабу;

4) жапқыштың тығыз тығынын уақтылы ауыстыру және кезең-кезеңімен тығыздаманы тарту;

5) құбыржолға судың түспеуін қадағалау қажет, өйткені судың қатуы құбыржолды жылдытуға әкеледі.

63. Айлаққа және пирсқа жақын салынған құбыржолды пайдалану кезінде құбыржолдың сусты бөлігінің жай-күйіне және оның құбыртұтікпен қосылған жеріне ерекше назар аудару қажет. Құбыртұтікте сымды спиральдің үзілуіне, сондай-ақ құбыртұтік ұшына және құбыржолға спиральдің дәнекерленуін закымдауға жол берілмейді.

64. Жанармай құйып алынғаннан кейін алынбайтын құбыртұтік жанармай қалдығынан тазартылады, құбыртұтік ұшы брезент қаппен жабылады. Алынатын құбыртұтік жұмыс аяқталғаннан кейін күннен және атмосфералық жауын-шашыннан қорғалатын жерге қойылады.

65. Құбыржол күнделікті қарап-тексеріледі. Қарап-тексеру кезінде фланецтік және муфталық қосылыштар жай-күйіне, сондай-ақ құбыржолда орнатылған жабдыққа ерекше назар аударылады.

66. Құбыржолдан жанармайдың ағуы және ылғалдану жылдам:

1) авариялық муфта және қамыт қою;

2) дәнекерлеу (бұл жағдайда құбыржол жанармайдан босатылады және жөндеуге дайындалады);

3) құбыржолды алдын ала жанармайдан босатып, фланецті қосылыстағы бұранданы тарту немесе астарды ауыстыру;

4) құбыржолды эпоксидті шайыр негізіндегі пластмасс көмегімен жөндеу арқылы жойылады.

67. Құбыржолды техникалық қарап-тексеру уақытында жапқыш пен бұранда жүрісінің жеңіл және қалыпты болуы, тірек пен компенсатор жай-күйі, тіректегі құбыр қалпының дұрыстығы, сондай-ақ сұзгіш-тұндырғыш тазалығы (әсіресе қысқы уақытта) қарап-тексеріледі.

68. Жылына бір рет көміп орнатылған, сусты және екі жылда бір рет жерүсті құбыржол барлық орнатылған жабдықпен бірге беріктігі және саңылаусыздығы сыналады. Сынау нәтижесі актімен ресімделеді және оны әскери бөлім (мекеме) командирі (бастығы) бекітеді.

Сынау уақытында анықталған ақаулық жойылады, одан кейін құбыржол қайтадан сыналады.

69. Стационарлық әскери қоймада жанармай мен техникалық құралдар сақталатын жер мен қалқа үлгілік жоба бойынша жанбайтын материалдан салынады.

70. Сақтау орнында табиғи желдету үшін дефлеторы бар сору шахтасы жабдықталады, сақтау орнындағы ауа фрамуга және терезе арқылы түседі.

Жанармай және ыдыстағы арнайы сұйықтық сақталатын жер, жарылыс қауіпсіздігі бойынша ортадан желдеткіш көмегімен мәжбүрлі желдетумен жабдықталады. Сору жүйесінің саңылауы сақтандыру торымен қорғалады.

71. Жанармай, май және арнайы сұйықтық сақталатын жерде электр жарықтандырығышы жарылыс қауіпсіздігі бойынша орнатылады. Қоймада сақтау орнында электр жарығы болмаса жұмыс кезінде жарылысқа қауіпсіз аккумулятор шамымен жарық беріледі.

72. Сақтау орны механикаландырылған тиеп-түсіру жұмысының құралдарымен, сөремен және табандықпен жабдықталады. Сөре мен табандық сақтау орны сыйымдылығын жақсы пайдалану, механикаландырылған тиеп-түсіру жұмысы құралдарын қолдану, еденге табиғи жарық түсіру, жұмыс істеудің және техникалық құралдар мен ыдыстағы жанармайды қарап-тексерудің ыңғайлышы болуы ескеріліп орнатылады.

73. Әрбір сақтау орнында:

1) әскери бөлім (мекеме) командирі (bastығы) бекіткен сөренің немесе жанармай бар ыдыстың орналасу схемасы түсірілген сақтау орнының жоспары;

2) әскери бөлім (мекеме) командирі (bastығы) бекіткен сақтау орнының түрі, ұзындығы, ені, жабынға дейінгі биіктігі, алаңы мен сыйымдылығы (шартты вагонда) көрсетілген паспорт;

3) әскери бөлім (мекеме) командирі (bastығы) бекіткен жеке құрамға сақтау орнына кіру тәртібі, ыдыс пен техникалық құралдарда жанармай сақтау қағидалары, сақтау режимі туралы, техникалық қауіпсіздік пен өрт шыққан кезде әрекет ету тәртібі көрсетілген өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулық;

4) сақтау орнын қарап-тексеру журналы;

5) жазуға қажетті керек-жарақ бар жұмыс үстелі;

6) жұмыс құрал-сайманына арналған шкаф;

7) сақтау орнын тазалықта ұстауға арналған керек-жарақ (сыпырғыш, щетка, қалақ);

8) сұрту материалына арналған металл жәшік;

9) өрт сөндіру керек-жарағы болуы қажет.

Одан басқа, сақталатын техникалық құрал түріне байланысты кейбір сақтау орнында:

1) жоғарғы қатар тізбегі мен сөренің жоғарғы текшесіне қалау қолайлылығы үшін жылжымалы баспалдақ;

2) тиев (түсіру) жұмысын жеңілдететін механикаландыру қуралы мен айла-бұйым;

3) калибрлеу мен өлшеу құралдары (таразы, рулетка, қуыс бұрғы) болуға тиіс.

74. Сақтау орнын дұрыс қолдану үшін:

1) судың түсіне жол бермеу;

- 2) сақтау орнын уақтылы жинау, желдету немесе ауасын тазарту;
- 3) ай сайын жай-күйін тексеру және барлық анықталған ақаулықты жою;
- 4) жыл сайын сақтау орнын техникалық қарап-тексеру және ағымдағы жөндеу жұмысын орындау қажет.

75. Жылымық басталысымен шатыр мен көпіршік қардан, ал су бұру арығы, құбыр мен науа мұздан тазартылады. Найзағайдан, бораннан немесе қатты бұрқасыннан кейін сақтау орнын қарап-тексеру және анықталған зақымдануды жою қажет.

76. Сақтау орны сыртқы ауа температурасы мен ауа райы ескерліп, желдетіледі және ауасы тазартылады. Жазда ауаны тазарту үшін барлық терезе, есік пен сору құбыры ашылады. Қыста үңгірдегі сыртқы саңылау қалқамен жабылады немесе кірпішпен қаланып, балшықпен сыланады. Қыста сақтау орны едені мен қабырғасын сұық алмайтындей қысқа уақытқа желдетіледі. Көктемде және күзде сақтау орнында ылғалдың пайда болуын болдырмау үшін тек ашық ауа райында желдетіледі.

77. Сақтау орны лауазымды адамдарға бекітіліп беріледі және олар күнделікті қарап-тексереді. Қарап-тексеру кезінде ыдыстың жай-күйі тексеріледі. Ағу анықталған кезде оны жоюға шұғыл шаралар қабылданады, ақаусыз ыдысқа құйып алынады, бөшкедегі тығын төсемесі ауыстырылады.

78. Қалқа атмосфералық ықпалдан ерекше қорғау талап етілмейтін бос ыдыс пен техникалық құралдарды сақтау үшін арналған. Қалқа салу кезінде оның ашық бөлігі жел көп соғатын бағытқа қарама-қарсы жаққа алдымен қаратып салынады.

79. Стационарлық әскери қоймаға жанармай жабдықталым органы (мұнай базасы) қоймасынан бөлім (құрама) көлігімен жеткізіледі.

80. Әскери бөлім жанармайды көп жұмсағанда және қоймасы теміржолға жақын жерде орналасқанда жабдықталым органы қоймаға жанармайды теміржол көлігімен (цистернамен немесе ыдыстағы вагонмен) жеткізууді жоспарлайды.

81. Қоймада теміржолдың кірмежолы болғанда жанармай теміржол цистернасынан тікелей қоймада құйылады (вагоннан түсіріледі), ал тұйықтама болмағанда жақын жердегі теміржол станциясына түсіріледі, ол жерден құбыр бойынша айдалады немесе әскери бөлімнің көлігімен жеткізіледі.

82. ЖЖМ қызметінің бастығы жанармай тиелген көліктің келетіні туралы қойманы алдын ала хабардар етеді. Хабарлама алған кейін қоймада көлікті қабылдау бойынша дайындық жүргізіледі:

- 1) жанармайды қабылдау үшін арналған резервуар, автоцистерна мен автоотынқұю мұқият қарап-тексеріледі және тұнба анықталса (су, лай, тот басу) тазартылады;
- 2) жанармай жеткізілетін барлық құралдың бөлімге қайтарылуына шаралар қабылданады, ал мүмкін болғанда бөлімшеден қосымша көлік шақыртылады;
- 3) бос ыдыс болмағанда резенке-мата резервуар қойылатын алаң жабдықталады немесе бөшкеге қойылады;

4) жанармайды қабылдауға бөлінген резервуардағы жанармай деңгейін бақылап өлшенеді;

5) жанармай құйып алынатын құбыржолдың жай-күйі тексеріледі, басқа сұрпты жанармай құйылған құбыжол босатылады;

6) айдау құралдары, ағызу-қую жабдығы, қосалқы керек-жарақ, қоршаған ортаны жанармаймен ластаудан қорғау құралдары мен құрылымы, сондай-ақ түнде жұмыс істеу үшін қую учаскесіне жарық түсіргіш тексеріледі және дайындалады;

7) жанармай құятын жер өрт сөндіру құралымен қамтамасыз етіледі;

8) жабдықтың, материал мен құрал-жарақтың болуы және авариялық қордың жай-күйі тексеріледі;

9) жанармайды қабылдау үшін тартылатын жеке құрамға нұсқау беріледі.

83. Автомобиль көлігімен әкелінген жанармайды қабылдау кезінде келетін автоотынқұйғыш, автоцистерна, тіркеме-цистерна мен ыдысы бар жүк автомобиль қабылданап-беру учаскесіне участке ауқымына және оны бір уақытта қую үшін күш пен құралдардың болуына байланысты шағын лекпен беріледі. Қалған машина құйып алуды күтіп, қойма аумағынан тыс күту алаңында тұрады.

84. Қойма аумағына кіреберісте автомобильдің ақаусыздығы, онда өрт сөндіру құралы мен жерге тұйықтау жабдығының болуы тексеріледі.

Көлікпен бірге жүретін адамдарда жанармайға ілеспе құжат пен паспорт болады.

85. Қоймада айдау кезде жанармайдың сулануы мен ластануына қарсы шаралар қабылданады. Ағызу-қую құрылғысы немесе құбыртұтік жанармай құйылған ыдысқа салу алдында ластан тазартылады және мұқият сүртіледі.

Резервуарды, автоцистерна мен автоотынқұйғышты авиациялық жанармаймен толтыру тек мұқият қарап-тексерілгеннен және қалдық жойылғаннан кейін жүргізіледі.

86. Ідыстағы жанармай механикаландыру құралы көмегімен түсіріледі. Түсіру алдында ыдыстың жай-күйі мұқият тексеріледі, жанармай зақымданған бөшкеден ақаусыз бөшкеге құйып алынады.

87. Қоймаға түскен сұрыпталмаған жанармай жеке резервуарға (ыдысқа) құйып алынады.

Егер қоймада сұрыпталмаған жанармайды құйып алу үшін резервуар болмаса, қойма бастығы ол туралы шұғыл бағыныстырық тәртібінде жоғарғы басшылыққа баяндайды және оның берген нұсқауы бойынша әрекет етеді.

88. Қоймада жанармай, май мен жақпамай металл, резенке-мата резервуарда және ыдыста (бөшкеде, канистра, бидонда, барабанда, бакта) сақталады. Жанармай сонымен қатар автоцистернада, тіркеме-цистернада және автоотынқұйғышта сақталады. Жанармай ыдыста сақтау орнында және қалқа астында сақталғанда тиеу-түсіру жұмысын елеулі жеңілдетуге және жүргізу уақытын қысқартуға мүмкіндік беретін автомобиль шанағы еденінің биіктігі бойынша эстакада пайдаланылады.

Сақтау орны мен қалқа болмағанда жанармайды ашық алаңда немесе траншеяда сақтау үйімдастырылады.

89. Әрбір резервуар тобы жанында жанармай сұрпы, мөлшері, қабылданған күні мен соңғы талдау күні көрсетілген тақтайша орнатылады.

Егер резервуар тобында сұрпы әртүрлі жанармай сақталса, онда тақтайша әрбір резервуар жанында орнатылады. Мұннадай тақтайша әрбір бөшке және басқа да ыдыс тобында (қатарда, сөреде) орнатылады.

Әртүрлі авиациялық жанармай сұрпын немесе авиациялық және автомобиль жанармайын бір резервуар тобында сақтауға болмайды.

90. Жанармайдың буланудан шығынын азайту мақсатында резервуар және ыдыс сыйымдылығы толық толтырылады, бірақ температура көтерілгенде мөлшерінің үлғауын ескеріп:

- 1) тік резервуар сыйымдылығы 95 %-ға аспай толтырылады;
- 2) көлденең резервуар 15-20 см резервуар шынтемірін құрайтын үстіне дейін, 5-7 см бөшке толық толтырылмайды.

91. Резервуарда сақталатын жанармайды бақылап өлшеу:

1) сыйымдылығы 50 м³ астам тік резервуарда, сондай-ақ жартылай көміп орнатылған және көміп орнатылған көлденең резервуарда деңгей көрсеткіші болғанда күнделікті, болмағанда аптасына екі реттен сиретпей;

2) сыйымдылығы 50 м³ және одан аз резервуарда айына екі реттен сиретпей;

3) жанармайды қабылдау, беру немесе қойма ішінде айдау бойынша әрбір операция алдында және аяқталғаннан кейін (осы операция жүргізілген резервуарда);

4) резервуардың немесе құбыржолдың ақаусыздығына күмән туындағанда күніне екі реттен сиретпей жүргізіледі.

92. Стационарлық тік резервуарды толтыру немесе босату кезінде жанармай деңгейін өлшеу әрбір екі сағат сайыннан сирек емес жүргізіледі. Резервуардың соңғы метр биіктігін толтыру кезінде деңгейді өлшеу аралығы жанармайдың асып төгілуін болдырмайтындай болуға тиіс.

Көлденең және резенке-мата резервуарды толтыруды бақылау үздіксіз жүзеге асырылады.

93. Жаңадан салынған немесе жөндеуден өткен резервуарды алғаш толтырғанда алғашқы екі ай ішінде жанармай деңгейін өлшеу жұмыс күнінің басында және сонында жүргізіледі.

94. Жанармай тек ақаусыз резервуарда, автоцистернада, автоотынқұйғышта және ыдыста сақталады. Жанармай толтырылған ыдыс тығыны бар қақпақпен тығыз жабылады және пломба (мөр) қойылады.

Жанармайды қақпағы ашық және тығыны жоқ ыдыста сақтауға жол берілмейді.

95. Эрбір бөшкеге бояумен жанармай сұрпы көрсетілген трафарет салынады. Жанармай құйылған ыдыс сұрпы бойынша қатарға немесе сөреге қойылып тығындағышы жоғары, трафареті бір жаққа қаратылып тізіледі.

Бөшкені сөреге тізгенде әрбір сөреде сақталатын сұйықтық тегіне қарамастан, бір бөшке қатары болуға тиіс. Сөреге бөшкеге трафареті сыртына қаратылып, ені бойынша екі қатардан көп болмайтындей тізіледі.

96. Бөшкені жеткізу үшін арналған ұлгілік қойма өтпесінің ені кемінде 1,8 м, ал қатар немесе сөре арасы кемінде 1 м болады. Бөшкенің үстіңгі жағынан төбеге дейінгі аралық кемінде 1 м болады.

97. Ыдыстағы жанармайды сақтау үшін ашық алаң биіктігі кемінде 0,5 м топырақпен үйіледі. Бір қоршау шегіндегі алаңға алты қатардан аспайтын қатар қойылуға тиіс. Эрбір қатар ұзындығы 20 м және ені 10 м аспайды. Бір алаңдағы қатар аралығы кемінде 5 м, ал көрші аландағы қатар аралығы кемінде 15 м болады.

98. Ыдыстағы жанармайды қарап-тексеру жазда аптасына бір реттен және қыста айына екі реттен сиретпей жүргізіледі. Байқалған ақаулық пен жанармайдың агуы шұғыл жойылады.

99. Ыдыстағы жанармайды бақылап өлшеу қалдықты алу кезінде жүргізіледі. Өлшеу нәтижесі есептік деректермен салыстырылып тексеріледі.

100. Жанармай қоймадан автоцистернаға, автоотынқұйғышқа және ыдысқа беріледі. Ұшаққа және корабльге отын құятын жерге жанармай құбыржол арқылы (егер көзделсе), басқа жағдайда техникалық отын қую құралымен беріледі.

101. Бірінші кезекте бұрын түскен немесе сақтау мерзімі кондиция шегінде тұрған жанармай беріледі.

102. Қоймага жанармай алуға келген автоцистерна мен автоотынқұйғыш ақаусыз, таза ұсталады және цистернада және құбыртұтікте жанармай қалдығы болмайды.

103. Жанармайдың асып төгілуін болдырмау үшін жүргізуші автоцистернаның және автоотынқұйғыштың толуын қадағалайды.

104. Жанармай беру кезінде оған судың, қардың және шаңның тусуін болдырмау үшін автоцистерна, автоотынқұйғыш, автокөлікті орнатылған резервуар лугінің тығыз жабылуын, ал бөшке тығынының тығыз бұралуын қатаң қадағалау қажет.

105. Аландағы бөшкені әрбір екі қатар сайын кемінде 1 м өткел болатындей ені бойынша екі қатардан аспай орналастыру қажет.

106. Резервуарда сақталатын жанармай мөлшерін айқындау үшін әр резервуарға калибрлеу кестесі жасалады. Жанармай мөлшері:

1) қабылдау (түсіру) кезінде теміржол цистернасында және қую кемесінде кейіннен калибрлеу кестесі бойынша есептеу және есептегіш көмегімен жанармай деңгейін өлшеу арқылы;

2) қабылдау (беру) кезінде автоцистернада, автоотынқұйғышта есептегіш көмегімен немесе цистерна мойнын баламалау белгісі бойынша;

- 3) жанармайды ыдыста қабылдау, сақтау мен беру кезінде таразыда өлшеумен;
- 4) резервуарда сақтау кезінде кейіннен калибрлеу кестесі бойынша есептеп, жанармай деңгейін өлшеумен;
- 5) автомобильге, танкіге, ұшаққа, корабльге және басқа да техникаға отын құю кезінде колонкада, құбыржолда және отын құйғышта орнатылған есептегіш көмегімен берілетін жанармай мөлшерін өлшеумен айқындалады.

107. Жанармайды есепке алу:

- 1) әскери бөлімнің бөлімшесінде литрмен;
- 2) қоймада, әскери бөлім қызметінде, әскери басқару органында килограммен жүргізіледі.

Берілген жанармайды литрден килограммен қайта есептеуді әскери бөлім (мекеме) қоймасының (қызметінің) бастығы жүргізеді.

Жанармай мөлшерін килограммен анықтау МЕМСТ 8.587-2019 "Мұнай мен мұнай өнімінің массасы. Өлшеу әдістемесі (әдістері)" мемлекетаралық стандартына сәйкес және мынадай реттілікпен жүргізіледі:

резервуарда, теміржол цистернасында калибрлеу кестесі бойынша құю деңгейінің биіктігіне сәйкес жалпы мөлшерді табады, алынған мөлшерді нақты температурадағы тығыздыққа көбейтеді және жанармай массасының мәнін килограммен алады;

ҚӘТ-ға құю үшін берілгенде берілген (құйылған) жанармай (мұнай өнімі) мөлшерін (көлемін) нақты температурағы тығыздыққа көбейтеді және жанармай массасының мәнін килограммен алады.

108. Резервуарда, цистернада, отын құю кемесінде тұрған жанармай тығыздығы мен температуrasын анықтау үшін МЕМСТ 2517-2012 "Мұнай мен мұнай өнімі. Сынама алу әдістері" мемлекетаралық стандартының талаптарына сәйкес орташа сынама алынады.

109. Резервуардағы, теміржол цистернасындағы, отын құю кемесіндегі жанармай биіктігінің деңгейі рулеткамен немесе метрштокпен кемінде екі рет 1 мм дейін дәлдікпен (осытік сызық бойынша қылтаның қарама-қарсы нүктесінде) өлшенеді.

Есепте 1 мм астам айырмашылық анықталғанда өлшеу анағұрлым жақын нәтиже алғанға дейін қайталанады. Анағұрлым жақын есептен орташа есебі алынады. Барлық жағдайда отын құюдың биіктігі деңгейін өлшеу жанармай шайқалмай тыныш тұрғанда, сондай-ақ оның бетінде көбік болмағанда жасалады.

Өлшеу кезінде анықталған жанармай жетіспеушілігі мен артықшылығы қателік нормасы шегінде МЕМСТ 8.587-2019 "Мұнай мен мұнай өнімінің массасы. Өлшеу әдістемесі (әдістері)" мемлекетаралық стандартына сәйкес есепке алу кітабына кіргізілмейді.

110. Қабылдау, сақтау мен беру кезіндегі жанармай мөлшерін анықтау үшін тек ақаусыз өлшеу аспабы қолданылады.

111. Қолданылған мұнай өнімі әскери бөлімнің (мекеменің) жанар және жағармай материалы қоймасында жиналады, жоғарғы жабдықталым органының нұсқауы бойынша өнірлік қолбасшылықтың (әскер тегінің) жанармай қоймасына немесе басқа да қоймаға беріледі және үш топ бойынша бөлек сақталады:

1) қолданылған мотор майы (бұдан әрі – ҚММ) – автомобильдік, дизельдік, авиациялық, оның ішінде трансмиссияда қолданылатын мотор майы және регенерациялауға, мұнай қоспасымен өнделуге және басқа да ұтымды қолданылатын индустриялық май қоспасы;

2) қолданылған индустриялық май (бұдан әрі – ҚИМ) – қолданылған эмульсиядан, индустриялық май қоспасынан алынған, турбиналық, компрессорлық, гидравликалық, вакуумдық, аспаптық, трансформаторлық, конденсаторлық, кабельдік май және регенерациялауға, мұнай қоспасымен өндеуге және басқа да ұтымды қолданылатын қоспа;

3) қолданылған мұнай өнімінің қоспасы (бұдан әрі – ҚМӨК) – жуу сұйықтығы ретінде қолданылған бензин, оның ішінде уайт-спирт, керосин, дизель отыны, ҚММ мен ҚИМ тобының талаптарына сәйкес келмейтін мұнай майы, резервуарды, құбыржолды, теміржол цистернасын, мұнай құю кемесін және жабдықты тазарту кезінде алынған, мұнай қоспасымен өнделетін және технологиялық және басқа да мақсат үшін қолданатын трансмиссиялық май, мұнай мен мұнай өнімінің қоспасы.

Қолданылған мұнай өнімін мұнайдан алынбаған өніммен араластыруға жол берілмейді.

112. Қолданылған мұнай өнімін жинау әрбір ҚММ, ҚИМ мен ҚМӨК тобында көрсетілген майдан шағын топ пен марка бойынша бөлек жүргізіледі.

113. Қолданылған майды және басқа да мұнай өнімін жинау барлық жағдайда қозғалтқыш картерінен, редуктордан, ваннадан (ширатудан, құйғышпен құюдан), трансформатордан, турбинадан, машина мен барлық механизм түрі мен тағайындалуының гидравликалық жүйесінен, оның ішінде майдың атқарым мерзімін ұлғайтатын құрылғыдан (сұзгімен, центрифугамен, адсорбермен), сондай-ақ көлік құралын және басқа да жабдықты жөндеу мен қызмет көрсету пунктінде майды ағызып алу кезінде жүргізіледі.

114. Қолданылған мұнай өніміне шаңың, лайдың, сондай-ақ судың тұсуін болдырмау мақсатында жақпамай жүйесіндегі майды ашық жерде, жаңбыр, қар жауғанда және қатты желде төкпеу керек. Қолданылған майды қолайсыз жағдайда құю қажет болған жағдайда судың тұсуіне және лайлануға қарсы шаралар қабылданады.

115. Әрбір әскери бөлімде қолданылған мұнай өнімін жинау үшін жанармай қоймасы жанында жинау пункті жабдықталады.

116. Қолданылған мұнай өнімін жинау пунктінде есептік қажеттілікке байланысты сыйымдылығы 5, 10, 25 м3 бөшке мен резервуар қойылады. ҚММ мен ҚИМ тобы үшін

трансмиссиялық май, пластикалық жақпамай, жуу сүйиқтығы мен мұнайдан алынбаған өнім қалдығы бар ыдысты қолдануға жол берілмейді.

117. Пайдаланылған мұнай өніміне арналған резервуарда тұрып қалған су мен тұнбаны жоюды қамтамасыз ететін қондырғымен жабдықталады. Пайдаланылған мұнай өнімін резервуар мен ыдысқа құю тор арқылы жүргізіледі.

118. Пайдаланылған мұнай өнімін жинауға арналған жабдық пен құрал (сорғыш, құбыртұтік, май құйғыш) ластанудан қорғалуға тиіс. Пайдаланылған мұнай өнімін жинауға арналған жабдық пен құрал сол мұнай өнімінің тобына арналып белгіленген түске боялады.

ПМӨҚ тобының пайдаланылған шаю сүйиқтығы бөлек тығыз жабылатын ыдысқа жиналады.

119. Ақаусыз вагонда, жөнелтуші пункттің пломбасы бұзылмаған контейнерде немесе ашық жылжымалы құраммен келген, массасын жоғалтпаған техникалық құралдар жүк қабылдаушыға массасын тексермей беріледі.

120. Техникалық құралдар сақтандыру шараларын сақтаумен олардың ерекшелігін (женіл тесілу, сынғыштығы, үзіліп кету мүмкіндігі және т.б.) ескеріп, түсіріледі және ұқыпты орналастырылады.

121. Вагонмен немесе жүкпен келген техникалық құралдарды тексеру кезінде оларды қайта санап, техникалық жай-күйі тексеріледі.

122. Техникалық құралдар қоймада сақтау орнының алаңы мен сыйымдылығын анағұрлым толық пайдалануды қамтамасыз етуді, сондай-ақ механикаландыру құралдарын тиімді қолдану мүмкіндігі мен техникалық құралдары қарап-тексеру және қызмет көрсету кезінде олармен ыңғайлы жұмыс істеуді ескеріп орналастырылады.

123. Сақтау орнында техникалық құралды орналастыру кезінде өтпежол қалдырылады:

1) есіктеге қарсы – ені 2 м кем емес;

2) жанынан қабырға бойы мен қатарлар арасында – ені 0,7-0,8 м.

Әрбір сөреде немесе қатарда техникалық құралдың атауы, саны, жасалған күні, консервациялауға қойылған күні мен келесі қайта консервациялауға қою күні көрсетілген сөрелік жапсырма ілінеді.

124. Техникалық құрал қоймадан тек ақаусыз жай-күйде беріледі (тиеледі). Беру (тиеу) алдында олардың жиынтығы мұқият тексеріледі. Теміржол арқылы жөнелту кезінде пломбасы тексеріледі.

Техникалық құрал олардың жолда зақымдануынан сақтайтын орамада беріледі (тиеледі).

125. Қоймада жылына екі рет қойманы көктем-жаз және құз-қыс жағдайында пайдалануға дайындау жөніндегі жоспарлы жұмыс жүргізіледі.

Қойманы көктем-жаз жағдайында жұмысқа дайындау кезінде мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) су басу қаупі бар объектілерді, сондай-ақ топырақпен үйілген резервуардан жаңбыр мен қар суын уақтылы бұру;

2) кюветтер мен субұрғыш арналарды тазарту;

3) су басуы мүмкін участкеден техникалық құралдар мен ыдыстағы жанармайды қауіпсіз жерге жеткізу;

4) бөлімшеден (бөлімнен) төмен температурда қататын салқыннатқыш сұйықтық пен пайдаланылған майдың қысқы сұрпын қабылдау, оларды сақтауға немесе өнірлік жанармай қоймасына жөнелтуге дайындау;

5) жабдықтау жоспарына сәйкес жанармайдың жазғы сұрпын, жағармай материалы мен арнайы сұйықтықты алу және бөлімге (бөлімшелерге) беру;

6) қойманың және басқа да қойма құрылышының жабдығын, техникалық құралдарын жөндеу мен сақтауға қою;

7) резервуар мен құбыржолы жабдығын тексеру және техникалық қызмет көрсету;

8) өрт сөндіру құралының, жабдығы мен өрт сөндіргіштің жай-күйін тексеру және техникалық қызмет көрсету;

9) наизағайдан қорғау құрылғысын және статистикалық электрлендіруді бұру үшін жерге тұйықтауды тексеру;

10) қойма ішіндегі және кірме жолды ретке келтіру;

11) қойма аумағын қоқыстан (кепкен шөптен, жапырақтан) тазарту;

12) тазарту құрылғысы мен құрылышжай жұмысын тексеру;

13) отын құю пунктінде резервуарды босау мүмкіндігіне қарай тазарту;

14) авиациялық базада – жанармай қоймасының шығыс және тұндыру резервуарын олардың босау мүмкіндігіне қарай тазарту.

126. Қойманы күз-қыс жағдайында жұмысқа дайындау кезінде мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) жаңбыр суын уақтылы бұру, қар басудың алдын алу;

2) жолды қардан тазарту үшін қажетті құралдарды дайындау;

3) резервуар мен олардың жабдығының, құбырдың, сақтау орнының жай-күйін тексеру;

4) жылдыту аспаптарын жөндеу;

5) су құбырын, өрт-су тоғанын, гидранттарды, өрт сөндіру крандарын, су құбырының колонкалары мен құдықтарын тексеру және жылдыту;

6) өрт сөндіру құралдары мен жабдығын тексеру және қысқы жағдайға дайындау, өрт сөндіргішті толтыруды және оны жылдытуды тексеру, құмды құрғақ түрінде сақтауға жағдай жасау;

7) қойма аумағын қоқыстан тазарту;

8) құю пунктіндегі резервуарды олардың босауына қарай тазарту.

127. Далалық жанармай қоймасын өрістету ауданын командирдің (бастықтың) тыл (материалдық-техникалық қамтамасыз ету) жөніндегі орынбасары тағайындауды.

128. Далалық жанармай қоймасын өрістету участесін таңдау кезінде:

- 1) жанармай сақтау, құю мен тасымалдау құралдарын таратып орналастыру, барынша бүркемелеу және табиғи бүркемелеу мүмкіндігі;
- 2) кірме жолдың қолайлығы мен сенімділігін;
- 3) жанармайды қабылдау, сақтау мен жаппай жөнелту қолайлығын көздеу қажет.

Далалық әскери жанармай қоймасын орналастыру мен ұйымдастыру әрбір нақты жағдайда бөлімнің (құраманың) жауынгерлік іс-қимылдының шарттарымен және сипатымен, олардың қозғалу қарқынымен анықталады.

129. Басқару қолайлылығы, жаппай зақымдау құралдарынан қорғау, күзету мен қорғанысы үшін далалық әскери жанармай қоймасы бөлімнің басқа қоймасымен бірге орналастырылады және орнын ауыстырады.

130. Қойманы орманда орналастырғанда ол үшін өрт шыққан кезде қойманы қауіпсіз жерге тез көшіру мақсатында орман жиегіне жақын жердегі участке таңдалады.

Далалық әскери жанармай қоймасын ірі теміржол торабы, елді мекендер мен қарсыластың шабуылдауы мүмкін басқа объектілерге жақын аудандарға орналастыруға болмайды.

131. Жауынгерлік жағдайда автоцистернада, автоотынқұйғышта, борттық автомобильде және тіркемеде орнатылған резервуар мен бөшкеде жанармай қоры бар далалық әскери жанармай қоймасы әскердің жауынгерлік реттілігінде жылжуға және бөлімдер мен бөлімшелерді жанармаймен уақтылы қамтамасыз етуге ұдайы әзірлікте болатындей орналастырылады.

132. Далалық жанармай қоймасын өрістету кезінде бір пунктте ұзақ болған уақытта резенке-мата резервуар мен ыдысқа, автоцистернаға, автоотынқұйғышқа және айдау құралдарына арналған бүркемелеу жабдықталады. Арнайы сұйықтық пен бос ыдыс үшін жеке орын бөлінеді.

Жеке құрам үшін жұмыстың негізгі орнына жақын жерде саңылау қазылады және таса жабдықталады.

133. Қоймадан 100 – 200 м қашықтықта, автомобильді тасалау және табиғи бүркемелеу үшін анағұрлым жақсы жағдайды қамтамасыз ететін жергілікті жерде келетін және кететін көлік үшін күту аланы жасалады.

134. Шабуылдау кезінде далалық әскери жанармай қоймасы "дөңгелек үстінде" жұмыс істейді. Оның негізгі қоры бөлімшелерге жанармай мен техникалық құралдарды беру жүргізілетін автомобильде қалады.

Жанармай қоймасы қысқа аялдауда жұмыс істеуге ұдайы әзір болуға тиіс. Жағдайға байланысты жанармай қорының бір бөлігі жерге түсіріледі.

135. Жиі орын ауыстырған жағдайда әрбір өрістету кезінде жердегі барлық жұмысты орындау мүмкін болмағанда далалық әскери жанармай қоймасын

орналастыру үшін, жеке құрамды, жанармай қоры мен техниканы тасалау үшін табиғи және жасанды таса (жыра, арық, шұңқыр, үңгір, тосқауыл және өскер қалдырып кеткен инженерлік қорғаныс құрылыштары) барынша пайдаланылуға тиіс.

136. Автоцистерна, автоотынқұйғыш пен ыдыстағы жанармайы бар жүк автомобилі бүркемелеу талаптарын және мынадай арақашықтықты сақтап орналастырылады:

- 1) машина арасы 10 – 15 м;
- 2) машина бөлімшелері арасы 20 – 30 м;
- 3) взводтар арасы 50 – 100 м.

137. Қойма жанынан далалық зертхана өрістетіледі, келетін және кететін автомобиль көлігін күту үшін алаң жабдықталады. Аланда, мүмкіндігінше, автоцистерна мен автоотынқұйғыш үшін таса жабдықталады.

138. Авиациялық базаның далалық жанармай қоймасы көлденең металл, резенке-мата резервуармен, айдау станциясымен, жанармай мен майға арналған мотосорғы құрылғысымен, бөлшектенетін қойма құбырымен, топтық май құю жиынтығымен, далалық зертханамен және басқа да техникалық құралдармен жабдықталады.

139. Авиациялық базаның далалық жанармай қоймасы әуеайлақтарда таратылып өрістетіледі.

Әуеайлақ қоймасына жанармай беру үшін далалық магистральдық құбыр барынша пайдаланылады.

140. Кәдімгі, ядролық, химиялық және бактериологиялық қарудың зақымдануынан қорғау, сондай-ақ жұмыс істеу үшін қажетті жағдай жасау мақсатында далалық өскери жанармай қоймасы инженерлік тұрғыдан жабдықталады.

Қойманы инженерлік тұрғыдан жабдықтау жөніндегі жұмысты өскери бөлімнің командирі ұйымдастырады. ҚР ҚК Әуе қорғанысы құштерінде әуеайлақ қоймасын инженерлік жабдықтауды әуеайлақтарды жабдықтау мен дайындау жүктелген инженерлік-әуеайлақ және авиациялық база құштері мен құралдары жүргізеді.

141. Жанармай қоймасын жабдықтау жөніндегі инженерлік жұмысқа:

- 1) жеке құрамды, жанармайды, техникалық құралдар мен автомобиль техникасын орналастыру үшін таса және құрылыштарын салу;
- 2) қойма ішіндегі және кірме жолды салу;
- 3) тиеу-тұсіру жұмысын женілдету үшін далалық үлгідегі платформа жабдықтау;
- 4) қойманы қорғау, құзету мен қорғанысы мүддесінде аумақты жабдықтау;
- 5) қойма обьектілерін бүркемелеу жатады.

Жабдықтауламаған жағалауда қойманы орналастыру ауданында арқандап байланған бөшке мен қалқындықтар мен қалқындықтар орнату жүргізіледі.

142. Жанармай қоймасында инженерлік жұмыс екі кезекте жүргізіледі.

Бірінші кезектегі жұмысқа кірме жол мен қойма ішіндегі жолды дайындау және жеке құрам үшін таса жабдықтау жатады.

Екінші кезектегі жұмысқа жеке құрам үшін тасаны жетілдіру, жанармайға, техникалық құралдар мен автомобиль техникасына арналған таса жабдықтау, сондай-ақ қойма объектілерін бүркемелеу іс-шараларын жүргізу жатады.

Әрбір жеке жағдайда бүркемелеу типі мен саны нақты жұмыс күшінің, тетік пен құрылыш материалының, жергілікті жер бедерінің, жер астындағы су деңгейі мен басқа да шарттардың болуына байланысты таңдалады.

143. Далалық әскери жанармай қоймасында:

1) жеке құрамды тасалау үшін – саңылау, блиндаж, жеңіл типті пана;

2) жанармайды, майды, арнайы сұйықтықты, техникалық құралдар мен автомобиль техникасын тасалау үшін – траншея, қазаншұңқыр, жертөле жабдықталады. Жеке құрам үшін таса тұрақты жұмыс орнын және оларда жеке құрамның уақытша болуын, қойма орналасқан ауданда адамдарды таратып орналастыру, аумақтың қорғаныс және бүркеніш ерекшелігін пайдалануды ескеріп орналастыру қажет.

144. Тасаны жабдықтау кезінде жер қатпарын, тосқауылды, жерасты қазбаларын, терең емес жыраларды, құламалы өзендерді, сондай-ақ әскер дайындаған және қалдырып кеткен (артиллерия оқ ату бекінісі, танктер, жертаса, ор, блиндаж) жасанды құрылышжайды барынша пайдалану қажет.

145. Резервуар мен ыдыста жанармайды сақтау үшін қарапайым жертаса қазаншұңқыр, траншея болып табылады. Қазаншұңқыр мен траншея көлемі онда орналасатын резервуар ыдыстың саны мен көлеміне байланысты болады.

146. Қазаншұңқырда резервуар топпен орналастырылады. Егер күштер мен құралдар болса, уақыт пен жағдай мүмкіндік берсе, резервуарды топырақпен көмеді.

Резервуар бір орында ұзақ уақыт сақталмаған жағдайда оларды ашық қазаншұңқырда немесе өртке қарсы топырақ үйіндісімен жабдықталған табиғи тасада орналастырады.

147. Резенке-мата резервуар топырақ үйіндісі бар жазық алаңда немесе ашық қазаншұңқырда орналастырылады.

148. Әуеайлақтағы жанармай қоймасында жылжымалы металл резервуар топ-топпен және терендетіліп орнатылады.

149. Қойма объектілерін бүркемелеуге және оның жұмыс істеуі кезінде бүркемелеу ретін сақтауға ерекше назар аудару қажет.

Қойма объектілерін бүркемелеу үшін:

1) табиғи таса (орман, бұта, жер қатпары, жыра, кениш);

2) бүркемелеудің табельдік құралдары;

3) жергілікті жерді жарықтандыру жағдайы (күнге қатысты машинаны дұрыс орналастыру, жергілікті заттардың көлеңкесін пайдалану) қолданылады.

150. Кіреберіс жолды бүркемелеуге және қойма жұмысына:

1) қойма аумағында және оған жақын жерде күндізгі уақытта автомобиль көлігінің қозғалысын шектеумен;

2) қозғалыс ретін сақтаумен, бөлінген тұрақта көлікті орналастырумен және тасалаумен;

3) қойманың жанармайды қабылдау мен беру жұмысын нақты басқаруды қамтамасыз етумен қол жеткізіледі.

151. Қыста әскердің жауынгерлік іс-қимыл кезінде жеңіл типті табиғи бүркеменің беріктігі мен сенімділігін арттыру және қойма объектілерін бүркемелеу үшін қар, мұз, қатқан топырақ кесегі, бұта, қылқан жапырақты ағаштың бұтақтары және басқа да қолда бар материал қолданылады.

152. Шабуыл жасау немесе марш барысында әскери бөлімдердің (құрамалардың) жанармай қоймасы қамтамасыз ететін бөлімшелер (бөлімдер) үшін материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімшелері легінің құрамында орын ауыстырады. Жанармайды қабылдау мен беру қысқа аялдамада немесе аялдауда ұйымдастырылады.

153. Қорғаныста жанармай қоймасы қарсыластың соққысынан, қатты қираған және зақымданған ауданнан шығару мақсатында, сондай-ақ әскердің шегінуі кезінде орын ауыстырады. Қойма үшін уақыт пен қолайлы жағдай болғанда қосалқы аудандар дайындалады.

154. Қойманың орын ауыстыру тәртібі мен мерзімі әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) бүйрығымен белгіленеді. Бұл ретте қойманың орын ауыстыратын маршруты, лек құрамында қойма орны, маршруттар мен бөлімшелерге жанармай мен техникалық құрал қорын бөлу, жұмыс үшін қойманы өрістету уақыты мен ауданы анықталады.

155. ЖЖМ қызметінің бастығы, қойманың орнын ауыстыруы туралы бүйрықты алғаннан кейін карта бойынша маршрутты, қозғалыс шарттары мен қойманы өрістету ауданын зерделейді, одан кейін қойма бастығына орын ауыстыру туралы өкім береді, онда:

1) қозғалыс маршрутын және тылдық бөлімше легінің құрамындағы орнын;

2) автомобиль санын, қойманың әрбір легінің құрамында жанармай мен техникалық құрал қорын;

3) өрістету ауданы мен белгіленген пунктке келу мерзімін;

4) қойманы жинау мерзімін, қозғалысты бастау уақытын және ретін;

5) жүқтыру участкесін кездестіру мүмкіндігі, олардан өту тәртібі, әуе-химиялық және ядролық шабуыл кезіндегі жеке құрамның іс-қимылын көрсетеді.

156. ЖЖМ қызметінің бастығы маршрутты алдын ала барлайды және белгіленген ауданда қойманы орналастыру үшін участкені таңдайды. Қойманы көшіруді бастар алдында қойма жеке құрамының, жүргізушилердің маршрутқа әзірлігі және автомобильдің техникалық жай-күйі тексеріледі.

Койманың жеке құрамы тасымалдау үшін техникалық құралдарды дайындайды, жанармай бар ыдыстың жай-күйін, оның герметикалығын, машинада мүліктің бекітілуін мұқият тексереді.

157. Лек қозғалысы кезінде алда аса қауіпті емес жүгі бар (техникалық құралдар, май) автомобиль жүреді. Лек басында және тұйықтаушы ретінде анағұрлым тәжірибелі жүргізушилермен жүріп өту мүмкіндігі жоғары автомобиль қойылады.

158. Қойманың автомобиль легін қойма бастығы немесе жанармай қызметінің бастығы, ал бірнеше маршрут бойынша жүру кезінде, әдетте, көлік бөлімшесі командирлерінен тағайындалатын лек жетекшісі жетекшілік етеді.

159. Қойма жаңа ауданға келгеннен кейін ЖЖМ қызметінің бастығы әскери бөлім командирінің (бастығының) тыл жөніндегі (МТК) орынбасарына баяндайды, жергілікті жерді зерттейді, участке таңдайды, табиғи тасаны пайдалануды және қалыптасқан жағдайды ескеріп, қойманы өрістетуді қадағалайды оның жұмысын ұйымдастырады.

160. Далалық әуеайлақтық жанармай қоймасы авиациялық база командирінің нұсқауы бойынша көшіріледі, ол:

- 1) көшіру тәртібін;
- 2) қойманы жинақтау және өрістету мерзімін;
- 3) көлік түрі мен тиеу мерзімін;
- 4) қойманы көшіру уақытында авиациялық бөлімшелерді жанармаймен қамтамасыз ету тәртібін айқындауды.

161. Далалық әуеайлақтық жанармай қоймасының орын ауыстыруын авиациялық база ЖЖМ қызметінің бастығы ұйымдастырады.

Койманың орнын ауыстыруға өкімді алғаннан кейін:

- 1) қызмет көрсетілетін әуеайлақ орналасқан жаңа ауданда жанармай қоймасын орналастыру орнын нақтылау;
- 2) жанармайы бар резервуар мен техникалық құралдарды сактау, тасалау және бүркемелеу, қойманы қорғау мен күзету шарттарын анықтау;
- 3) қоймаға кіру жүзеге асырылатын жолды зерделеу, оларды жақсарту бойынша жұмыс көлемін айқындау;
- 4) авиациялық бөлімшелерді бытыратып орналастыру аймағында отын қую құралдарын орналастыру орнын, ұшаққа отын қую жиынтығын өрістету трассасын және шығыс резервуарды орнату орнын айқындау;
- 5) қойманы өрістету үшін қажетті жұмыс көлемін есептеу, жаңа орында қосымша құштер мен құралдарды пайдалану мүмкіндігін нақтылау жүргізіледі.

162. Алдын ала барлау жасағаннан және жерді таңдағаннан кейін әуеайлақ қоймасының орын ауыстыру жоспары құрылады, онда:

- 1) қойманы жинау бойынша жұмыстың басталуы мен аяқталуы;
- 2) резервуарды жанармайдан босату тәртібі мен мерзімі;
- 3) орын ауыстыру тәртібі;

- 4) әрбір участкеде жұмыс барысын бақылайтын адам;
- 5) жаңа орында қойманы өрістету барысында авиациялық бөлімді жанармаймен қамтамасыз ету тәртібі;
- 6) орын ауыстырғанда авиациялық базаның бөлімшелерін жанармаймен қамтамасыз ету тәртібі көзделеді.
163. Қойманың орнын ауыстыру бойынша жұмыс жоспарымен бір уақытта жұмыс күшіне, механикаландыру құралдарына, көлікке, қойманы жинау, жаңа орынға көшіру мен өрістету үшін қажетті материалға есеп жасалады.
164. Әскери бөлім командирінің бұйрығымен бекітілген орын ауыстыру жоспарына сәйкес қойманы жинау алдында резервуар жанармайдан беріледі, мұлік алдын ала тиеу орнына жиналады, оны тиеуді бақылайтын адамдар тағайындалады, тиеу командалары жұмыс орны бойынша бөлінеді, механикаландыру құралдары мен бекіту материалы дайындалады. Жанармай жаңадан белгіленген жерге түсіріледі немесе орында жоғары жабдықталым органының нұсқауы бойынша беріледі.
165. Р-4 резервуары, МР-4, МР-6 резенке-мата резервуары, сондай-ақ бөшке жанармайға толы болып жеткізіледі. Автоотынқұйғыш, автоцистерна, автомайқұйғыш жанармаймен, маймен толтырылады және жаңа ауданға өз жүрісімен көшеді.
166. Авиациялық базаның жанармай қоймасын жаңа әуеайлаққа көшіру үшін қажет кезде жоғары буыннан автомобиль көлігі көмекке бөлінеді.
167. Жанармай қоры бар қойма екі эшелонмен көшіріледі. Эшелон құрамына құштер мен құралдар жаңа және ескі ауданда авиациялық бөлімшені жанармаймен қамтамасыз етуін ескеріп қосылады.
168. Машинаға жанармай құю әскери бөлімде (мекемеде) отын құю пунктінде жүзеге асырылады. Отын құю пункті стационарлық және далалық болып бөлінеді.
169. Стационарлық отын құю пункті әскердің тұрақты орналасу орнында құрылады. Далалық отын құю пункті оқу-жаттығуда және жауынгерлік жағдайда өрістеледі. Далалық отын құю пункті әскери бөлімнің табельдік техникалық құралдары есебінен құрады.
- Отын құю пунктінің ғимараты орталық жылдыту жүйесімен жабдықталған. Отын құю пунктінің үй-жайына жанғыш конструкция мен материалға дейінгі талап етілген аралықты сақтап, өрт қауіпсіздігі талаптарына жауап беретін, зауытта шығарылған майлы электрлі жылдыту құралдарын орнатуға жол беріледі.
170. Бір ауданда бірнеше әскери бөлім орналасқан кезде гарнizon бастығының өкімімен гарнizonдық отын құю пункті құрылады, оны жанармаймен гарнizonның қалған әскери бөлімі (мекемесі) қамтамасыз етеді.
171. Стационарлық отын құю пункті рейстен қайтатын машинаға қызмет көрсетудің технологиялық ағынын ескеріп, машина паркіне жақын орналастырылады.

Отын құю пунктін орналастыру участкесі тегіс, құрғақ, қатты топырақпен жабылған, жылдың кез келген уақытында және кез келген ауа райында машинаның қозғалысын қамтамасыз ететіндей болуга тиіс.

172. Отын құю пунктінің технологиялық сыйбасы бөлім қажеттілігіне байланысты жанармай мен майдың екі және одан көп сұрып түрін беруді қамтамасыз етеді. Дөңгелекті және шынжыр табанды машинаға отын құюды қамтамасыз ететін отын құю пунктінде екі кіретін жол жабдықталады: біреуі дөңгелекті, басқасы шынжыр табанды машина үшін.

173. Стационарлық отын құю пункті:

- 1) жанармай мен майды сақтау үшін резервуарды;
- 2) май мен майлағышты сақтау үшін ыдысты;
- 3) жанармай беру үшін құю колонкасын;
- 4) майды беру үшін құю колонкасын;
- 5) отын құю мүкәммалын, салмақ өлшектін аспапты (таразы, метршток, мұнайденсиметр) және оларды сақтау үшін жәшік пен шкафты;
- 6) өртке қарсы қауіпсіздік құралдарын;
- 7) қызметтік гимаратты қамтиды.

Қызметтік үй-жайда:

- 1) отын құюшының арнайы киімі үшін шкаф;
- 2) құжат ресімдеу үшін үстел;
- 3) аумақ пен үй-жайды жинау үшін мүкәммал;
- 4) таза және пайдаланылған сұрту материалы үшін жәшік;
- 5) қолжуғыш, сабын, сұлгі, дәрі қобдишасы;
- 6) ұзындығы 3 метрден кем емес, қатты сүйреу штангасы (автоотын құю станциясы аумағынан жаңып жатқан көлік құралын жедел эвакуациялау үшін) орналастырылады.

174. Машинаға отын құю үшін қолданылатын құрал, оларды жабық ағынмен жанармай мен май құюды қамтамасыз етеді.

Отын құю пунктінде орнатылатын резервуардың сыйымдылығы мен колонка саны машина санына, әскери бөлімнің (мекеменің) машинасы тұтынатын жанармай мен май сортына байланысты болады.

175. Отын құю пунктінің құралдары мен мүкәммалы таза және ақаусыз болады. Техникаға отын құю кезінде жанармайға мехникалық қоспа мен судың құйылуына жол берілмейді. Жұмыс аяқталғаннан кейін жабдық пен отын құю мүкәммалы тазартылады. Отын құю пунктінің отын құю колонкасы, резервуары мен қызметтік үй-жайы жұмыс аяқталғаннан кейін жабылады, пломбаланады және қарауыл құзетіне тапсырылады.

176. Ұшақ автоотынқұйғышты және топтық отын құю жиынтығын пайдаланумен толтырылады.

Отынды топтық құйғыш әуеайлақта ұшақты дайындаудың техникалық бекінісіне жақын жерде орнатылады. Ұшақты отынмен толтыру үшін тұрақта отын топтық отын

құйғыштан тасадағы ұшаққа тікелей берілуі мүмкін, ол үшін тасада отын құю агрегаты орнатылады.

177. Ұшаққа топпен отын құю жүйесі шығыс отын қоймасын, сорғы станциясын, технологиялық құбырды, сұзгі-сепараторды, отынды толық тазалау сұзгісін, отын құю агрегаты мен дабылдама жүйесін қамтиды.

178. Топтық отын құйғыш арқылы ұшаққа отын қуюды үйымдастыру кезінде:

- 1) олардың жабдығын өрістету бойынша жұмысты орындау, бұл ретте сұзгінің, құбыртұтіктің, тарату кранының, отын құю агрегаты мен айдау құралдарының жарамдылығына ерекше назар аудару;
- 2) топтық отын құю жүйесіне кіретін шығыс резервуарын жанармаймен толтыру;
- 3) шығыс резервуардың түбінен жанармай сынамасын алу және онда механикалық қоспа мен судың болмауын тексеру, одан кейін резервуарға пломба басу (мөрлеу);
- 4) отынға "И" сұйықтығын қосу кезінде (оны қосу пайызы берілген температураға байланысты) араластыру сапасын тексеру;
- 5) топтық отын қуюға қызмет көрсетуді жүргізу қажет.

Ұшаққа отын құю кезінде құбыржолын, құбыртұтікті біріктіру герметикалығы, тарату кранының, сұзгінің, есептеуіштер мен басқа да жабдықтың жарамдылығына ұдайы қадағалау жүзеге асырылады.

179. Ұшақты қайтадан ұшуға дайындау мерзімін қысқарту мақсатында ұшаққа отын құю кезінде топтық отын құю жүйесін пайдаланумен қатар автоотынқұйғыш қосымша тартылады.

Қайтадан ұшуға дайындалу кезінде жағдайға байланысты ұшаққа техникалық бекіністе, аркалы және жер тасада, эскадрилия бытырап орналасқан аймақта отын құйылады.

180. Ұшаққа отын құю автоотынқұйғышты пайдаланумен жүргізіледі. Автоотынқұйғышқа жанармай авиациялық базаның жанармай қоймасында шығыс резервуардан беріледі, оларда тоттануға қарсы жабын болуға тиіс.

Жанармайды құю кезінде оларға атмосфералық жауын-шашының түсуіне жол бермеу үшін отын құю қылтасы брезент қаппен жабылады.

181. Ұшаққа отын құю үшін қоймадан толтырылған автоотынқұйғыш пен автоцистернаны шығару алдында:

- 1) цистернаның сұзгісі мен тұндырғыштағы тұнбаны төгу (құйғаннан кейін 10 минуттан кейін);
- 2) жанармайда механикалық қоспа мен судың болмауын көзben қарап тексеру мақсатында цистернадан жанармай сынамасын алу (қысқы уақытта және мұз кезінде);
- 3) крандар мен құбырдың қылышқан жерінің герметикалығын тексеру;
- 4) тарату краны торының тазалығын және жарамдылығын тексеру;
- 5) құю қылтасын немесе қабылдау келтектұрының қақпағын пломбылау (мөрлеу);

6) құю қылтасын, тарату құбыртұтігін, төгу кранын, қабылдау келтекұбырын қаптау;

7) жүргізушіге жанармайға шығыс ведомосы мен бақылау талонын оған бұдан бұрын берілген бақылау талонын өткізгеннен кейін беру жүргізіледі.

182. Автоотынқұйғыш әуеайлаққа келгеннен кейін авиациялық бөлімшениң кезекші инженері тұндырғыштан жанармай сынамасын көзбен қарап тексеру үшін алады. Ол жанармайға бақылау талонына ұшаққа (тікұшаққа) отын құюға рұқсат ету туралы белгі қояды.

Тікелей ұшақтың (тікұшақтың) жанында автоотынқұйғыш жерге түйікталады.

183. Ұшақтың (тікұшақтың) технигі (механик) тарату кранының тазалығын және жүргізушіде авиациялық бөлімшениң инженері ұшаққа (тікұшаққа) отын құюға рұқсат берген жанармайды бақылау талонының болуын тексереді. Одан кейін жанармай ұшақ багына жіберіледі. Берілген жанармай саны есептеуіш бойынша өлшенеді.

184. Ұшаққа отын құю барысында автоотынқұйғыш жүргізушісі сұзгідегі қысымның ауытқуын үздіксіз қадағалайды және ол күрт түскен немесе көтерілген жағдайда отын құюды дереу тоқтатады.

Сұзгіш қаптар ластануына қарай жуылады (ауыстырылады), ал сұзгі корпусынан тұнба төгіледі.

185. Ұшаққа (тікұшаққа) отын құю мерзімін қысқарту мақсатында олардың тұрған орнына жанармайды жеткізу үшін автоцистерна пайдаланулы мүмкін. Мұндай жағдайда алдымен жанармай автоцистернадан автоотынқұйғышқа айдалады, кейін автоотынқұйғыштан сұзілген жанармай ұшаққа құйылады.

Осындағанда отын құю тәртібі әуеайлаққа жанармайды қайтадан жеткізу үшін автоцистернаны қоймаға тез жіберуге мүмкіндік береді.

186. Корабльге отын құю стационарлық немесе қалқыма айлақта (пирста) орналастырылған отын құю құрылғысы арқылы, ал жабдықталмаған жағалауда корабльге айлақсыз отын құюға арналған жабдық жиынтығын немесе қалқыма отын құю құралын пайдаланып жүргізіледі.

187. Корабльге отын құю шағын корабльге топтық отын құю жабдығы жиынтығын (бұдан әрі – ШКТО) пайдаланумен жүргізіледі. Бұл жиынтық сұзілген дизель отынымен бір уақытта алты шағын кемеге дейін отын құюды қамтамасыз етеді. Ол стационарлық, сондай-ақ қалқыма айлақта да қолданылуы мүмкін.

Корабльге топтық отын құю кезінде жанармай беру стационарлық немесе жылжымалы айдау құралымен жүргізіледі. ШКТО технологиялық құбырында гидравликалық соққыны жеңілдету мақсатында қайта өткізу клапаны орнатылады.

Айдау құралының мотористі мен отын құюшы арасында телефон байланысы немесе дабылдама орнатылады.

ШКТО жабдығы жиынтығын жұмысқа дайындау кезінде сұзгінің, санауыштың, автоматты тарату кранының ақаусыздығы, барлық тораптың герметикалығы

тексеріледі. Сұзгі корпусынан жанармай тұнбасы төгіледі, санауыштың тілі нөлге қойылады.

188. Корабльге жабдықталмаған жағалау жағдайында немесе пирс пен айлақ қиратылған жағдайда отын құю, сондай-ақ мұнай құйылатын қалқыма құралға жанармай беру, олардан қойманың резервуарына қабылдау үшін корабльге айлақсыз отын құю жиынтығы пайдаланылады.

Корабльге айлақсыз жанармай құю корабльге айлақсыз отын құю жиынтығының (бұдан әрі – КАОК) немесе далалық құбыржол арқылы жүзеге асырылады.

189. Стационарлық суасты құбыржолын пайдалану кезінде корабльге немесе қалқыма мұнай қую құралына жанармай қоймадан қоймалық құбыр (жағалау сызығына дейін), теңіз асты бойынша салынған суасты құбыры және одан әрі корабльдің қабылдауыш құрылғысына жалғанатын резенке-мата құбыртұтік арқылы беріледі.

Суасты құбыржолының саны мен диаметрі әрбір нақты жағдайда айлақсыз отын құюдың (жанармай беру, қабылдау) берілген өнімділігіне байланысты анықталады.

190. Айлақсыз отын құюды стационарлық жабдықтау кезінде суасты құбыржолы дәнекерленген және сенімді гидрооқшауланды болуға тиіс. Теңіз дауылы және мұздың жылжуы кезінде зақымданудан қорғау мақсатында құбыржолы толқынның жағаға соғатын аймағы шегінде траншеяда салынады. Суасты құбыржолының соңы бетон немесе тас-үйінді бастиек қамытына бекітіледі.

Акваторияда суасты құбыржолы құбыртұтікпен аяқталады, оның ұзындығы құбыр бастиегі жанында теңіз тереңдігінен асырып орнатылады. Құбыртұтікті бекіту құрылғысы (әдетте алмалы-салмалы бекітпесі бар ернемек) қалқымасы бар троспен жалғанады.

Осы тростың көмегімен қабылдау құбыртұтігі корабльге көтеріледі және корабльдің отын қабылдау құрылғысына жалғанады.

Суасты құбыржолын уақытша салу кезінде траншея мен бастиек орнату, сондай-ақ құбыржолын оқшаулау міндетті емес.

Корабльді арқандап байлау үшін қозғалмайтын зәкірде екі және одан да көп арқанды бөшке орнатылады.

191. Резенке-мата құбыржолын пайдаланумен КАОК жабдығының жиынтығы маневрленген орналасу пунктінде және корабльді жабдықтау пунктінде отын беру үшін арналған.

192. Айлақсыз отын құюдың резенке-мата құбыржолы бөлшектенетін муфталық қосқышта ұзындығы 40 м арнайы құбыртұтіктен жиналады. Құбыртұтік арнайы барабанда жеткізіледі. Құбыртұтікті орау және оларды жиынтық құрамында өрістету үшін арнайы құрылғы болады.

КАОК жабдығының жиынтығын өрістету кезінде алдын ала жағалауда алаң тазартылады. Жағалау байламы жиынтық құрамына кіретін болат құбыр мен арматурадан (ысырма, үштік, бөлгішті іске қосу үшін құрал) жиналады.

Резенке-мата құбыржолдың берік бекітілуін арттыру мақсатында жағада болат құбыр байланып зәкірленеді. Резенке-мата құбыржолы көшпелі немесе сүйремелі катермен, катермен және рейдтік бөшкеге шынжырмен байланған корабльмен, катермен және жүк көлігімен теңізге тартылуы мүмкін.

Құбыржолдың бас бөлігі бекітіліп жабылады және қалтқымен жабдықталады.

193. Құбыржолымен жанармайды қабылдау (беру) барысын бақылау үшін жағалау сзығына манометр орнатылады. Манометр көрсеткішінің күрт өзгеруі, сондай-ақ суасты құбыржолы мен құбыртұтіктер жолы өтетін ауданда судағы майлы дақтың пайда болуы айлақсыз отын қую жабдығының зақымданғанын көрсетеді. Бұл жағдайда жанармайды қабылдау (беру) тоқтатылады, сұнгуірлер шақыртылады және зақымдануды жоюға шара қабылданады.

Жанармайды айдау үшін дайындалған құбыржолы, қажет кезде алдын ала жуылады, ал сол мақсатта пайдаланылған жанармай жеке ыдысқа құйылады.

Тұнде жұмыс орнын жарықтандыру үшін, егер мүмкіндік болса, прожектор қолданылады.

194. Айлақсыз отын қую аяқтаппандан кейін резенке-мата құбыржолы босатылады және қысылған ауамен үрленеді. Бір сзық бойына өрістетілген, құбыржолын босату кезінде оның бас жағы жағалауға қарай шығарылады және компрессормен жалғанады, ал жағалаудағы соңғы жағы тазартылған резервуарға қосылады.

195. Айлақсыз отын қую жабдығының жиынтығын пайдалану кезінде теңіз, өзен суының жанармаймен ластануының алдын алу мақсатында құбыртұтіктің герметикалығы мен сенімді жалғануына, сондай-ақ олардың үзіліп кетуін болдырмауға ерекше назар аударылады.

Корабльдің отынды қабылдау құрылғысына құбыртұтікті таңдап алуға және жалғауға тек корабль бөшкеге берік шынжырланып байланғандан кейін ғана рұқсат беріледі.

Құбыртұтіктің ұзындығы желден немесе ағыстан корабльдің қозғалуы мүмкін екенін ескеріп қабылданады.

196. Қабылдауды (беруді) бастау және аяқтау туралы хабардар ету үшін радио байланысы, дыбыстық, жарық беру дабылдамасы, ал суасты кабелі болғанда телефон байланысы орнатылады.

197. Қойманы жаппай қырып-жоятын қарудан қорғауға:

- 1) жеке құрамды қарсыластың жаппай қырып-жоятын қаруды қолдану қаупі туралы уақтылы хабардар етумен;
- 2) қойманы бытыратып орналастырумен;
- 3) жанармайды қабылдау мен беру уақытын қысқартумен;
- 4) жергілікті жердің қорғаныш қасиеттің пайдаланып, инженерлік жабдықпен және қойманы бүркемелеумен;

5) жеке құрамды жеке қорғаныс құралдарымен құмтамасыз етумен және оларды ақаусыз күйде ұстаумен;

6) қарсылас шабуылының салдарын жою іс-шараларын уақтылы жүргізумен қол жеткізіледі.

198. Орын ауыстыру кезінде қойманың қозғалысы жолында кездескен зақымданған участкеге жақындаған кезде жеке құрам жеке қорғаныс құралдарын киеді, ал жүргізушілер, одан басқа, кабинаның терезелерін, радиатордың жалюзиін жабады, автомобиль мен тіркемедегі жүкті жасыру сенімділігін тексереді.

199. Зақымдау участкесінен өткеннен кейін арнайы дайындалған аланда зақымдану деңгейі мен жағдайға байланысты жеке құрамды ішінара немесе толық залалсыздандыру, техниканы, қару мен киім-кешекті дезактивациялау жүргізіледі.

Жанармайы бар ыдысты және техникалық құралдарды ішінара өндөуді қойманың күштері мен құралдары, сондай-ақ автомобиль жүргізушілері орындаиды.

200. Техникалық құралдар автомобиль техникасын арнайы өндейтін борттық жинақпен қатерсіздендіріледі.

Техникалық құралдарды ішінара дезактивациялау кезінде радиоактивті заттар пайдалану үдерісінде өзара жанасатын бөліктен ғана алынады, ал толық қатерсіздендіру кезінде барлық жағынан алынады.

201. Стационарлық әскери жанармай қоймасын күзету бөлімнің күшімен және құралдарымен тәулік бойы жүзеге асырылады.

202. Жауынгерлік іс-қимыл жағдайында далалық әскери жанармай қоймасын күзету мен қорғауды бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) тыл (МТК) жөніндегі орынбасары оның қарамағында бар күштермен және құралдармен ұйымдастырады және:

1) қойма орналасқан ауданда, сондай-ақ орын ауыстыру кезінде оны тікелей күзетуді;

2) қойманы жерүсті және әуе қарсыласынан қорғауды;

3) өртке қарсы қорғанысты қамтиды.

203. Жауынгерлік жағдай шартында қойманың қорғанысы басқа жақын жерде орналасқан тыл бөлімшелерімен бірлесіп ұйымдастырылады.

204. Ишкі тәртіп, өрт сөндіру қауіпсіздігі қағидаларын, сондай-ақ сигнал бойынша әрекет етуі қойма аумағында жүрген барлық адамдар сақтайды.

205. Қойманың жеке құрамын қарсыластың зақымдау құралынан қорғану тәсілін және қоймаға осы құралдармен қарсыластың ықпал етуі салдарын жоюға алдын ала үйрету қажет.

206. Қойманы жеке лекпен орын ауыстырган кезде айналмалы бақылау және жеке құрамды әуе шабуылы қаупі туралы хабардар ету ұйымдастырылады. Қойманы жаңа орында өрістету кезінде қарсыластың тастан кеткен миналық бөгеттерін жою шаралары қолданылады.

5-тaraу. ЖЖМ сапасын бақылау

207. Жанармайдың сапасын бақылау қару-жарақ пен әскери техниканың (бұдан әрі – ҚӘТ) сенімді, ұзақ және апатсыз жұмысын қамтамасыз ететін шарттардың бірі болып саналады. Сапасын бақылау келіп түсken жанармайдың сапасын сақтау, ҚӘТ-ның материалдық бөлігіндегі сұрыпталмаған жанармайды және оны тиісінше қолданбауды болдырмау мақсатында жүргізіледі.

208. ҚР ҚК-де зертхана жанармай сапасын бақылауды ұйымдастыруға және жұмысына жалпы басшылық жасауды ҚР ҚК ТББ жанар және жағармай материалы басқармасы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің Әуе қорғанысы құштерінде авиациялық жанар-жағармай материалы мен арнайы сұйықтық сапасын қамтамасыз етуді ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік авиацияда авиациялық жанар-жағармай материалдарының және арнайы сұйықтық сапасын қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтың (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 15651 болып тіркелген) талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Жанармай зертханасы лауазымды адамдарының функционалдық міндеттері әскери бөлімде (мекемеде) әзірленіп, ұйымның бірінші басшысы бекітеді.

209. ҚР ҚК-де жанармай сапасын қамтамасыз етуге оны жеткізу, қабылдау, сақтау, ҚӘТ-ға құю үшін жіберу және беру кезінде жанармай мен жақпамай материалы қызметінің лауазымды адамдары өз құзыреті шегінде жауап береді. ҚӘТ пайдаланатын қызметтің лауазымды адамдары ҚӘТ бактары мен жүйесінің ақаусыздығына және олардың жанармайды қабылдауға (отын құюға) дайындығына жауап береді. Өз бөлімшесінің ҚӘТ багы мен жүйесіндегі жанармай сапасының сақталуына бөлімше командирі жауапты болады.

210. ҚР ҚК-де жанармай сапасын бақылауды тылдық қамтамасыз ету базасының химмотологиялық орталығы (бұдан әрі – ХТО) жүзеге асырады:

211. Зертханалар мен әскери бөлімдерде (мекемелерде) ҚӘТ багына түсkenге дейінгі барлық кезеңде жанармай сапасының сақталуын бақылау іс-шараларын жоспарлау, бақылау және есепке алу осы Нұсқаулыққа 1-қосымшада көрсетілген құжаттар тізбесіне сәйкес жүргізіледі.

212. Зертханалар өткізетін жанармай талдауы мынадай төрт түрге бөлінеді:

1) қабылдау-тапсыру талдауы жанармай теміржол цистернасынан (вагондан) қабылдау кезінде және тиеу кезінде – цистерналарды (вагонды) жөнелткенге дейін келіп түсken жанармайдың жөнелтушінің құжатында (жүккүжат пен куәлік) көрсетілген маркасы мен сапасына сәйкестігі туралы объективті ақпарат алу, ал тиеу

кезінде цистернаға (ыдысқа) тиеуге жоспарланған өнімнің құйылғаны және сапалық жай-күйді есепке алу журналы бойынша жазылған сапаға сәйкестігін нақтылау мақсатында қолданылады;

2) бақылау талдауы сақтау кезінде (белгіленген мерзімде), жанармайды қоймаішлік және қоймааралық айдаудан кейін, оның ішінде айдау кезінде жанармайдың басқа маркалы жанармаймен араласпағанына көз жеткізу, ал сақтау кезінде оның сапасының өзгеруін анықтау мақсатында қабылдау кезінде жанармайды ағызудан кейін қолданылады;

3) қоймалық талдау осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес белгіленген сақтау мерзіміне сәйкес резервуар мен ыдыста болатын жанармайға қолданылады. Қоймалық талдау өз мэртебесі бойынша ұзақ сақтау кезінде толық талдау рөлін атқарады. Осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес ЖЖМ-ны тікелей арналуы бойынша қолдану мүмкіндігін немесе оны бұдан әрі кезекті сараптамаға дейін сақтау мүмкіндігін растайды;

4) толық сараптау жанармай ұзақ сақтауға қою алдында, сақтау мерзімінің өтуі бойынша, жанармай сапасын қалпына келтіруден кейін, жанармайды қолдануға байланысты ҚӘТ-ның істен шығу себебін тексеру кезінде және басқа да жағдайда тиісті жанармай сапасын тереңдетілген тексеру мақсатында жанармай сапасын толық анықтау қажет болғанда қолданылады.

213. Қабылдау-тапсыру, бақылау, қоймалық және толық талдау кезінде айқындалатын сапа көрсеткішінің тізбесі осы Нұсқаулыққа 4-қосымшамен айқындалған.

Кез келген талдау түрін орындау кезінде жанармай сапасы көрсеткішін талдаудың осы түрі үшін міндетті тізбені қысқартуға жол берілмейді.

214. Жанармай сапасын зертханалық тексеру оны қабылдау, сақтау мен жіберу кезінде осы Нұсқаулықта айқындалған тәртіппен, мерзімде және көлемде жүргізіледі. Сақтау мерзімі ұзартылған жанармай үшін сапасын зертханалық түрде тексеру кезеңділігі екі есеге қысқартылады.

Дәнекерленген немесе басқа да герметикалық орамада (сықпада, топатайда, банкада, бөтелкеде) келіп түскен майды, майлағыштар мен арнайы сұйықтықты тиісті сақтау шарттарын сақтау кезінде ҚӘТ-да қолдану үшін белгіленген сақтау мерзімі ішінде талдау жүргізусіз жеткізуші зауыттың паспорты бойынша сақтауға және беруге жол беріледі. Осы мерзім өткеннен кейін көрсетілген өнім толық талдау көлемінде олардың сапасының сәйкестігі белгіленгеннен кейін қолдануға жол беріледі. Герметикалық ыдысты ашқаннан кейін май, жақпамай мен арнайы сұйықтық тікелей арналуы бойынша бірінші кезекте жұмсалуға тиіс. Жіберу алдында оларда су мен механикалық қоспаның болуы (сапалы) тексеріледі.

215. ҚР ҚК МТК, өнірлік қолбасшылықтар мен әскери бөлімдердің (мекемелердің) базасы мен қоймасына жанармай осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес куәлікпен

бірге келіп түседі. Жеткізуші берген қуәлік (көлік құжаттармен бірге алынған), әрбір партиядан бір данадан жанармай толық жұмсалғанға дейін әскери бөлімнің зертханасында, ЖЖМ қызметінде жеке папкада сақталады (авиациялық жанармайға паспорт авиациялық бөлімнің зертханасында ол жұмсалғаннан кейін бір жыл ішінде сақталады). Куәліктің артқы жағында жанармай әкелінген көлік пен цистернаның (вагонның, кеменің) нөмірі және қандай резервуарға құйылғаны мен қандай қоймаға орналастырылғаны жазылады. Келіп түскен жанармай құйылған (орналастырылған) резервуар (қойма) нөмірі жанармай қабылдау актісінде де көрсетіледі.

Жанармай сапасын сақтау үшін оның түрлі маркасын резервуарда және басқа да сақтау құралында араластыруға жол берілмейді.

216. Ұзақ сақтаудағы жанармай сапасының төмендеуін болдырмау үшін оны кезең-кезеңімен жаңалап отыру қажет. Әскери бөлімдерде, жанармай қоймасында, өңірлік қолбасшылықта (әскер тегінде) уақтылы жаңалауды бақылау үшін жыл сайын осы Нұсқаулыққа 6-қосымшаға сәйкес ұзақ сақтаудағы жанармайды жаңалау жоспары жасалады. Қойма, әскери бөлім, өңірлік қолбасшылық жанармайды өз күшімен жаңалау мүмкін болмаған жанармайды жаңалау жоспарынан үзінді-көшірме жабдықталым органына ұсынылады.

217. Жанармайды жоспарлы сақтау мерзімін айқындау кезінде сақтау мерзімін басшылыққа алу қажет. Жанармайды сақтау мерзімінің өтуі, авиациялық техникаға арналған жанармайдан басқасы, оны жаңалау үшін негіз бола алмайды. Сонымен қатар, егер толық талдау деректері бойынша оның сапа көрсеткіші төмендегені және шекті мәніне жақындағаны белгіленсе, жанармай жаңаланады. Жанармайды қолдану туралы мәселелерді шешу кезінде тек жанармай сапасы оны сақтау мерзімі емес, сапасы назарға алынады. Ұзақ сақтауга алынған жанармайдың ескі маркасы бірінші кезекте әскерге жанармайдың жаңа маркасының келіп түсуі бойынша (сақтау мерзіміне қарамастан) бірегей жаңа маркаға жаңартылады. Егер жанармай белгіленген сақтау мерзімінің соына қарай толық талдау көлемінде оның барлық сапа көрсеткіші қолданыстағы стандарттарға сәйкес келетін болса және ұзақ сақтау кезінде өзгеруге анағұрлым бейім көрсеткіші бойынша сапалы болса, жанармайды сақтау мерзімі бір жылға ұзартылуы мүмкін. Сақтау мерзімін ұзарту әскери бөлім (мекеме) командирі (бастығы) тағайындаған комиссияның актісімен ресімделеді. Актіге толық талдау көлеміндегі жанармай сапасының қуәлігі қоса беріледі. Ұзартылған сақтау мерзімі өткеннен кейін егер сақталатын жанармай толық талдау деректері бойынша сақтау кезінде өзгеруге анағұрлым бейім көрсеткіші бойынша сапалық қоры болса, жанармайды сақтау мерзімі бір жылға ұзартылады.

218. Жанармай қоймасына, өңірлік қолбасшылық МТҚ базасының жанармай қоймасына немесе әскери бөлімге сұрыпталмаған жанармай келіп түскен жағдайда жеткізушиге немесе теміржолға осы Нұсқаулыққа 7-қосымшаға сәйкес талап-арыз қойылады.

219. Сападан тыс шыққан жанармай анықталған кезде орталық зертхана паспорттардың ілеспе хаттарында жанармайды тазарту және одан әрі пайдалану мүмкіндігі туралы ұсыныс береді. Ұсыныс үлгісі: "Зарарсыздандырганнан кейін тікелей арналуы бойынша жұмсауға жатады" немесе "Қысқы" дизель отыны" (103-сынама) қайнау сонында МЕМСТ-2084 талаптарына сәйкес келмейді".

Жанармайдың сұрыптау сәйкестігі сапалық қоры бар автомобиль бензинімен араластыру арқылы түзетуге болады.

220. Жанармайдың сапасы шегінен тыс шығуының әрбір жағдайын әскери бөлімнің (мекеменің) командирі (бастығы) тағайындаған комиссия тексереді, оған міндетті түрде ЖЖМ қызметінің мамандары және қажет болған жағдайда ҚӘТ пайдаланатын қызметтер қатысады, кінәлілер тәртіптік жауапкершілікке, оның ішінде материалдық жауапкершілікке тартылады.

221. Комиссия сапалық жай-күйін өзгерту актісін жасайды. Актіде мынадай деректер бейнеленеді:

- 1) жанармай сынамасын алу орны мен күні;
- 2) жанармай сынамасына талдау жүргізген зертхананың атауы және талдау жүргізілген күні;
- 3) сапа куәлігінің берілген күні мен нөмірі;
- 4) жанармай сұрыпталмаған деп танылған сапа көрсеткіші және жанармайдың сұрыптау шегінен тыс шығу себебі;
- 5) сынама алынған, сұрыпталмаған деп танылған жанармайды сақтау шарттары, мерзімі мен саны;
- 6) сапа куәлігінің қорытындысы;
- 7) жанармайды анағұрлым мақсатқа сәйкес пайдалану туралы ұсыныстар.

Комиссия жұмысының нәтижесінде жанармайдың сұрыптау шегінен тыс шығу себебі мен келтірілген залал сомасы анықталады.

Комиссия жұмысының нәтижесі бойынша әскери бөлім (мекеме) командирі 10 күн мерзімінде шешім қабылдауға және ол туралы жоғары әскери басқару органының ЖЖМ қызметіне баяндауға міндетті.

222. Зертхананың ұсынысы бойынша сұрыпталмаған жанармай сапасын қалпына келтіруге шешімді өңірлік қолбасшылық, әскер түрі (тегі) ЖЖМ қызметінің бастығы қабылдайды.

Сұрыпталмаған жанармай сапасын қалпына келтіруді әскери бөлім (мекеме) командирі (бастығы) тағайындаған комиссия жүргізеді. Қалпына келтірілген жанармайдың сапасы толық талдау көлемінде тексеруге жатады. Комиссия жұмысының нәтижесі және қалпына келтірілген жанармайды толық талдау деректері актімен ресімделеді және әскери бөлім (мекеме) командирі (бастығы) бекітеді.

223. Қалпына келтірілмейтін сұрыпталмаған жанармай "Пайдаланылмайтын мүлікті беру, өткізу, құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өндеу,

сондай-ақ пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мұліктік жалдауға (жалға беру) беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 қарашадағы № 832 қаулысының негізінде өткізуге немесе кәдеге жаратуға жатады.

Қалпына келтірілген сұйықтықты авиациялық және зымыран техникасында қолдануға жол берілмейді.

224. Сұрыпталмаған жанармайды (оның сұрыптау шегінен тыс шығу себебін) есепке алу әрбір әскери бөлімде жүргізіледі. Өнірлік қолбасшылық үшін сападан тыс шыққан жанармайды жалпы есепке алу өнірлік қолбасшылықтың жанармай қызметінде осы Нұсқаулыққа 8-қосымшаға сәйкес өнірлік қолбасшылық жанармай қоймасының акпараты (жеткізілім) негізінде жүргізіледі.

225. Тікелей арналуы бойынша қолдану үшін сұрыпталмаған жанармайды түсіру мен беруге жол берілмейді.

Ағымдағы жабдықталымға және ҚӘТ-да қолдануға, бірінші кезекте, сапасы қолданыстағы стандарттардың талаптарынан ауытқытын жанармайды беруге жол беріледі. Осындай жағдайда жанармай паспортында жазба жасалады: "Жанармай қолданыстағы стандарттар талаптарынан рұқсат етілген шекте ауытқыған (сапа көрсеткіші көрсетіледі), тікелей арналуы бойынша бірінші кезекте қолданылуға тиіс".

226. Жанармай сапасын тексеру үшін сынама алынады. Сынама алу кезінде ыдыс мен сынама алуға арналған аспаптың дұрыс дайындалуына ерекше назар аударылады. Сынама жанармайды қабылдау, сақтау, босату кезінде және жанармайдың сапасын қабылдау-тапсыру, бақылау, қоймалық немесе толық талдау көлемінде белгілеу қажеттілігі туындағанда немесе жанармай сапасын кейбір көрсеткіш бойынша анықтау қажет болғанда алынады.

227. Ұзақ сақтаудағы ҚӘТ бактарындағы жанармай маркасын бақылау үшін әскери бөлімдерді тексеру кезінде бактан инспекторлық сынама алынуы мүмкін. Тексерушінің шешімі бойынша инспекторлық сынама толық талдауға немесе кейбір сапа көрсеткішін айқындаумен талдауға жатады. Инспекторлық сынаманы талдау тексеруші белгілеген мерзімде жүргізіледі.

Егер бактағы отын сапасы өз талаптарына немесе қолдану шарттарына сәйкес келмесе, онда талдау нәтижесі сынама алынған өнірлік қолбасшылық жанармай қызметінің бастығына, әскери бөлімнің (мекеменің) командиріне (бастығына) және құрама командиріне, сондай-ақ өнірлік қолбасшылық әскерлері қолбасшысының тыл (МТК) жөніндегі орынбасарына талдау нәтижесін алғаннан кейін 3 күн мерзімінде жеткізіледі.

228. Жанармай сынамасын алу осы Нұсқаулыққа 9-қосымшаға сәйкес мынадай жағдайда актімен ресімделеді: басқа зертханада талдау үшін сынама алған кезде, спирттің, арнайы сұйықтықтың, сондай-ақ шағын ыдыста сақталатын май мен жақпамайдың сынамасын алған, инспекторлық сынаманы алған кезде.

Сынама алу актісін әскери бөлім (мекеме) командирі (бастыры) тағайындаған жанармай қабылдау (беру) бойынша комиссия 2 данада жасайды. Актінің бір данасы алынған сынамаға талдау жүргізген зертханада сақталады, екінші данасы сынаманы талдауға қабылдау туралы осы зертхананың белгісімен талдауға сынаманы ұсынған әскери бөлімнің жанармай қызметінде немесе орталық қойманың зертханасында сақталады.

Сапасы күмән (келіспеушілік) тудырған кезде сынама алу актісі келген (түсірілген) жанармай сапасының сәйкес келетінін анықтағанға дейін қабылдаушыда (жөнелтушіде) сақталады.

Спирттің және арнайы сұйықтықтың, сондай-ақ шағын ыдыста сақталатын май мен жақпамайдың сынамасын алу актісі сынамаға алынған өнімнің көлемін есептен шығару үшін негіздеме болып табылады.

229. Сынаманы басқа да зертханаларға талдауға жіберу кезінде сынамамен қоса талдау түрі немесе жанармай сапасын тексеру қажет деген көрсеткіші көрсетілген сынама алу актісі ұсынылады. Дұрыс алынбаған немесе ресімделген сынаманы зерхана талдауға қабылдамайды. Талдау жүргізгеннен кейін сынама қалдығы зертханада сақталмайды, ал өндөлген мұнай өніміне құйылады. Сынама қалдығын өндөлген мұнай өніміне қую актімен ресімделеді.

230. Зертханаға келіп түскен сынаманы тіркеу журналында осы Нұсқаулыққа 10-қосымшаға сәйкес есепке алынады, ал нәтижесі осы Нұсқаулыққа 11-қосымшаға сәйкес жанармайдың сапалық жай-күйін есепке алу журналына енгізіледі. Талдау журналы орталық зертханада және өнірлік қолбасшылық (әскер тегі) МТҚ базасының зертханасында, әскери бөлімдердің жанармай қоймасында жүргізіледі. Талдау журналында жанармай сапасы туралы зертханалар қорытындысы беріледі.

231. Әскери бөлімдерден келіп түскен немесе құйғанда алынған жанармайдың әрбір сынамасына зертхана паспорт береді. Куәлікті толтыру үшін талдау журналындағы жазбалар мен қорытындылар негіздеме болып табылады, зертханашылардың жұмыс дәптеріндегі дерек бойынша куәліктер беруге жол берілмейді. Куәлікке (талдауға) нөмір сынаманы тіркеу журналы бойынша сынаманың реттік нөміріне сәйкес беріледі.

Келіп түскен сынаманы талдау нәтижесі бойынша зертхана берген куәлік сынама талдауға ұсынылған талдау түрі бойынша көзделген барлық сапа көрсеткіші бойынша толтырылады.

Зертхананың ағымдағы жабдықталымға арналған жанармайды алушыға беретін паспорты қабылдау-тапсыру, бақылау және қоймалық талдау көлеміндегі барлық сапа көрсеткіші бойынша толтырылады. Паспортқа соңғы талдау нәтижесі енгізіледі.

Ұзақ сақтауға арналған жанармайды алушыға берілетін паспорт толық талдау көлемінде барлық сапа көрсеткіші бойынша толтырылады.

Паспортқа зертхана бастыры (зертханашы) қол қояды, оның қолы мөрмен бекітіледі

Барлық зертханада паспортты жіберген кезде сынаманы тіркеу журналында ілеспе хаттың нөмірі мен күні қорсетілген жазба жасалады.

Паспорт осы Нұсқаулыққа 12-қосымшаға сәйкес паспорт беру журналына қол қойғызып беріледі.

Паспортты қолдану мерзімі – онда қорсетілген талдау жүргізілген күннен бастап кезекті жоспарланған талдау күніне дейін. Жоспардан тыс толық талдау жүргізілген жағдайда паспорттың қолданысы тоқтатылады.

232. ҚӘТ майлау жүйесі мен гидравликалық жүйесінен ағызып алынған (қайтарып алынған) май мен сұйықтықтың сынамасына зертхана жүргізілген талдау негізінде өнім сапасының қолданыстағы стандарттар талаптарына сәйкестігіне қорытындысыз куәлік береді. Куәлікті осындай жағдайда міндетті түрде сынамада судың және механикалық қоспаның болуы немесе болмауы туралы дерек қорсетіледі. Майды (сұйықтықты) одан әрі қолдану туралы және жүйеден ағызып алу туралы шешімді ҚӘТ пайдалануға жауапты бастық қабылдайды. Авиациялық техника үшін шешімді паспорт деректері және осы техника түріне берілген пайдалану құжаттары немесе басшылық құжаттары негізінде жанармай қызметінің бастығы мен ҚӘТ пайдалануға жауапты бастық қабылдайды.

233. Талдау жүргізгенде және қорытынды бергенде зертханалар Кедендей Одақтың қолданыстағы Техникалық регламентін басшылыққа алады.

Жанармай сынамасына талдау өнімге қолданыстағы стандарттарда (стандарттық тәсіл) қорсетілген немесе тиісті нормативтік құқықтық актілер бойынша сынау тәсілімен жүргізіледі.

Толық талдау сынама зертханаға келіп түскеннен кейін 15 тәулік ішінде, ал бақылау және қоймалық сынама келіп түскен күннен бастап 3 тәуліктен аспайтын мерзімде жүргізілуге тиіс. Талдау жүргізгенде барлық жазба мен есеп зертханашының жұмыс журналына жазылады. Жазба мен есепті бөлек парапка жазуға жол берілмейді.

234. Жанармайға талдау жүргізгенде қолданылатын өлшеу құралдары ҚР ҚМ-ның салыстырып тексеру зертханасында тексеріледі. Қарулы Күштер метрологиялық органдарының күшімен тексеру мүмкін болмағанда өлшеу құралдарын шарттық негізде мемлекеттік метрологиялық қызметтер немесе "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін метрологиялық қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 9 қазандағы № 516 бұйрығының 27-тармағына сәйкес аталған қызмет түріне тіркелген занды тұлғалардың метрологиялық қызметінде тексеруге жол беріледі.

Зертханада өлшеу құралдарын уақтылы тексеруді жоспарлау және бақылау үшін осы Нұсқаулыққа 13-қосымшаға сәйкес өлшеу құралдарының техникалық жай-күйін есепке алу, тексеру және жөндеу журналы жүргізіледі.

235. Зертханада талдау жүргізу шартты талдауда жоспарланады.

236. Жанармай сапасын қамтамасыз етуді ұйымдастыру жүйесін басқару үшін ХТО зертханалары мен филиалдарының әсер ету аймағына ХТО-да жанармай сапасын бақылауды ұйымдастыру схемасы жасалады.

237. ҚӘТ-да пайдалану құжаттамасында көзделген және белгіленген тәртіппен қолдануға жіберілген жанармай қолданылады.

238. ҚӘТ-да жанармайдың кейбір партияларының штаттық маркасын қолдануға тыйым салу және оларды қару-жарақ пен әскери техниканың кейбір түрінде қолдануды уақытша тоқтату немесе жүйеде жұмыс істеу мерзімін өзгерту ҚӘТ-ны пайдаланатын басқарма бастығының шешімімен енгізіледі.

239. Бұдан бұрын қолданыстағы стандарттар бойынша өндірілген қолда бар немесе әскерге келіп түсетін жанармай ұзақ сақтаудан кейін оны қолдануды регламенттейтін нұсқау болмаған кезде бірінші кезекте ол тікелей арналуы бойынша толық жұмсалғанға дейін пайдаланылады. Ұзақ сақтаудағы жанармайды ҚӘТ-ға қуюға жол берілмейді. Жанармай сапасын тексеру кезінде зертханалық талдау нәтижесі бойынша жанармай өндірілген Кедендік Одақ комиссиясының 2011 жылғы 18 қазандағы № 826 шешімімен бекітілген "Автомобильдік және авиациялық бензиннің, дизельдік және кемелік отынның, реактивті қозғалтқыш және мазут отынына талаптар туралы" Кедендік Одақ техникалық регламентінің талаптарымен салыстырылады.

240. ҚӘТ-да жанармай мен майдың бірнеше маркасын қолдану көзделген жағдайда (косалқы және резервтегі марканы қоса алғанда) кез келген қатынаста ҚӘТ-ға пайдалану құжаттамасында немесе жанармайды қамтамасыз етуге қабылдау бойынша құжаттарда жазылған жағдайды қоспағанда, оларды отын және май жүйесінде араластыруға жол беріледі.

241. ҚӘТ-да шетелде өндірілген жанармайды қолдану оларды өзара ауыстыру жөніндегі құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

242. Жанармайды сақтау мерзімін айқындау кезінде ел аумағын климаттық аудандарға бөлу қолданыстағы стандарттарға сәйкес жүргізіледі.

243. Жанармай қолдануға байланысты әскери техниканың істен шығуы (ұшу апартары) кезінде істен шығу себептерін тергеп-тексеру жұмысын арнайы комиссиялар жүзеге асырады.

244. Әскерде жанармай сапасын бақылауды стационарлық зерханалар және жанармай сапасын далалық бақылау құралдары жүзеге асырады.

245. Стационарлық зерханаларға ХТО жатады. Далалық құралдар әскери бөлімде (оның ішінде далалық әуеайлақта, комендатурада), МТҚ базасында зерханалық талдау жүргізу мен жанармай сапасын бақылауды жүзеге асыруға арналған.

246. ХТО-ға:

1) ҚР ҚК-де жанармай сапасын қамтамасыз ету жұмысына әдістемелік басшылық жасау және ұйымдастыру;

2) норма көлемінде көрсеткіш бойынша талдау жүргізу;

3) өнірлік қолбасшылықтың әскери бөлімінде, құрамасында жанармай сапасын бақылауды үйымдастыру сызбасын жасау;

4) ҚӘТ-ны пайдаланатын қызметтермен жанармайды қолдануды, сапасын бақылауды және үнемдеуді үйымдастыру мәселесі бойынша өзара іс-қимыл жасау;

5) өнірлік қолбасшылықтың (әскер тегінің) МТҚ зертханасын, орталық жанармай қоймасы мен базасының зертханасын, қойманы және әскери бөлімдерді жабдықпен, реактивпен, нормативтік-техникалық құжаттармен қамтамасыз ету;

6) әскери бөлімдердің ЖЖМ қызметі бастықтарымен, әскери зертхана бастықтарымен жанармайды қолдану және сапасын қамтамасыз етуді үйымдастыру мәселесі бойынша жиын үйымдастыру мен өткізуге қатысу;

7) жылжымалы зертхана бөлімшелерінің бастықтарын аттестаттаудан өткізу;

8) метрологиялық қамтамасыз етуді бақылау;

9) зертхана шешетін тапсырмаларды толық көлемде орындау жүктеледі.

247. ХТО зертханасы:

1) сапа көрсеткішінің тізбесі бойынша жанармай сынамасына зертхана жұмысының жылдық жоспарымен айқындалған көлемде талдауды;

2) жанармай қоймасында және әскери бөлімде жанармай сапасын қамтамасыз етуді қолдану мен үйымдастыру мәселесін тексеруді;

3) осы Нұсқаулыққа 14-қосымшаға сәйкес зертхананың жұмыс жоспарын көлісуді;

4) жауапкершілік аймағында бекітіліп берілген әскери бөлімдердің жанармай сапасын бақылауын үйымдастыру сызбасын жасауды;

5) ұзақ сақтауға қоюға арналған жанармай сапасын тексеруді;

6) сұрыпталмаған жанармай сапасын жақсарту және қолдану бойынша ұсыныс әзірлеуді;

7) зертхана үй-жайы мен жабдығының техникалық жай-күйін, олардың мүмкіндігін, аспаптарпен, аппараттармен және реактивтермен жабдықталуын, зертхана қызметкерлерінің біліктілігін есепке алуды жүргізуді;

8) жанармайды қабылдау, сақтау және беру кезінде оның сапасын қамтамасыз ету бойынша іс-шаралардың орындалуын үйымдастыруды және бақылауды;

9) талдау сапасы көрсеткіші тізбесі бойынша жанармай сынамасын талдауды;

10) жанармайды сақтау шарттарының сақталуын, оны резервуарға, ыдысқа және цистернаға құюды бақылауды;

11) резервуарды, құбыржолы мен цистернаны (құятын кеме танкі) тазалау сапасын тексеруді;

12) сақталатын жанармай қорын жаңарту жоспарын жасауға қатысады және олардың орындалуын бақылауды;

13) әскери бөлімнен (мекемеден) әкелінген жанармайды талдауды;

14) жанармайға куәлік беруді;

15) айқындалмаған көрсеткішті тексеру үшін жанармай сынамасын дайындауды және басқа зертханаға жөнелтуді жүзеге асырады.

248. ЖЖМ қоймасы бар өскери бөлім (мекеме):

1) жанармайды қабылдау, сақтау және беру кезінде оның сапасын қамтамасыз ету іс-шараларының орындалуын ұйымдастыруды және бақылауды;

2) түсетін, сақталатын және ҚӘТ-ға қуюға берілетін жанармай сапасын тексеруді және есепке алууды;

3) жанармай сақтау қағидаларының сақталуын бақылауды;

4) жиналып пайдаланылған мұнай өнімінің сапасын бақылауды;

5) резервуарға, автоцистернаға, ыдысқа, цистернаға, корабль мен кемеге, сондай-ақ ұзақ сақталатын (консервацияланатын) машина багына (корабльдің отын цистернасына) жанармай құю алдында олардың тазалығын тексеруді;

6) жанармаймен толтырылған резервуарды су мен механикалық қоспаның болмауына тексеруді;

7) жанармай сынамасын дайындауды және ХТО зертханасына жөнелтуді;

8) арнайы отын қую жабдығының техникалық жай-күйін, жанармайды жеткізууді және сұзгіден өткізууді бақылауды жүзеге асырады.

249. Өнеркәсіп зауытынан немесе ұзақ сақтаудан кейін түсетін ыдыстың сырты мен іші құрғақ болуға, басқа қоспасы болмауға тиіс.

250. Қайта пайдаланғанда ыдыс босатылады және тексеріледі. Ластанған кезде оны ыстық сумен немесе еріткішпен жуу немесе жанармай, механикалық қоспа қалдығы толық жойылғанға дейін булау және құрғату қажет. Құйғаннан кейін ыдыстың сыртқы жағы таза, нақты таңбаланған болуға тиіс.

251. Резервуар ақаусыз технологиялық жабдықпен жабдықталады, сақталатын жанармайға төзімді және сақтаудың герметикалығын қамтамасыз ететін төсемі бар люкпен жабдықталады.

252. Металл резервуар (ұзақ сақтаудағы жанармай бар резервуарды қоспағанда) кезең-кезеңімен тазартылуға тиіс:

1) қоспасы бар авиациялық жанармай мен май үшін – жылдан кемінде бір рет;

2) автомобиль бензині, дизель отыны және қалған май үшін – 2 жылда кемінде бір рет;

3) жанармай сапасын сақтау және мазутқа арналған резервуар мен жабдықты сенімді пайдалану шарттарында айқындалатын қажеттілікке қарай.

Ұзақ сақтаудағы жанармай бар резервуарды тазарту оларды босатқаннан кейін және жанармайды жаңарту кезінде, ал авиациялық жанармай бар резервуарды – олардың ластануы анықталғанда, егер механикалық қоспа мен су тұнбаны ағызы арқылы жойылмаса, оларды соңғы тазарту мерзіміне қарамастан, дереу жүргізіледі.

Резенке-маталы резервуарды тазарту оларды босатқаннан кейін жүзеге асырылады.

Тазарту аяқталғаннан кейін резервуар техникалық қарап-тексеруге және тазарту сапасын тексеруге жатады, бұл ретте жанармай қалдығының болмауына, дәнекерлеу жігін, резервуар қабырғасын, төбесін, пішіні мен ішкі жабдықты тазалау сапасына, қатты қалдықтың немесе шаңының, шайырдың, талшық пен сұрту материалының, су тамшысының болмауына назар аударылады.

253. Отын құятын ыдыс, теміржол цистернасы мен автомобиль цистернасы ақаусыз ағызу-құю бекіткіш құрылғысымен (жүйемен), технологиялық жабдықпен жабдықталады. Қалпақ пен люк қақпағы жеткізу кезінде герметикалығын қамтамасыз етіп, жеткізілетін жанармайға төзімді төсеммен жабдықталуға тиіс. Теміржол және автомобиль цистернасы төмennен ағызу және құю құралымен жабдықталады.

254. Отын құю және жанармайды жеткізу жылжымалы құралының цистернасы жылына екі реттен сиретпей (маусымдық техникалық қызмет көрсету кезінде), ал ластану анықталғанда – соңғы тазарту мерзіміне қарамастан тазартылады. Бұл ретте цистерна қазандығы ішкі жабынының сақталуына назар аударылады. Тазартуды есепке алу техникалық құрал формулярында жүргізіледі.

255. Құбыржолдың технологиялық жүйесі жанармайды қабылдау, беру операциясын жүргізу және қойма ішінде айдау кезінде жанармайды араластыру мүмкіндігін болдырмауға тиіс. Айдау кезінде аралас құбыржолдың ысырмасы жабылады және пломбаланады, ал ысырмасы ақаулы құбыржол тығынмен бөлінеді.

256. Ағызу-құю құрылғысының құбыртұтігін жанармай бар резервуарға түсірер алдында ластан (қардан) тазартылады және мұқият сұртіледі. Жанармайды ағызу (құю) аяқталғаннан кейін құбыртұтіктен жанармай қалдығы шығарылады, сұртіледі және осы мақсат үшін арналған стеллажға немесе аспаға жиналыш қойылады. Құбыртұтіктің ұшы тығынмен немесе қорғаныш тысымен жабылады.

Механикалық қоспамен және жанармай қалдығымен ластанған құбыртұтікті сақтауға реттеп салуға жол берілмейді. Коммуникация мен тарату құбыртұтігі әрбір жөндеуден немесе ауыстырудан кейін жуылады.

257. Жанармайдың бұліну мүмкіндігін азайту үшін резервуарды, жылжымалы отын құю және жеткізу құралдарын бір маркалы жанармайды сақтау және ауыстыру үшін пайдалану мақсатқа сәйкес болады.

258. Жанармай маркасының кездейсоқ араласып кетуінің немесе жеткізу, сақтау және айдау кезінде бір сұрыптан екінші сұрыпқа ауысып кетуінің алдын алу үшін, сондай-ақ техникаға отын құю және ыдыстағы жанармайды беру кезінде қателікті болдырмау үшін тұтынушы осы Нұсқаулыққа 15-қосымшаға сәйкес резервуарды, ыдысты, жеткізу және жанармай құю құралын таңбалайды.

259. Сұзгі мен сұзгі-сепаратор жанармай қоймасында және топтық отын құю жүйесінде стационарлық та, жылжымалы отын құю құралында да орнатылады.

260. Жанармай қоймасында сұзгі мен сұзгі-сепаратор тегіс көлденең аланда орнатылады. Коммуникацияны монтаждау оның тазалығын тексергенде және

қарап-тексеру алдында толық босатылған кезде одан жанармайды ыңғайлы ағызуды қамтамасыз етуге тиіс.

261. Сұзгіні (сұзгі-сепараторды) жұмысқа дайындау, сұзгіш және су бөлетін элементті қарап-тексеру және ауыстыру олардың ластануын, сұзгі немесе сұзгі-сепаратор корпусына судың және механикалық қоспаның түсуін болдырмайтын жағдайда жүргізіледі. Сұзгі бөлшектерін жинау және технологиялық желіде сұзгіні орнату оларды пайдалану жөніндегі Нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

262. Сұзгі мен сұзгі-сепараторды қарап-тексеру жылына екі реттен сиретпей (жазғы және қысқы пайдалану кезеңіне дайындау кезінде) жүргізіледі. Сұзгіш және су бөлетін элементті ауыстыру үшін пайдалану құжаттамасында келтірілген сұзгідегі және сұзгі-сепаратордағы қысымның шекті жол берілетін ауытқуына қол жеткізу (сұзгінің немесе сұзгі-сепаратордың дейінгі және кейінгі қысымының әртүрлі болуы), сұзгіш немесе су бөлетін элементтің аралығында жарылу мен қажалудың, сондай-ақ сұзгі немесе сұзгі-сепаратор корпусында осы элементтерді орнату кезінде тұтастырының бұзылуын тудыратын басқа да ақаулықтың анықталуы негіз болып табылады.

Айдан шығарылған жанармайдың мөлшері сұзгіш немесе су бөлетін элемент пен тысты ауыстыру үшін негіз болып табылмайды.

263. Май сұзгісі тазарту үшін бөлшектенеді, сұзгіш элементтің әрбір бөлігі (чечевицасы) және сұзгі корпусының барлық қуысы синтетикалық жуатын құраммен жуылады.

Жуылғаннан және мұқият құрғатқаннан кейін әрбір бөлікті қарап-тексеру және тесілген немесе зақымданған жер болғанда оларды ақаусыздармен ауыстыру немесе зақымдануды жою қажет. Орындалған жұмыс осы Нұсқаулыққа 16-қосымшаға сәйкес сұзгі жұмысын есепке алу журналына жазылады.

264. Пайдалануды бастағанда сұзгіде және сұзгі-сепараторда қысымның бастапқы ауытқуы қысымның бастапқы ауытқуынан 0,2-03 кгс/см (0,02 – 0,03 МПа) кем болмауға тиіс. Қысымның аз ауытқуы сұзгіш немесе су бөлетін элементтің герметикалығының бұзылуын немесе сұзгі мен сұзгі-сепаратор корпусындағы олардың тығыз оралмауын көрсетеді. Сұзгідегі немесе сұзгі-сепаратордағы қысымның бастапқы ауытқуы 0,2-03 кгс/см (0,02 – 0,03 МПа) азайғанда, алдыңғы отын құю (айдау) кезінде белгіленген қысым ауытқыған, сондай-ақ қысымның ауытқуы болмаған кезде жанармайды айдау тоқтатылады, сұзгі немесе сұзгі-сепаратор ашылады және сұзгіш немесе су бөлетін элемент бекіткішінің жай-күйі тексеріледі.

265. Сұзгінің немесе сұзгі-сепаратордың жұмысы туралы деректер олардың жұмысын есепке алу журналына жазылады, онда осы Нұсқаулыққа 16-қосымшаға сәйкес қысымның ауытқуы, регламенттеу жұмысы (сұзгіш тысты ауыстыру, жуу, қарап-тексеру және басқа да жұмыс) туралы белгі жасалады. Қысымның ауытқуы

туралы жазба жұмыс құнінің басында және соңында журналға жазылады. Қоймада сүзгінің жұмыс істеуін есепке алу журналын сақтау бөлімінің бастығы (қоймашы), авиациялық базада – жанармай зертханасының бастығы (зертханашы) жүргізеді.

266. Арнайы автомобиль, орталықтандырылған отын қую жүйесі (бұдан әрі – ООК) сүзгісінің сүзгіш элементтерін қарап-тексеруді, жууды және ауыстыруды зертхана бастығының (зертханашының) қадағалауымен автомобиль жүргізуінің, ООК механигі жүргізеді.

Жаңа сүзгіні орнату, сүзгіш элементтерді қарап-тексеру, ауыстыру және жуу, сүзгідегі қысымның ауытқуы туралы арнайы автомобиль формулярында жазба жасалады.

267. Автомобиль, теміржол, құбыржол және су көлігінен жанармайды қабылдау оның сапасын әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) бұйрығымен тағайындалған комиссия тексергеннен кейін ғана жүргізіледі. Комиссия құрамына зертхана бастығы (зертханашы) енгізіледі.

268. Жанармай бар көрсетілген көлік құралын ағызуға (қуюға) берер алдында зертхана бастығы (зертханашы) келетін жанармайды қабылдауға арналған резервуарды тазарту сапасын, қабылдайтын құбыртұтқітің тазалығын және олардың ақаусыздығын, сору станциясының (айдау құралының) және құбыржолдың әзірлігін тексереді, осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес ағызу кезінде жанармай сапасын қамтамасыз етеді, сынаманы алу және талдау үшін құралды дайындайды.

Көлік құралы келісімен зертхана бастығы (зертханашы):

- 1) автомобиль, теміржол цистернасының (вагонының) нөмірін жүккүшатта көрсетілген нөмірмен салыстырып тексереді;
- 2) цистернадағы (вагондағы) пломбаның болуы мен ақаусыздығын және төменгі ағызу құрылғысының тазалығын тексереді;
- 3) цистернаның қақпағындағы (вагондағы) жанармай сапасының паспортын алады;
- 4) жанармай бар ыдыстағы таңбалаудың болуын, таңбалаудың тиеу құжаттарына сәйкес келуін және ыдыстың ақаусыздығын тексереді;
- 5) жөнелтушінің құжаттарына қоса берілген және көлік құралынан алынған сапа паспортының толықтығын және дұрыс толтырылуын тексереді;
- 6) келген жанармай сапасы паспортының деректерін осы жанармайға қолданыстағы стандарттың талаптарымен салыстырып тексереді;
- 7) әрбір цистернаның (танкінің) түбінен, сондай-ақ бір жерден сынама алу үшін таңдалған бөшкеден сынама алу арқылы жанармайды су мен механикалық қоспаның болмауына көз жеткізеді;
- 8) осы тараудың талаптарына сәйкес жанармайдың бір жерінен сынама алады және одан біріктірілген сынама жасайды (қабылдау-тапсыру талдауын жүргізу үшін);
- 9) жанармайдан алынған біріктірілген сынаманы сынаманы тіркеу журналына тіркейді және сапа көрсеткіші бойынша оған қабылдау-тапсыру талдауын жүргізеді;

10) талдау журналына жанармай құйылатын резервуардың, резервуар тобының (резервуар тобы деп сыйымдылығы бірдей, бірдей дәрежеде жабылған, бір-бірінен белгіленген қашықтықта орналастырылған, жалпы сыйымдылығы 600 м3 дейін өнімді сақтау үшін арналған жылжымалы резервуар жиынтығы түсініледі) дербес шотына немесе ыдыстағы жанармай партиясына (партия деп бір уақытта өндөлген (ыдысқа құйылған) сапалық көрсеткіші бойынша біртекті және бір сапа құжатымен (паспортпен, сертификатпен) алып жүрілетін жанармайдың кез келген мөлшері саналады) жеткізушіден алынған сапа паспортының деректерін және қабылдау-тапсыру талдауының нәтижесін жазады;

11) қабылдау-тапсыру талдауының деректерін жеткізушінің сапа паспортының деректерімен салыстырады және жанармайды құюға рұқсат береді.

Құйылатын автомобиль көлігімен түскен жанармай жеткізушінің сапа паспорты бойынша қабылданады. Бұл ретте түскен жанармайдың тығыздығы, түсі, мөлдірлігі, су мен механикалық қоспаның болмауы тексеріледі.

269. Авиациялық жанармайды резервуарға құю сұзгілер арқылы жүргізіледі. Сорғы қондырғысының алдына сақтандырғыш торлы сұзгі, ал сорғы қондырғысынан кейін сұзу толықтығы 15-20 мкм сұзгі орнатылады.

270. Түскен жанармай комиссия жұмысы нәтижесінде мыналар анықталған жағдайда толық талданады:

1) көлік құралының нөмірлері жөнелтушінің құжатында көрсетілген нөмірлермен сәйкес келмеген;

2) көлік құралының пломбасы болмаған немесе олар ақаулы болған немесе көлік құралын жөнелту станциясы пломбаланбаған;

3) май, жақпамай мен арнайы сұйықтық ақаулы немесе зауыттық қаптамасы бұзылған ыдыста түскен;

4) жанармай жеткізушінің сапа паспортынсыз келген немесе түскен жанармайға сапа паспорты қолданыстағы стандарттың барлық көрсеткіші бойынша толтырылмаған, сапа паспортында жанармайдың өндөлген күні болмаған;

5) жеткізушінің сапа паспортының деректері бойынша немесе қабылдау-тапсыру талдауы нәтижесі бойынша жанармай сапасының қолданыстағы стандарттың талаптарына сәйкес келмеуі анықталған.

Жанармай сапасының қолданыстағы стандарттың талаптарына сәйкес келуін растайтын толық көлемдегі талдау деректерімен сапа паспортын алғаннан кейін жол берілетін ауытқуды ескеріп, жанармайды тікелей арналуы бойынша пайдалануға жол беріледі.

Құйғанға дейін жанармай сапасын анықтау мүмкін болмаған жағдайда ол жеке резервуарға құйылады.

271. Жеткізушінің сапа паспортында және сынаманы тіркеу журналында жанармай жеткізілген көлік құралының нөмірлері, сондай-ақ оның қандай резервуарға құйылғаны

немесе қандай сақтау орнына орналастырылғаны белгіленеді. Көрсетілген мәлімет зертхана бастығының (зертханашының) қолтаңбасымен расталады. Жанармай құйылған (орналастырылған) резервуар (сақтау орнының) нөмірі жанармайды қабылдау актісінде де көрсетіледі.

Резервуарға жанармай қую кезінде сол маркадағы жанармай қалдығынан екі сағат түрғаннан кейін біріктірілен сынама алынады және бақылау талдауы жүргізіледі. Егер жанармай резервуар тобына құйылса, онда біріктірілген сынама әрбір резервуардан алынған біріктірілген сынаманың тең бөліктерінен құралады, ал бұрын сақталған жанармайдан алдын ала босатылған және құюға дайындалған резервуарға (резервуар тобына) қую кезінде жанармайға бақылау талдауы жүргізілмейді, ал талдау журналына осы резервуардың (резервуар тобының) дербес шотына қабылдау-тапсыру талдауының нәтижесі, автомобилдік жеткізу құралы үшін – жеткізушінің сапа паспортына жазылады.

Келген қую көлігінен жанармайды ыдысқа қую кезінде ыдыстағы жанармай партиясына келген жанармайдың қабылдау-тапсыру талдауының нәтижесі қолданылады.

272. Аялдау базасында жанармайды бір теміржол цистернасынан екіншісіне айдау кезінде ол құйылған цистернадағы жанармай қабылдау-тапсыру талдауына жатады. Босатылуға тиіс цистернадан алынған жанармай сынамасы Нұсқаулықтың осы тарауының талаптарына сәйкес сақталады.

Құйылып алынған жанармай сапасының паспорты жанармайға қолданыстағы стандарттың барлық көрсеткіші бойынша толтырылады. Сапа паспортында одан басқа жанармайды жеткізуі көрсетіледі.

273. Жанармай дәнекерленген ыдыста сапа паспортынсыз түскен кезде (әскери бөлімдерді таратқаннан кейін сапа паспортын талап ету мүмкін болмағанда) анық таңбаланғанда (маркасы, қолданыстағы стандартты көрсету, шығарылған жылы), егер белгіленген мерзім өтпесе, сапа көрсеткіші осы маркадағы жанармайға қолданыстағы стандарттың талаптарына сәйкес қабылданады. Егер таңбалану сақталмаса немесе сақтау мерзімі белгіленгеннен асып кетсе, онда толық талдау үшін сынама алынады және нәтиже оң болған кезде бірінші кезекте ҚӘТ-ға жанармайды пайдалану шаралары қабылданады.

274. Әрбір маркадағы жанармай оған атмосфералық жауын-шашын мен шаңның түсуін болдырмайтындей жағдайда ол үшін арналған резервуарда немесе ыдыста сақталады.

Авиациялық және автомобиль жанармайын бір топтағы резервуарда сақтауға жол берілмейді. Үйдистағы (бөшке, топатай, барабан, бөтелке, канистр) жанармай стеллажда (тұғырда) тығыны жоғары қаратылып, күн сәулесінің тікелей түсуінен және атмосфералық жауын-шашыннан қорғалған орында сақталады.

275. Жанармайды сақтау кезінде резервуар мен ыдыстың герметикалығына, онда су мен механикалық қоспаның болмауына ерекше назар аударылады. Резервуарды қарап-тексеру кезінде лугі мен мойны қақпағының тығыздағыш төсемі мен бұранда қосылсының болуы және ақаусыздығы, ая жіберетін механикалық клапанның жай-күйі, сақтандырғыш гидравликалық клапандағы жанармай деңгейі тексеріледі. Жанармайдың төменгі қабатында су мен механикалық қоспаның болмауы тұндыру аяқталғаннан кейін сақтау жағдайын тексерген (әр айдың бірінші қуні), қалдығын алған кезде және әрбір айдау алдында ағызғаннан кейін тексеріледі. Тексеру деректері өлшеу ведомосына және жанармайды өлшеу кітабына енгізіледі.

276. Жанармайдың сапалық жай-күйін есепке алу талдау журналында жүргізіледі, онда осы Нұсқаулыққа 11-қосымшаға сәйкес бір партиядагы жанармай бар әрбір резервуарға, бір топтағы резервуарға немесе ыдыстағы жанармай партиясына бір немесе бірнеше беттегі дербес шот ашылады. Талдау журналына жеткізуші берген сапа паспортының барлық дерегі және резервуардан, резервуар тобынан, ыдыстағы жанармай партиясынан және жанармай түскен және тиелетін отын құятын жеткізу құралынан алынған сынаманың барлық талдауының нәтижесі жазылады. Егер резервуар тобында ағымдағы жабдықталымдағы әртүрлі партиядагы жанармай болса, онда талдау журналында және сапа паспортында осы партия сапасының ең аз қоры бар көрсеткіш көрсетіледі, ал журналда резервуарды босату, жанармайды тазарту, бір резервуардан екіншісіне айдау, жанармайды тиеу (беру) туралы белгі жасалады.

277. Ұзақ сақтаудағы жанармай үшін әрбір резервуарға (бір партиядагы жанармай бар резервуар тобына), ыдыстағы жанармай партиясына қойма зертханасында жеке папкада соңғы бақылау және қоймалық талдауды ескеріп, жанармайдың осы сұрпына (маркасына) толық талдаудың барлық көрсеткіші бойынша толтырылған сапа паспорты болуға тиіс.

Журнал аяқталғаннан кейін жаңа журналға жеткізушінің сапа паспортының және соңғы толық, қоймалық және бақылау талдауының деректері көшіріп жазылады.

278. Аттас маркалы жанармайдан алдын ала босатылған резервуарға (резервуар тобына) басқа маркадағы жанармайды құйған жағдайда осы резервуардағы (резервуар тобындағы) жанармайды талдау журналында айдауға дейін алынған сынама талдауының нәтижесі жазылады.

279. Резервуарға (резервуар тобына) сұрыпталған жанармайды құйған жағдайда сол маркадағы сұрыпталған жанармай қалдығына жанармайды талдау журналында айдағаннан кейін алынған сынаманың бақылау талдауының нәтижесі бойынша, ал басқа көрсеткіш бойынша – сапаның ең аз қоры бар мәнді көрсетіп, айдауға дейінгі екі резервуардағы жанармайды талдау деректері негізінде жазба жасалады.

Мысалы: "ТС-1 отыны араласқан, бұл ретте нақты шайырдың құрамы: отынның 100 см³ бір резервуардағы отын үшін – 5 мг, екіншісінде – 3 мг. құрады. Талдау журналында: "Нақты шайырдың құрамы 100 см – 5 мг" екені көрсетіледі.

280. Сақтау кезінде жанармайдың бұлінуінің алдын алу үшін осы Нұсқаулыққа 17-көсімшага сәйкес талдаудың жылдық жоспарында айқындалған көлемде және мерзімде оның сапасын зертханалық тексеру жүргізіледі.

Резервуар мен ыдыстағы жанармай партиясы бойынша талдаудың жылдық жоспарын зертхана бастығы (зертханашы) жанармайды сақтау бөлімінің (бөлімшесінің) бастығымен бірлесіп, сақтау кезінде жанармай сапасын және жанармайдың нақты сапасын зертханалық тексерудің белгіленген кезеңділігі негізінде жасайды. Жоспар орталық зертханамен (өңірлік қолбасшылық зертханасымен) келісіледі және оны жанармай қоймасының бастығы бекітеді. Талдаудың жылдық жоспарына ұзақ сақтаудағы, сондай-ақ бір жылдан астам (авиациялық және автомобиль бензині, реактивті қозғалтқышқа арналған отын, "И" сұйықтығы үшін алты айдан астам) сақталатын ағымдағы жабдықталымдағы жанармай енгізіледі.

281. Герметикалық ыдыстағы жанармайдың сапасын бақылау осы тарауға сәйкес жүзеге асырылады.

Бөшкедегі, контейнердегі, барабандадағы жанармай сақтау процесінде зертханалық тексеруге жатады.

282. Талдау үшін шағын ыдыста сақталатын спирттің, арнайы сұйықтықтың, сондай-ақ майдың, жақпамайдың сынамасын орталық жанармай қоймасының (базаның) зертханасына беру белгіленген тәртіппен ресімделген жүккүжат бойынша жүргізіледі.

283. Егер айқындалатын көрсеткіштің алынған мәні қолданыстағы стандарттың талаптарына сәйкес келсе және алдыңғы талдау нәтижесімен салыстырғанда қатар айқындау үшін сынау әдістерімен жол берілетін алшақтық шегінен шықпаса (талдау әдісінің ұқсастығы шегінен шықпаса), сақтау процесінде талдау кезінде қатар айқындау жүргізілмейді.

284. Резервуарда ұзақ сақтауға қою үшін дайындалған күннен бастап бір жылдан астам уақыт өтпеген, ал сапасы толық талдау көлемінде қолданыстағы стандарттың талаптарына сәйкес келетін жанармай пайдаланылады.

285. Жанармайды тиесінше (беру) кезектілігі оның тусу кезектілігіне сәйкес келуге тиіс. Бірінші кезекте сапа көрсеткіші талдау нәтижесі бойынша жол берілетін мәнге жақын жанармай тиеледі (беріледі). Жөнелтуші тиелетін (берілетін) жанармайдың сапасын бақылауды жүзеге асырады.

Ұзақ сақтаудан кейін берілетін (тиелетін) жанармайға және сапа көрсеткіші сұрыптау шегіндегі жанармайға сапа паспортында "Ұзақ сақтауға жатпайды" деген жазба жасалады.

286. Жанармай оның қолданылу мерзімінің жартысынан артығына жүргізілген толық немесе қоймалық талдау деректері болғанда ғана тиеледі (беріледі).

Одан басқа, резервуардағы және дәнекерленбеген ыдыстағы теміржол және су көлігіне тиелетін жанармай тиесінше дейін 10 тәулік бұрын қабылдау-тапсыру талдауына жатады.

287. Тиелген (берілген) күні жанармайды беру жоспарланған резервуардың түбінен сынама алынады және механикалық қоспа мен судың болмауы көзben шолып тексеріледі.

288. Жанармайды теміржол цистернасына және отын құятын ыдысқа (танкерге, баржаға) құяр алдында, сондай-ақ жанармайды әскери бөлімдерге беру кезінде алушы цистернасының (танкінің), ыдысының ішкі беті қарап-тексеріледі, құбыржол (тікқұбыр) тексеріледі.

Жанармайды құюға рұқсатты зертхана бастығы (зертханашы) береді, ол туралы жүккүжатта мынадай белгі жасалады (мөртаңба қойылады): "Ыңдыс тексерілді, құюға рұқсат етемін. Зертхана бастығы (қолы)". Лас, талаптарға сәйкес келмейтін ыдысқа немесе нашар тазартылған цистернаға (танкерге) жанармайды құюға жол берілмейді.

289. Жанармайдың сапасын сақтау мақсатында теміржол цистернасына (отын құятын ыдысқа), автоотын қую құралына, автоцистернаға жанармайды қую кезінде буланудан шығынды азайту және шаң мен атмосфералық жауын-шашынның тұсуін болдырмау мақсатында шаралар қабылданады.

290. Теміржол цистернасына (кеме танкеріне) құюды аяқтағаннан кейін олардан осы тараудың талаптарына сәйкес қабылдау-тапсыру талдауы көлемінде оның сапасын тексеру үшін жанармай сынамасы алынады.

291. Жанармайды қую биктігін айқындаумен қатар теміржол цистернасында (танкерінде) судың болмауы тексеріледі (суды сезгіш пастаның немесе қағаздың көмегімен).

292. Алынған сынаманы қабылдау-тапсыру талдауы цистернаны (кемені, вагонды) жөнелткенге дейін жүргізіледі. Оның нәтижесі жанармайды беру жүзеге асырылған резервуардың (бір партиядың жанармаймен толтырылған резервуар тобының, ыдыстағы жанармай партиясының) дербес шотына талдау журналына және тиелетін жанармай сапасының паспортына жазылады.

293. Жанармайды теміржол цистернасына (вагонына), отын құятын ыдысқа тиесінде оған сапа паспорты толтырылады.

Сапа паспорты әрбір теміржол жүккүжатына (корабль, танкер, баржа өкіліне беріледі) қоса беріледі, ал одан басқа авиациялық жанармайды тиесінде сапа паспорты бір данадан әрбір теміржол цистернасының (әрбір вагонға) мойны қакпағының астына орналастырылады. Цистерна (вагон) қакпағында табылған ерте тиелген жанармайға сапа паспорты міндettі түрде алынады.

Бірнеше алушының мекенжайына жанармайды танкерге (баржаға) тиесінде тиесінде құжатына қоса берілетін жанармайға сапа паспорты даналарының саны алушылар санына сәйкес келуге тиіс.

294. Жанармайды әскери бөлімге (мекемеге) берген кезде қабылдаушыға сапа паспорты беріледі. Кейбір жағдайда ағымдағы жабдықталым үшін жанармайды беру

кезінде алушымен келісу бойынша сапа паспортын берудің орнына жүккүжатта: "Стандартты өнім" деген мөртаңба қойылады (белгі жасалады).

295. ҚӘТ-ға су немесе механикалық қоспа бар жанармайды құюдың алдын алу мақсатында цистерна мен отын құю құралының технологиялық жабдығы пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес кезең-кезеңімен тазартылуға және оған қызмет көрсетілуге тиіс.

Далалық отын құю пунктін (бұдан әрі – ДОҚП) ҚӘТ-ға отын құю үшін пайдаланар алдында оның барлық жабдығы қарап-тексеріледі және техникалық құжаттамасының талаптарына сәйкес жанармайды беруге дайындалады. Жабдықтың ішкі бетінің тазалығына (құмның, ылғалдың, қардың және басқаның болмауына), тығыздағыш жалғастырғыштың жай-күйіне, құбыртұтқітің бекітілуіне, кранның герметикалығына ерекше назар аударылады.

296. Ағызу-құю құрылғысының құбыртұтігі және отын құю және жеткізу құралдары пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес пайдаланылады және қызмет көрсетіледі.

297. Жанармайдың сапасын сақтау үшін әскери бөлімнің (мекеменің) ЖЖМ қызметі :

1) оларға жанармай құяр алдында отын құю құралының техникалық жай-күйін, яғни отын құю және жеткізу құралын тексеру кезінде назар аудару қажет болуы мүмкін ақауды тексеруді;

2) оларды қоймадан шығарар алдында отын құю пунктінің резервуарында және отын құю құралында сақтау кезінде жанармайдың тазалығын және оның сапасының паспорттық деректерге сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

298. Жанармай қоймасындағы жұмысты есепке алуды, сұзгінің ақаусыздығын, сұзгіш элементтерді уақтылы жууды және ауыстыруды әскери бөлім (мекеме) ЖЖМ қызметінің бастығы және жанармай қоймасының бастығы, ал жеткізу және отын құю құралында бағынысында көрсетілген құрал бар бөлімше командирі бақылайды.

299. Бак пен ҚӘТ жүйесін жанармаймен толтыруға (отын қуюға) дайындауды және бактағы жанармай сапасының сақталуын бөлімше командирі бақылайды.

300. Бакты және ҚӘТ жүйесін жанармай қуюға дайындау пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі, бұл ретте отын құю мойны торының, олардың астындағы тығын мен төсемнің болуына, сұзгінің жай-күйіне, жанармайдың ағып кетпеуіне, дюритті шлангінің жай-күйіне, механикалық қоспа мен су толық кеткенге дейін тұнбаны кезең-кезеңімен ағызуға (қажет болғанда барлық ластанған отын ағызылады және бак пен жүйе жуылады), қоректендіру және жақпамай жүйесі сұзгіш элементінің ресурсына (қажет болғанда олар ауыстырылады немесе жуылады), егер олардағы жанармай сұрыпталмаған болса немесе қалғаны және қуюға берілетін

жанармай өзара үйлеспейтін болса, бак пен ҚӘТ жүйесін босатуға және ҚӘТ-ны пайдалану барысында бак пен жүйеге жаңбырдың, қардың, шаңның және басқа да бөгде заттардың түсін болдырмайтын жағдай жасауға ерекше назар аударылады.

301. ҚӘТ жүйесінің жанармай құюға әзірлігін техниканы пайдаланатын қызметтің лауазымды адамдары тексереді және жанармай қызметінің лауазымды адамдары бақылайды.

302. Багы мен жүйесі бөлшектенген, ақаулы немесе ластанған ҚӘТ-ға кемшілікті жойғанға дейін жанармай құюға жол берілмейді.

303. ҚӘТ-ға отын құю кезінде қолданылатын ұзақ сақтаудағы жанармайдың барлық маркасына сапа паспорты болуға тиіс. Сапа паспорты ЖЖМ қызметінде сақталады.

304. Әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) қару-жарақ (техникалық бөлім) жөніндегі орынбасары ұзақ сақтаудағы ҚӘТ-ға отын құяр алдында отын құюға берілген жанармай сапасының нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес келуін тексереді (жанармайға паспорт бойынша) және жанармайды қолдануға рұқсат ету туралы паспорттың артқы жағына белгі жасайды.

305. ҚӘТ-ға тек тұнып тұрган немесе сүзілген жанармайды құю қажет. Жанармайды құяр алдында механикалық қоспа мен судың болмауы көзben шолып тексеріледі.

Жанармайдың тазалығын тексеру үшін сынаманы отын құю пунктінің резервуарынан (күн сайын отын құю пунктінің жұмысы басталар алдында) немесе отын құю және жеткізу автомобильдік құралының тарату кранынан (отын құю үшін отын құю және жеткізу құралын тікелей пайдаланар алдында) ЖЖМ қызметінің лауазымды адамдары алады.

306. Жанармайдың тазалығы көзben шолып немесе көрсетілген тексеруді орындау үшін рұқсат етілген тиісті аспаптың көмегімен тексеріледі. Көзben шолып тексеру үшін тексерілетін жанармайға ластанудың және атмосферадан ылғалдың түсін болдырмау үшін жанармай қақпағы жабылатын сыйымдылығы 0,5-1 литр түссіз шыныдан жасалған таза ыдысқа ағызылады.

Жанармайдың тазалығы шыны ыдыста жанармайды айналдырып қозғау кезінде өтетін жарықпен (күндізгі немесе электр қолшамының) оны қарау жолымен тексеріледі. Егер ол мөлдір болса және онда көзben шолып көрінетін қалқып жүрген және шыны ыдыстың түбіне тұнған бөгде қоспа, оның ішінде су (мұз кристалы) болмаса, жанармай таза болып саналады. Жанармайда судың болуы екі сұйық фазанды бөліп тұратын сзық бойынша (шыны ыдыстың төменгі жағында су, ал үстіңгі жағында жанармай) немесе шыны ыдыстың түбінде кейбір су тамшыларының болуымен айқындалады. Жанармайда судың болуын суды сезгіш индикатордың (паста, қағаз, таспа, құрғақ калий перманганаты) көмегімен айқындауға жол беріледі.

307. Жанармай сынамасында механикалық қоспа немесе су анықталған жағдайда оларды резервуардан немесе отын құю немесе жеткізу құралынан алу бойынша шаралар қабылданады.

308. Отын құяр алдында жүйе багының қақпағы отын құю процесінде ҚӘТ багы мен жүйесіне құмның, шаңның, жаңбырдың қардың және басқа да қоспаның түсүіне жол бермеу үшін механикалық қоспадан және судан тазартылады, отын құю агрегатының соратын келтекұбырының тазалығы тексеріледі.

309. Ұзак сақтаудағы ҚӘТ-ға отын құю үшін сапасы толық талдау көлемінде көрсеткішке (сапа паспорты бойынша) сәйкес келетін жанармайды құюға жол беріледі.

Ұзак сақтаудағы ҚӘТ-ға отын құю аяқталғаннан кейін жалпы бөлімше (батальон, рота, взвод) үшін ерікті нысанда акт жасалады, онда құйылған жанармайдың маркасы, сондай-ақ пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес орындалған жұмыстың тізбесі (қозғалтқыштың жұмыс істеу уақыты, жүйені жуу) көрсетіледі. Актіге бөлімше командирінің техникалық бөлім жөніндегі орынбасары және әскери бөлім ЖЖМ қызметінің бастығы қол қояды.

310. ҚӘТ багындағы жанармай механикалық қоспа мен судың болмауына отынның тазалығын кезең-кезеңімен көзben шолып тексеруді, сондай-ақ осы Нұсқаулықтың 227-тармағында көрсетілген жағдайды қоспағанда, зертханалық талдауға жатпайды.

ҚӘТ багындағы жанармайдың тазалығы отын құю мойны арқылы немесе тұнбаның 3-5 литрін ағызғаннан кейін тұндырғыштан алынған сынаманың жай-күйі бойынша бағаланады.

311. ҚӘТ багы мен жүйесінен механикалық қоспа мен суды алу үшін тұнба кезең-кезеңімен ағызылып отырады. Оқу-жаттығу жауынгерлік (оқу-жаттығу) және көлік тобының ҚӘТ-да тұнба ҚӘТ-ны маусымдық пайдалануға ауыстыру және техникалық қызмет көрсету кезінде бактан (бак тобынан), сүзгіден және тұнбаны ағызатын басқа да орыннан ағызылады.

Қысқа мерзімді және ұзак сақталатын ҚӘТ багынан және қоректендіру жүйесінен тұнба әр бактан (бак тобынан), сүзгіден және тұнба жиналатын басқа да орыннан сақтауға қойған кезде және кейіннен жылдық техникалық қызмет көрсету кезінде жыл сайын отын құйғаннан (отынды толық құйғаннан) кейін ағызылады. Бұл жұмысты ҚӘТ-ны қысқы пайдалану режиміне ауыстыру кезінде орындау ұсынылады. Тұнбаны ағызу су мен механикалық қоспаны толық кетіргенге дейін жүргізіледі. ҚӘТ багы мен жүйесінен тұнбаны ағызу кезінде орындалған жұмыстың нәтижесі мен ауқымы осы Нұсқаулыққа 18-қосымшага сәйкес жанармайдың тұнбасын ағызу және бак пен жүйеге құйылған жанармайдың тазалығын тексеру журналына жазылады. Журнал әрбір батальонда (дивизионда) жүргізіледі. Оны жүргізуі бөлімше командирі, ал оның жүргізілуін бақылауды әскери бөлім ЖЖМ қызметінің бастығы жүзеге асырады.

ҚӘТ багы мен жүйесінен ағызылған жанармай механикалық қоспа мен судың болмауын тексеру кезінде жиналады және әскери бөлімнің қоймасына тапсырылады.

312. ҚӘТ багы мен жүйесінде жанармай сапасын жоғалтқан кезде себептері тергеп-тексеріледі және келтірілген залалды өтеуге шаралар қабылданады.

313. Барлық жағдайда тұнбаны ағызғаннан кейін ҚӘТ-ға жанармайды толтырып құю жүргізіледі. Отынды толтырып құю сол негізде және отын құюдағы талаптарды сақтаған кезде жүргізіледі. Бұл ретте ұзақ сақтаудағы ҚӘТ журналында (формулярында, карточкасында) бак пен жүйеге толтырып құйылған жанармай бойынша барлық қажетті дерек көрсетіледі.

314. ҚӘТ багындағы жанармайды жоспалы ауыстыру осы Нұсқаулыққа 19-көсімшага сәйкес мерзімнің өтуіне қарай жүргізіледі.

Ұзақ сақтаудағы ҚӘТ багы мен жүйесіндегі жанармайды жаңалау жұмысы әскери бөлімнің (мекеменің) ұзақ сақтаудағы жанармайды жаңалау жоспарына жеке бөліммен енгізіледі. Жоспардың осы бөлімін техниканы пайдаланатын қызмет бастығы ЖЖМ қызметінің бастығымен бірлесіп пысықтайды.

315. ҚР ҚҚ ӘТК-де жанармай сапасын бақылауды ұйымдастыруды:

корабльде – ЖБ-5 кораблінің командирі;

танкерде (баржада, кемеде) – танкер капитаны (баржа старшинасы);

ЖБ-6 бар корабльде – ЖБ-6 кораблінің командирі жүзеге асырады.

316. Танкерде (баржада, кемеде) және корабльде жанармайдан сынама алу, корабльдік талдауды орындау немесе зертханаға (жанармай қоймасының зертханасына) сынаманы беру үшін зертханашылар тағайындалады. Корабль зертханашылары жылына 1 реттен сиретпей нұсқау беруден өту, білімі мен дағдысын тексеру үшін ХТО-ға жіберіледі.

317. Танкерге және корабльге берілетін жанармайға зертхана толық талдау деректерімен паспорт береді. Жанармайдың сұрыпталғанын растайтын паспорт оны танкерден тұтынушыларға беру үшін негіз болып табылады.

318. Жанармай берілетін күні отын құюға дайындалу кезінде қойма зертханашысы сақтау орнының бастығымен (қоймашымен) бірлесіп, отын құю үшін бөлінген резервуардағы су деңгейін суға сезімтал пастаның көмегімен тексереді және судың және механикалық қоспаның болмауына талдау жүргізу үшін жанармайдың түбінен сынама алады. Түбіндегі қабатта су және механикалық қоспа болғанда қойма зертханасының корабльге осы резервуардан жанармай құюына тек оның түбінен су мен механикалық қоспаны кетіргеннен кейін жол беріледі. Егер түбіндегі қабаттан су мен механикалық қоспаны кетіру мүмкін болмаса, қойма зертханасы резервуардың түбінен немесе су бетінен (соңғысы болған кезде) кемінде 1 м биіктікте орнатылатын көтергіш тұтік, жинау құрылғысы арқылы және су мен механикалық қоспаның болмауына осы деңгейден сынаманы талдағаннан кейін осы резервуардан жанармайды беруге рұқсат етеді.

Алушының паспортына берілген күні (демалыс күні басталар алдында) жанармайдың су мен механикалық қоспаның болуына талдау деректері жазылады.

319. ЖБ-5 командирі тікелей отынды құю алдында корабль жүйесінің жанармайды қабылдауға әзірлігін тексеруді ұйымдастырады. Жанармайды қабылдауға әзірлігі туралы ол қойма өкіліне хабарлайды.

320. Корабльдің жеке құрамы жанармайды қабылдаған кезде корабльдік, сапалық талдауды орындау үшін қолданылатын сынама алады. Қабылданатын жанармайда су мен механикалық қоспа анықталған кезде осы резервуардан жанармайды қабылдау тек ондағы жанармайдың сапасын тексергеннен және құбыржолдан және отын құю жүйесінің құбыртұтігінен алдын ала айдағаннан кейін ғана қайта басталады.

321. Газ-турбиналы және дизельді энергетикалық қондырғысы бар корабльге жанармайды беру сүзу құралдары бар, ал автомайқую құралының жылыту құралы да бар жағалық жылжымалы отын құю құралдарын (автоотынмай құю құралын) пайдаланып жүргізіледі.

322. Корабльге ластанған жанармайды қүюдың алдын алу мақсатында автоотынмай құю құралын дайындау және оған қызмет көрсету жұмысы жүргізіледі.

323. Арнайы автомобильге (автоотын және автомай құю құралы) жанармайды берер алдында және оларды толтырғаннан кейін зертхана бастығы (зертханашы) осы Нұсқаулықтың 268 және 297-тармақтарына сәйкес осы құралдарды тексереді.

324. Автомобильдік отын құю құралдарының көмегімен корабльге отын құю басталар алдында ЖБ-5 командирі цистерна тұндырғышынан алынған сынамада (10 минут тұрғаннан кейін) судың және механикалық қоспаның болмауын, сондай-ақ зертхананың цистернаға (отын құю құралына) құюға рұқсат ету туралы құжаттарда жасалған белгілерін тексереді.

325. Газ-турбиналы, дизельді энергетикалық қондырғысы және ҰА бар корабльге отын құю үшін жеке, арнайы жабдықталған танкер бөлінеді. Корабльге отын құю үшін арналған танкерге корабльден тапсырылатын жанармайды құюға жол берілмейді.

Әрбір танкерде корабль командирі бекіткен жанармайды қабылдау, сақтау және корабльге беру жөніндегі нұсқаулық болуы қажет, онда жеке құрамның міндеттері және жоғарыда көрсетілген операцияны орындау жөніндегі, сондай-ақ танкерді жоспарлы және жоспардан тыс тазарту, арнайы жабдыққа техникалық қызмет көрсету жөніндегі регламенттік жұмысты жүргізу жөніндегі іс-қимылды көрсетіледі.

Нұсқаулықта сынаманы алу қағидалары, қабылдау, сақтау, жеткізу және корабльге отын құю кезінде сапасын бақылау тәртібі, корабльдік жанармайды талдау зертханасымен жұмыс істеу қағидалары көрсетіледі.

326. Корабльге жанармай құю үшін бөлінген танкер мынадай талаптарды қанағаттандыруға тиіс:

- 1) жанармай үшін көрсетілген кемеге жобалау құжаттамасында осы мақсат үшін айқындалған танкі бөлінеді;
- 2) балласты жүк құбыржолы арқылы қабылдауға жол берілмейді;

3) жанармайдың, балластың әртүрлі сұрпы, танкі мен жүк жүйесін тазарту үшін жеке құбыржол мен сорғы көзделеді;

4) жүк, тазарту және балласт жүйесінің құбыржолды кептіру және оларды тазарту сапасын тексеру үшін құрылғысы болуы (отын буының жарылу қаупі бар концентрациясы газ талдағышының болуы) қажет;

5) танкінің ішкі бетінің таттануға қарсы жабыны болуға тиіс;

6) корабльге тазарту толықтығы 15-20 мкм тазарту станциясы арқылы (сұзгі және сұзгі-сепаратор) сүзілген жанармайды құю қамтамасыз етілген;

7) сынаманы алу үшін аспап, жанармайды талдау үшін корабльдік зертхана және оларды орналастыру үшін үй-жай болады.

327. Жанармайды қоймадан мұнай отын құятын кемеге қабылдар алдында оның танкілерін қойманың зертхана бастығы (зертханашы) кеме өкілімен бірлесіп, олардың қуюға жарамдылығын айқындау үшін қарап-тексереді. Бұл ретте жанармай қалдығының сапасы қуюға жататын әрбір танкіден біріктірілген және түбінен сынама алу жолымен тексеріледі. Сынама мұнай өнімінің маркасын нақтылау және су мен механикалық қоспаның болуын айқындау үшін талданады.

Танкіде таттану, жанармайды құйғанға дейін механикалық қоспа мен су анықталған жағдайда оларды тазарту және қайта тексеру жүргізіледі.

Лас, тазаланбаған танкіге жанармайды қуюға жол берілмейді. Тексеру нәтижесі кеме журналына жазылады және актімен ресімделеді.

328. Танкерді толтыру процесінде жанармайдың қолданылатын сынамасын қабылдау сұзгісіндегі немесе қабылдау құрылғысындағы (таратқыш колонкадағы) шағын краннан алу жүргізіледі және оларда су мен механикалық қоспаның болмауы көзben шолып тексеріледі. Сынамада су мен механикалық қоспа анықталған жағдайда ластану себептері анықталғанға және олар толық жойылғанға дейін танкерді толтыру тоқтатылады.

329. Танкердегі жанармай деңгейінің биіктігін айқындаумен қатар қойма зертханашысы танкер өкілінің қатысуымен әрбір танкінің түбінен сынама алады және оларды су мен механикалық қоспаның болмауына көзben шолып тексереді.

330. Корабльді қамтамасыз етуге жүретін танкер жөнелтілгенге дейін қойма зертханасы бақылау талдауы көлемінде жанармайдың біріктірілген сынамасын талдайды. Бұл көрсеткіш сапа паспортында көрсетіледі.

331. Тиелген жанармайға қойма зертханасы толық талдау және соңғы бақылау және қоймалық талдау деректерімен паспорт береді.

332. Қойма зертханасы танкерге танкерде көшірмесін алу үшін паспорттың таза бланкісін береді. Паспорт көшірмесі алынады және танкер капитанының немесе оның жүкке жауапты көмекшісінің мөрімен және қолтаңбасымен күәландырылады.

333. Жанармайды танкерде ұзақ сақтаған кезде алты айда бір реттен сиретпей қойма зертханасында толық талдау үшін біріктірілген сынама алынады. Танкердің жеке

құрамы қойма зертханасына сынаманы жеткізеді, онда бақылау немесе толық талдау орындалады.

334. Тенізде корабльді қамтамасыз ету үшін жанармайды жеткізу кезінде танкіден біріктірілген сынаманы алуды және оны талдауды танкер өкілі он құнде бір ретten сиретпей орындалады. Бұл ретте корабльдік бақылау талдауы орындалады және танкерге бекітіліп берілген жанармай сапасын бақылау құралымен айқындалған көрсеткіш қана айқындалады. Талдау нәтижесі вахталық (кемелік) журналға жазылады және алушыға берілетін паспортта көрсетіледі. Қалған сапа көрсеткіші сапа паспортынан ауыстырылады.

Корабльге жанармай беруге тапсырманы алған кезде танкердің жеке құрамы әрбір танкіден, сұзгіден және сұзгі-сепаратордан таза мұнай өнімі алынғанға дейін тұнбаны алады. Танкер өкілі танкінің түбінен алынған беруге арналған сынамада су мен механикалық қоспаның болмауын көзben шолып анықтайды.

335. Су мен механикалық қоспа анықталғанда танкердің жеке құрамы жанармайды тұндырады, сұзгілейді және сепарациялайды.

Егер сапасын өзгерту мүмкін болмаса, жанармай жақын жағалау қоймасына тапсырылады. Корабльге сұрыпталмаған жанармайды беруге қатаң жол берілмейді. Сұрыпталмаған жанармай анықталған барлық жағдайда осы Нұсқаулықтың 220-тармағына сәйкес тергеп-тексеру жүргізіледі.

336. Танкерден жанармай тек сапа паспорты болғанда ғана беріледі. Корабльге жанармайды тікелей берер алдында танкер капитанының жүк жөніндегі көмекшісі (донкерман, баржа старшинасы, зертханашы) ЖБ-5 командирінің қатысуымен (жағдай шарты бойынша оның қатысуы мүмкін болмаған кезде – дербес) суға сезімтал пастаның көмегімен және корабльдік сапалық талдау әдістерімен су деңгейін тексереді, беру жүргізілетін әрбір танкінің түбіндегі сынамада және танкердің құбыржолында құбыржолдың төменгі нұктелерінен және корабльге жанармай беретін құбыртутіктің қосылған жеріндегі тарату колонкасының кранынан сынама алу жолымен су мен механикалық қоспаның болмауын анықтайды.

337. Корабльге жанармайды қабылдауға рұқсатты осы тараудың талаптарына сәйкес операцияны орындағаннан және корабльді қабылдауға дайындағаннан кейін ЖБ-5 кораблінің командирі береді.

338. Корабльге жанармай қабылданған барлық жағдайда оның бұлінуінің алдын алу, сондай-ақ теніздің ластануын болдырмау шараларына ерекше назар аудару қажет.

339. Корабльге ыдыстағы (бөшкедегі, топатайдағы, банкадағы) майды, жақпамай мен арнайы сұйықтықты (бұдан әрі – жақпамай материалы) ең аз қажетті мөлшерде және тек оларды корабльде орналастыру үшін штаттық цистернасы, багы жоқ маркаларды ғана беруге жол беріледі.

Корабльге беруге жасаушы кәсіпорын немесе қойма ыдысқа салған жақпамай материалы жатады. Бұл ретте ыдыс ақаусыз, таза болуға, өнімнің атауын, маркасын,

қолданыстағы стандартты, жасалған (ыдысқа салынған) күнін және жақпамай материалының массасын көрсетумен анық таңбалануы болуға тиіс.

Корабльге жақпамай материалын ағаш (фанера) немесе ақаулы (закымданған, лас, тат басқан, аққан іздері бар) металл ыдыста беруге жол берілмейді.

340. Жақпамай материалын қабылдар алдында корабль зертханашысы қойма қоймашысының және жүк жөніндегі көмекшінің (танкер донкерманының) қатысуымен әрбір бөшкенің (топатайдың) түбінен сынама алады және су мен механикалық қоспаның болуына корабльдік сапалы талдауды орындаиды. Су мен механикалық қоспа болғанда бөшкедегі (топатайдағы) жақпамай материалы ақауга жатқызылады және корабльге қабылданбайды. Сынама алынар алдында ішіндегісін араластыру үшін бөшкені дөңгелетуге жол берілмейді.

Ақаусыз зауыттық ыдыстағы (герметикаланып дәнеркеленген немесе жеткізуші пломбалаған металл бөшкедегі, топатайдағы немесе банкадағы) жақпамай материалын сынаманы алмай және талдамай қабылдауға жол беріледі.

341. Сынамасы алынған жанармайдың әрбір бөтепке сіне түссіз жабысатын таспамен мыналар көрсетілген затбелгі жapsырылады:

- 1) өнімнің атауы, оның маркасы мен стандарты (қолданыстағы);
- 2) корабль әскери бөлімнің нөмірі;
- 3) техникалық құралдың немесе цистернаның маркасы мен нөмірі;
- 4) сынама алынған жер;
- 5) жақпамай материалы жұмыс уақытының саны немесе цистернадағы өнімнің сақтау мерзімі;
- 6) сынама алынған күні;
- 7) сынаманы алған адамның тегі.

342. Корабльде жанармайдың сынамасын талдау осы Нұсқаулықта айқындалған мерзімде және көлемде жүргізіледі. Талдау арналуы мен көлемі бойынша:

- 1) корабльдік сапалық талдау;
- 2) корабльдік сандық талдау;
- 3) пайдаланып талдау;
- 4) бақылау талдауы;
- 5) толық талдау болып бөлінеді.

Зертхана болмаған кезде корабльдік сандық талдау ХТО-да орындалады.

343. Жанармай сынамасын алу актімен ресімделеді, онда талдау көлемі көрсетіледі немесе айқындауға жататын көрсеткіш атап көрсетіледі.

344. Жанармайға су араласқан және ластанған жағдайда корабльдік құралдармен сапаны дұрыстауға шаралар қабылданады (тұндыру, тұнбаны тазалау, сұзу, сепарациялау). Егер сапаны дұрыстау бойынша қабылданған шаралар нәтиже бермесе,

онда сұрыпталмаған жанармайды техникалық құралдарда пайдалануға жол берілмейді және бірінші мүмкіндік болғанда қоймаға (қамтамасыз ету кемесіне, танкерге) тапсырылады.

345. Алу тәсіліне және арналуына байланысты жанармай сынамасы бір жерден, біріктірілген, бақылау (арбитраждық), түптік және инспекторлық болып бөлінеді:

1) бір жерден сынама – бір тәсілмен алғынған сынама. Ол бір ыдыстағы (бөшкедегі, топатайдағы, бөтелкедегі) немесе резервуардағы белгілі бір берілген деңгейдегі немесе көлік құралындағы жанармай сапасын сипаттайты;

2) біріктірілген сынама – бұл тиісті тәртіппен алғынған бірнеше бір жерден алғынған сынамадан тұратын және көрсетілген арақатынаста біріктірілген сынама;

3) бақылау сынамасы – бұл талдауды орындау үшін пайдаланылатын бір жерден алынатын немесе біріктірілген сынаманың бір бөлігі, сондай-ақ жанармай сапасы бойынша күмән (келіспеушілік) туындаған жағдайда сақталады;

4) түптік сынама – бұл резервуар (цистерна) түбіне дейін түсірілетін жеткізілетін металл сынама алғышпен резервуар (цистерна) түбінен алғынған жанармайдың бір жерден алынатын сынамасы. Түптік сынама біріктірілген сынамаға қосылмайды, жеке талданады;

5) инспекторлық сынама – бұл әскери бөлімді тексеру процесінде ұзақ сақтаудағы ҚӘТ багынан алғынған сынама. Сынама алынатын ҚӘТ үлгісінің түрі мен санын тексеруші айқындайды.

346. Жанармай сынамасы талдау түріне байланысты олардың сапасының қойылатын талаптарға сәйкес келуін белгілегенге дейін осы Нұсқаулыққа 20-қосымшада көрсетілген мөлшерде алынады.

347. Жанармайдан алғынған біріктірілген сынама оны қабылдау және тиесінде екі бөлікке бөлінеді. Бір бөлігі талданады, ал екінші бөлігі жанармай сапасын бағалауда келіспеушілік туындаған жағдайда мөрленген түрде сақталады. Жанармайды кемеге беру кезінде біріктірілген сынаманы алушылардың санын ескеріп, екі бөлікке бөледі. Бір бөлігін талдайды, ал екінші бөлігін жанармай сапасын бағалауда келіспеушілік туындаған жағдайда сақтайты, қалғанын кеме капитаны арқылы алушыларға береді.

348. Жанармай сынамасын алу тәртібі осы сынама алғынған сақтау немесе жеткізу құралындағы жанармай сынамасының ұқсастығын алу мақсатында қатаң сақталады. Сынаманы алу немесе сынама алғышты және сынаманы сақтауға арналған ыдысты жұмысқа дайындау тәртібін бұзыу жанармай сапасын дұрыс бағаламауға әкеледі.

349. Алып жүрілетін сынама алғыш, сондай-ақ жанармайдың сынамасын алуға арналған барлық қосалқы құрал соғылған кезде ұшқын шығармайтын және статикалық электр жиналмайтын материалдан жасалады.

350. Жанармай сынамасын алуға және сақтауға арналған құрал сынаманы алар алдында таза және құрғақ болуға тиіс.

351. Ластануды болдырмау үшін алып жүрілетін сынама алғыш тыста, қорапта немесе басқа да орамда жеткізіледі.

352. Сұйық мұнай өнімінің сынамасын алуға және сақтауға арналған құралды қолданғаннан кейін жуатын затпен өңдеу немесе этилденбензинмен шаю керек, май тәріздес мұнай өнімінің сынамасын алуға және сақтауға арналған құралды еріткішпен жуғаннан кейін ыстық сумен мұқият жуу керек.

353. Жуылған құралды кептіру және шаңдан және атмосфералық жауын-шашыннан сақталған жабық жерде сақтау қажет.

354. Алып жүрілетін сынама алғышпен жанармай сынамасын алу кезінде жабық сынама алғыш берілген деңгейге дейін түсіріледі және қақпағы немесе тығыны ашылып толтырылады. Бірнеше деңгейден сынама алып жүрілетін сынама алғышпен жоғарыдан төмен қарай жүйелі түрде алынады. Алынған жанармай сынамасының температурасын және тығыздығын өлшеу қажет болғанда сынама алғыш белгіленген деңгейде 5 минут ұсталуға тиіс.

355. Тік резервуардан сұйық мұнай өнімінің сынамасын алу үшін біріктірілген сынаманы алуға мүмкіндік беретін стационарлық сынама алғыш, оның көмегімен берілген деңгейден бір жерден сынама алынатын стационарлық және алып жүрілетін сынама алғыш қолданылады.

356. Сынаманы стационарлық немесе алып жүрілетін сынама алғышпен алу кезінде тік резервуардағы жанармай сапасын сипаттау үшін біріктірілген сынаманы 1:3:1 арақатынасында үш деңгейден алынған бір жерден алынатын сынаманы араластырумен жасайды:

жоғарғы – жанармай бетінен 250 мм төмен;

ортанғы – жанармай бағаны биіктігінің ортасынан;

төменгі – резервуар түбінен 250 мм жоғары.

Тік резервуардағы жанармай бағанының биіктігі 2000 мм аспаған кезде бір жерден алынатын сынаманың тең мөлшерін араластырумен екі деңгейден алынған біріктірілген сынама жасалады:

жоғарғы – жанармай бетінен 250 мм төмен;

төменгі – резевуар түбінен 250 мм жоғары.

Жанармай бағанының биіктігі 1000 мм аз болғанда төменгі деңгейден резервуар түбінен 250 мм жоғары бір жерден сынама алынады.

357. Диаметрі 2500 мм артық көлденең цилиндрлік резервуардағы жанармай сапасын сипаттау үшін 1:6:1 арақатынасында бір жерден алынатын сынаманы араластырумен үш деңгейден алынған біріктірілген сынама жасалады:

жоғарғы – жанармай бетінен 200 мм төмен;

ортанғы – жанармай бағаны биіктігінің ортасынан;

төменгі – ішкі төменгі резевуар негізінен 250 мм жоғары.

Толтырылу деңгейіне қарамастан, диаметрі 2500 мм аз көлденең цилиндрлік резервуардан, сондай-ақ диаметрі 2500 мм артық, бірақ диаметр биіктігінің жартысына дейін және одан аз толтырылған көлденең цилиндрлік резервуардан біріктірілген сынама 3:1 арақатынасында екі деңгейден алынған бір жерден алынатын сынаманы араластырумен жасалады:

ортанғы – жанармай бағаны биіктігінің ортасынан;
төменгі – ішкі төменгі резевуар негізінен 250 мм жоғары.

Жанармай бағанының биіктігі 500 мм аз болғанда төменгі деңгейден – ішкі төменгі резевуар негізінен 250 мм жоғары бір жерден сынама алынады.

358. Резенке-мата резервуардағы жанармай сапасын сипаттау үшін далалық зертхананың вакуумды сынама алғышымен немесе диаметрі 9-12 мм дюритті шлангінің көмегімен резервуардың төменгі бөлігінен 50-60 мм биіктікте бір жерден сынама алынады.

359. Резервуар тобында сактау кезінде бар партиядағы жанармай сапасын сипаттау үшін құйылған жанармай мөлшеріне тең кемінде 4 резервуардан алынған біріктірілген сынамадан біріктірілген сынама жасалады.

360. Отын құятын кемедегі немесе танкілер тобындағы жанармай немесе жанармай қалдығының сапасын сипаттау үшін әрбір танкідегі жанармайдың мөлшеріне барабар алынған әрбір танкіден алынған біріктірілген сынамадан кеме немесе танкілер тобы бойынша біріктірілген сынама жасалады.

Жанармай бағанының биіктігі 3000 мм артық отын құятын кеме танкісінен біріктірілген сынама толық толтырылған тік резервуардан алғандай алынады.

Жанармай бағанының биіктігі 3000 мм және одан аз отын құятын кеме танкісінен біріктірілген сынама диаметрі 2500 аз көлденең цилиндрлік резервуардан алғандай алынады.

361. Теміржол немесе автомобиль цистернасындағы (автоотынқұю құралындағы) жанармай сапасын сипаттау үшін цистернаның төменгі ішкі негізінен 0,33 диаметр биіктікте орналасқан деңгейден жанармайдың бір жерден сынамасы алынады.

Теміржол цистернасы немесе теміржол көлігі тобындағы бір партиядағы жанармай сапасын сипаттау үшін цистернадағы жанармай мөлшеріне барабар әрбір цистернадан бір жерден алынатын сынамадан біріктірілген сынама жасалады.

362. Машинаның багына құйылған жанармай сапасын сипаттау үшін әрбір машинаның багынан сынама алынады. Техниканың бір бірлігінде бірнеше бак болғанда орташа сынама әрбір бактан алынған сынаманың тең бөлігінен жасалады.

Бактың конструкциясына және орналасуына байланысты сынама тұнбаны ағызғаннан кейін ағызатын клапан арқылы арнайы құралдардың көмегімен немесе далалық зертхананың вакуумдық сынама алғышының көмегімен немесе металл түтікпен отын құятын мойын арқылы жанармайдың ортаңғы қабатынан алынады.

363. Өнімділігі 500 м/сағ дейін далалық магистральдық құбыржол арқылы айдалатын жанармай сапасын сипаттау үшін сынаманы қолмен алған кезде сынама өрбір 500 м сайын, бірақ айдалатын жанармайдың тең мөлшері немесе айдау уақытының тең аралығы арқылы алынған кемінде үш сынамадан алынады. Біріктірілген сынама бір жерден алынатын сынаманың тең мөлшерінен жасалады.

Сынаманы құбыржолдан алу кезінде айналмалы желі бойынша сынама жинау құрылғысы арқылы айдалатын жанармайдың ұдайы циркуляциясын қамтамасыз ету қажет. Сынама айналмалы желіден циркуляцияны тоқтатпай алынады. Циркуляция болмаған кезде сынама алу жүйесінің үш еселік мөлшеріне тең мөлшердегі ыдысқа жанармайды ағызғаннан кейін сынаманы алуға жол беріледі.

364. Бөшкедегі, топатайдағы, канистрадағы және басқа да ыдыстағы бір партиядағы жанармай сапасын сипаттау үшін біріктірілген сынама бір жерден алынатын сынаманың тең мөлшерінен жасалады.

Сынама алушы шаңнан және атмосфералық жауын-шашыннан қорғалған жерде жүргізу керек.

Сынаманы алар алдында бөшкенің ішіндегісін 5 мин бойы домалатумен араластыру қажет. Топатайдың, банканың, бөтелкенің ішіндегісін 5 мин бойы мұқият шайқаумен араластырады. Тығынның, қақпақтың және түбінің айналасындағы беткі қабат ашар алдында тазартылады.

Сынама алатын тұтікпен сұйық мұнай өнімінен сынама алу үшін оны ыдыстың түбіне түсіру, одан кейін жоғарғы тесікті саусақпен жауып ыдыстан тұтікті шығару керек. Тұтіктің жабылған ұшын ашып, сынаманы біріктірілген сынама жасау үшін сауытқа құяды және мұқият араластырады. Тұтқырлығы аз мұнай өнімінен сынама алу да далалық зертхананың вакуумдық сынама алғышының көмегімен жүргізіледі.

Пластикалық жақпамайдың сынамасы піспекті, бұранда тәріздес немесе ұзына бойы тілігі бар қармауышпен алынады. Қармауыш кірген жерден алдын ала қалындығы 25 мм жақпамайдың ұстіңгі қабаты алып тасталады. Қармауыштың ұстіңгі бөлігіндегі қалындығы 5 мм жақпамай қабаты сынамаға қосылмайды. Біріктірілген сынама ерітілмей бір жерден алынған сынаманы араластырумен жасалады.

365. Жанармай сынамасы орау алдында араластырылады. Сұйық мұнай өнімінің сынамасы оны сыйымдылықтың 90 %-ына дейін толтырып, таза құрғақ шыны бөтелкеге құйылады. Май тәріздес мұнай өнімінің сынамасы таза құрғақ шыны немесе полиэтиленді банкаға салынады.

366. Сынамасы бар бөтелке мұнай өнімінде ерімейтін тығынмен саңылаусыз жабылады, банкалар тығыз қақпақпен жабылады.

Саңылаусыз жабылған бөтелкенің немесе банканың (арбитражды сынаманы және жеткізуге дайындалатын сынаманы сақтауға арналған) мойны полиэтиленді ұлдірмен немесе басқа да тығыз материалмен оралады, баumen байланады, оның ұшы затбелгідегі саңылауға байланады. Баудың ұшы пломбаланады немесе тығыз картоннан

немесе ағаш материалдан жасалған пластинаға сүргі құйылады және мөрленеді. Затбелгіні бөтелкеге (банкаға) жапсыруға жол беріледі.

367. Тығыны бар бөтелкеге немесе банкаға жапсырылатын затбелгіде:

- 1) сынаманы тіркеу журналы бойынша сынама нөмері;
- 2) әскери бөлім (мекеме) нөмірі;
- 3) жанармай атауы және оның маркасы;
- 4) қолданыстағы стандарттың белгіленуі;
- 5) жеткізуші кәсіпорынның атауы;
- 6) резервуар нөмірі және отын құю биіктігі, партия, цистерна, бөшке, көлік нөмірі, сынама алынған кеменің атауы мен танкер нөмірі, сынама алынған күні, уақыты;
- 7) сынаманы алған және мөрлеген адамдардың лауазымы мен тегі, олардың қолы көрсетіледі.

368. Жанармай сынамасы қоймалық ТТС-ға қойылатын өртке қарсы талаптарға жауап беретін үй-жайда сақталады.

369. Жеткізу үшін арналған жанармайдың сынамасы "Қауіпті жүк. Жіктелуі мен таңбалануы" МЕМСТ 19433 бойынша ТТС-ның үшінші тобына қауіпті жүкке жатады. Арнайы сұйықтық "Улы заттар" қауіпті жүктің алтыншы тобына жатады.

Жанармай сынамасы бар шыны ыдыс (шыны ыдыстың сыйымдылығы 1 литрден аспайды) ыдыстың барлық биіктігіне қақпағы мен ұяшықтары бар, бос кеңістігі жанбайтын жұмсақ төсөлетін және сініргіш материалмен толтырылған мықты ағаш (пластмасса, металл) жәшікке салынады. Жәшіктің қабырғасы саңылаусыз жабылған бөтелке мен банкадан 50 мм биік жабдықталады.

Қажет болғанда жанармай металл немесе пластмасса банкада, топатайда және канистрада жеткізіледі, ол қосымша ағаш жәшікке немесе торға салынады. Сынамасы бар бір орынның брутто массасы 50 кг аспауға тиіс.

Ішкі орамның дұрыстығын және тиісті орамнан тыс сынаманы жеткізумен байланысты салдарды жөнелтуші қамтамасыз етеді. Сынамасы бар орамға қауіптілік белгісі салынады.

370. Қол жүгімен жанармай сынамасы бар тек бір орынды алып жүргуге жол беріледі. Қол жүгімен сынаманы жеткізетін адамның іссапар мақсатын және жеткізілетін сынаманың толық атауын көрсетумен іссапар нұсқамасы болуға тиіс.

Қол жүгімен жеткізілетін сұйық мұнай өнімінің және басқа да ТТС-ның сынамасы УП-2 арнайы қаптамасында болуға тиіс. Сұйықтық сыйымдылығы 1 литрден аспайтын қабырғасы қалың шыны бөтелкеге құйылады. Сынамасы бар бөтелке осы Нұсқаулықтың 367-тармағына сәйкес жеткізу үшін дайындалады, киіз төселген бөлінген (екі бөліктен тұратын) металл қорапқа қойылады. Қораптың бөліктері төсеміне (паронит, фторопласт ұлгісіндегі) бұралады, герметикалықты жасау үшін қорап бөліктерінің біріктілген жеріне ақ түсті қаңылтырдан белдік дәнекерленеді.

Сынамасы бар орам ағаш (фанера, пластмасса, металл) жәшікке немесе картон қорапға салынады, бос кеңістік құрғақ ағаш үгіндімен (басқа да жұмсақ нығызыдағыш материалмен) толтырылады. Жәшік жабылады (қақпағы шегелермен қағылады), картон қорап мықты жіппен байланады. Сынамасы бар ыдыстың жалпы массасы 20 кг аспауға тиіс.

6-тaraу. УТС-мен жұмыс істеу

371. Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің жауынгерлік және арнайы техникасын пайдалану үшін, сондай-ақ олардың барлық түрін жөндеуді қамтамасыз ету үшін әскерге жанар және жағармай материалы қызметі жеткізетін немесе басқа қызметтер үшін оның қоймасында сақталатын техникалық сұйықтық мен майдың көп түрі қолданылады.

Бірқатар арнайы техникалық сұйықтық пен май құрамында ішке түскен кезде, терімен жанасқанда немесе буымен демалған кезде жеке құрамның улануын немесе науқастануын тудыруға қабілетті улы компоненттер бар.

372. УТС-мен жұмыс істеу осы Нұсқаулықта мазмұндалған қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауды талап етеді. УТС-пен жұмыс істеу қағидаларын орындау өлімге әкеп соқтыратын жеке құрамның ауыр науқастануына және улануына әкелуі мүмкін.

Организмге әсер ету дәрежесі бойынша олар қауіптілігі жоғары (шекті жол берілген концентрациясы (бұдан әрі – ШЖК) 0,1-ден 1 мг/м³ дейін), шекті қауіпті (ШЖК 1,1-ден 10 мг/м³ дейін) және қауіптілігі шамалы (ШЖК 10 мг/м³ жоғары) заттарға жатады.

Қауіптілігі жоғары УТС-ға АМ2-ООР УС (АМ2-ООР-5В УС) салқыннататын сұйықтығы және ФХЖ АМ2-13Н3 (ФХЖ АМ2-13-Н3-5В) маркалы сұзгіні салқыннататын сұйықтық жатады.

Шекті қауіпті УТС-ға:

- 1) 12Ф және 13ФМ фторхлоркөміртекті сұйықтығы;
- 2) трихлорэтилен мен перхлорэтилен, этиленгликоль;
- 3) 66 % этиленгликоль су ертіндісі;
- 4) 40 және 65, Тосол – А, Тосол – А40, Тосол – А65, маркалы салқыннататын төмен температурда қататын сұйықтық (антрифриздар), ПОЖ-70 және "Стеол-М" серпілуге қарсы сұйықтығы, "Полюс" мұз қатуға қарсы сұйықтығы, техникалық этилцеллозол (И сұйықтығы); "Нева", ГТЖ 22М, "Томь", БСК тежегіш сұйықтығы; тетрагидрофурфурил спирті (ТГФ сұйықтығы) жатады.

Қауіптілігі шамалы УТС-ға:

- 1) 7-50С-3 жұмыс сұйықтығы;
- 2) "Роса" тежегіш сұйықтығы;
- 3) синтетикалық және минералдық май: ВНИИ НП 50-1-4у, Б-3В, ПТС-225, ЛЗ-240, ИМП-10, МН-7,5у, МС-8РК, МС-8п, солтустік осытік Сп;

4) этилденген бензин: авиациялық Б-91/115, Б-95/130, Б-92 және автомобильдік АИ -80, АИ-93 және АИ-95 "Экстра" жатады.

Негізгі физикалық-химиялық қасиеттері, уыттылық сипаттамасы және қолдану салалары осы Нұсқаулыққа 21-қосымшада келтірілген.

373. УТС-ны қабылдау, сақтау, беру, жеткізу және қолдану жөніндегі жұмысқа жіберілетін жеке құрам жұмыс орнында кіріспе нұсқау беруді және бастапқы нұсқау беруді өткізгеннен, сондай-ақ олармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы бойынша сынақтар қабылдағаннан кейін әскери бөлім (мекеменің) командирінің (бастығының) бұйрығымен жарияланады.

Қайта (ағымдағы) нұсқау беруді тоқсан сайын бөлімше командирі немесе оның орынбасары осы Нұсқаулыққа 22-қосымшаға сәйкес нұсқау берілетін адамның және нұсқау берушінің Еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқау беруді тіркеу журналына (жеке нұсқау беру карточкасына) қолын қойғызып жүргізеді.

374. Жұмыс істейтін адамды УТС-мен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік шараларына оқытып-үйрету үшін, сондай-ақ уланған кезде зардал шеккен адамға алғашқы медициналық көмек көрсету үшін УТС сақтауда тұрған немесе қолданылатын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери бөлімінің командирі, әскери оқу орнының, кәсіпорны мен ұйымының бастығы оны ұйымдастырады, ал әскери бөлім жанармай қызметінің бастығы медицина қызметінің бастығымен бірлесіп, УТС-ны қабылдаумен, сақтаумен, берумен, жеткізумен және жұмыс істеумен байланысты жеке құраммен жарты жылда бір реттен сиретпей сабак өткізеді. УТС-ның әсер ету, онымен улану белгісі және зардал шеккен адамға алғашқы медициналық көмек көрсету осы Нұсқаулыққа 23-қосымшада келтірілген.

375. УТС-мен жұмыс істейтін адамның кәсіби науқастануының алдын алу мақсатында жұмысқа жіберер алдында алдын ала және кезендік (жылына бір рет) медициналық тексеру жүргізілуі қажет.

376. УТС-мен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету үшін мынадай жалпы талаптарды орындау керек:

- 1) УТС-мен жұмыс істеу қафидаларын сақтау;
- 2) сұйықтықты тек жабық, герметикалық ыдыста сақтау;
- 3) оларды ауыстырып құю кезінде сұйықтықты ауызбен сормау, осы мақсатқа арналған сорғы мен үрімшесі бар резенке шлангты пайдалану;
- 4) сұйықтықпен жұмыс істеу уақытында шылым шекпеу және тамақ ішпеу;
- 5) пайдаланылған сұйықтықты көрізге құюға жол берілмейді;
- 6) резервуарды тазалауды жеке қорғану құралдарын (ПШ-1 немесе ПШ-2 шлангілі газтұмшасы, арқанымен құтқару белдігі, комбенизон, резенке етік және кенеп қолғап) пайдаланумен жүргізу, тазалау аяқталғаннан кейін олар мұқият жуылып, кептіріледі. Осы жұмысты жүргізу үшін әскери қызметшілер мен азаматтық персоналды арнайы киіммен жабдықтау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 27

мамырдағы № 277 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – № 277 бұйрық) Бейбіт уақытқа арналған Қазақстан Республикасының Қарулы Құштерін заттай мүлікпен жабдықтау нормаларының 30-нормасына сәйкес жүргізіледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11557 тіркелген);

7) УТС буының рұқсат етілген шектен жоғары коцентрациясы кезінде жұмысты орындаған барлық жағдайда А маркалы сұзгілі газтұмшасын пайдалану қажет;

8) УТС-мен барлық жұмыс (бензиннен басқа) арнайы киімде орындалады, сондай-ақ жұмыс істейтін адамның жеке қорғану құралдары болуға тиіс (газтұмша, герметикалық қорғаныш көзілдірігі, техникалық резенке қолғап);

9) сұйықтықпен жұмыс аяқталғаннан кейін қолды сабындалп сумен жуу керек;

10) сұйықтықтың шашырап кетуі мүмкін болғанда қорғаныш көзілдірігін қолдану қажет, ал көздің түйілуі пайда болған және тыныс алу жолы тітіркенген кезде жалпыәскери сұзгілі газтұмшаны кию қажет;

11) сұйықтық киімге тиген кезде оны шешу және жуу қажет. Төгілген сұйықтықты көп мөлшердегі сумен жуу, үй-жайды желдету қажет. Ластанған сұйықтық пен суды қоймалжың сөндірілген әктаспен бейтараптандыру, шыны ыдысқа жинап салу және су тоғанынан алыс жерге көму қажет.

Олар УТС қалдығынан (бензиннен басқа) босатылғаннан кейін сақтау, айдау және жеткізу құралдарын заарсыздандыру арнайы бөлінген аланда көп мөлшердегі сумен жуу, булау және кептіру арқылы жүргізіледі. Техниканы сумен жуу нәтижесінде алынған ағынды су хлорлау (Ca Cl тотығы) және озондау (озон тотығы) немесе калций гидроксиді (сөндірілген әктас немесе әктас суы), натрий гидроксиді, аммиак суы ертіндісімен бейтараптандыру жолымен өндөледі.

377. Фосфорорганикалық қосылыс негізіндегі сұйықтыққа СС АМ2-ООР (СС АМ2-ООР-5В), ФХКС АМ2-13Н3 (ФХКС АМ2-13Н3-5В) маркасындағы салқыннататын және сұзу-салқыннату сұйықтығы жатады, олар арнайы техника бұйымында қолданылады. Осы сұйықтықтың тері мен көздің шырышты қабықшасын, мұрын жолын тітіркендіретін әсері бар, зақымданбаған тері арқылы өтіп кетуге қабілетті.

378. Сұйықтық киімге тиген кезде оны шешіп, жуу қажет.

Төгілген сұйықтықты көп мөлшердегі сумен жуу, үй-жайды желдету қажет. Ластанған сұйықтық пен суды құрамында хлор бар заттармен заарсыздандыру керек.

379. Авариялық жағдайда төгілу алаңы ауқымды болғанда жеке құрам жалпы әскери сұзгілі газтұмшада оларды жою жұмысын жүргізеді.

Тұтанған кезде өрт сөндіру құралдарын: шағын және шашыратылған ағын түріндегі суды, ПО-1 ауа-механикалық көбікті, химиялық-көбікті, ауа-көбікті, көмірқышқыл, ұнтақ тәрізді өрт сөндіргішті, асбест матаны қолдану қажет.

380. Фосфорорганикалық қосылыс негізіндегі сұйықтықпен уланудың алдын алу үшін олармен жұмысты төмендегі жұмыс аймағындағы жерден ауаны күштеп

кетірумен механикалық тарту-сору жедеткішімен жабдықталған жедетілетін үй-жайда жүргізу қажет.

381. Фосфорорганикалық қосылыс негізіндегі сұйықтыққа 12Ф және 13ФМ фторхлоркөміртегі сұйықтығы жатады, олар агрессивті ортамен байланысқа түскен кезде айыру, аспаптық, манометрикалық сұйықтық ретінде қолданылады.

12Ф және 13ФМ сұйықтығы ашық от және 250°C температурада термикалық ыдырайтын уытты өнімнің түзілуімен ыдырайды.

Сұйықтық, әсіресе құрамында термикалық ыдырайтын өнім бар будың көп мөлшерімен дем алу кезінде жіті улану болуы мүмкін.

382. Фосфорорганикалық қосылыс негізіндегі сұйықтықпен уланудың алдын алу үшін мынадай сақтық шараларын сақтау қажет:

- 1) сұйықтықты қыздырумен байланысты барлық жұмысты оның, әсіресе, оның термикалық ыдырауынан болатын өнім буының өндірістік үй-жай ауасына таралуына жол бермей ауасы сорылатын шкафта жүргізу;
- 2) сұйықтық құйылған аппаратураны толық герметикалау;
- 3) сұйықтықпен жұмыс істеу кезінде шылым шегуге және тамақ ішуге жол бермеу;
- 4) корғалмаған қолмен сұйықтықты ұстауға жол бермеу;
- 5) сұйықтықпен жұмыс аяқталғаннан кейін қолды сабындал жуу.

383. Хлорорганикалық қосылыс негізіндегі сұйықтыққа трихлоэтилен және перхлорэтилен (тетрахлорэтилен) хлорорганикалық еріткіші жатады, ол негізінен жақпамай, май, балауыз үшін экстрагент ретінде киімді тазалау, металдың майын тазарту үшін қолданылады.

Трихлоэтилен және перхлорэтилен ашық отпен жанаңқан кезде қатты әсер ететін улы зат – фостгенді түзумен ыдырайды, есірткілік әсерге ие, нерв жүйесіне қатты әсер етеді, дерматит пен экзема болуы мүмкін.

384. Хлорорганикалық қосылыс негізіндегі сұйықтықпен уланудың алдын алу үшін барлық жұмысты А маркалы газтұмшамен, фосген түзілуі мүмкін жағдайда В маркалы газтұмшада жүргізу қажет. Жоғары концентрацияда – ауаны күштеп берумен оқшаулайтын шлангілі газтұмшаны пайдалану керек, жұмысты арнайы мақта-мата киімде хлорланған полиэтилен қолғаппен жүргізу керек.

Орт сөндіру құралдары – химиялық көбік және суды шашыратып қую.

385. Гликоль мен оның туындысы негізіндегі сұйықтыққа мыналар жатады:

- 1) этиленгликоль; этиленгликольдің 66 % судағы ерітіндісі;
- 2) төмен температурада қататын 40, 65 маркалы салқыннатқыш (антифриз), Тосол – А, Тосол – А40 сұйықтығы;
- 3) ПОЖ-70 серпілуге қарсы сұйықтығы;
- 4) техникалық этилцеллозоль (И сұйықтығы);
- 5) "Нева", ГТЖ-22М, "Томъ", "Роса" тежегіш сұйықтығы.

Гликоль мен оның туындысы негізінде дайындалған сұйықтықтың ішімдікке тән иісі мен тәттілеу дәмі бар және спирттік ішімдік ретінде қабылдануы мүмкін. Техникалық қауіпсіздікті бұзған кезде және оларды мас болу мақсатында ішкен кезде ауыр улану туғызады, ал кейбір жағдайда өлімге әкеледі.

386. Гликольмен және оның туындысы негізіндегі сұйықтықпен жұмыс істеу кезінде және уланудың алдын алу мақсатында нақты тауар өніміне тиісті нұсқаулықта көрсетілген қауіпсіздік техникасы қағидаларын қатаң орындау қажет.

387. Спирт және спирт негізіндегі сұйықтыққа мыналар жатады: тетрагидрофурфурил спирті (ТГФ), БСК тежегіш сұйықтығы, "Стеол-М" серпілуге қарсы сұйықтығы.

Спирт негізіндегі сұйықтықтың уыттылығы оның құрамындағы будың тығыздығы жоғары және дем алған кезде жіті улану қаупін туғызатын тетрагидрофурфурил, бутил спиртінің болуымен байланысты. "Стеол-М" сұйықтығының құрамына қауіпті зат болып табылатын хромды-қышқылды калий кіреді.

Спирт негізіндегі сұйықтықтың алкогольге тән иісі мен азы дәмі бар, сондықтан қауіпсіздік техникасын бұзған және мас болу мақсатында ішкен кезде қатты улануға әкелуі мүмкін.

388. Спиртпен және спирт негізіндегі сұйықтықпен жұмыс істеу кезінде ол сақталатын және онымен жұмыс жүргізілетін үй-жайдың жабдықталуына ерекше назар аудару керек. Көрсетілген үй-жай табиғи немесе механикалық тарту-сору желдеткішімен жабдықталған болуға тиіс.

Осы өнімнің тез тұтануына және жарылу қаупі бар екенине байланысты оны құятын және сақтайтын жерде ашық отты қолдануға жол берілмейді. Онымен зертханалық жұмыс тек ауасы сорылатын шкафта жүргізіледі.

Өрт сөндіру құралдары: химиялық-көбікті, ауа-көбікті, көмірқышқыл, ұнтақ тәрізді өрт сөндіргіш, асбест мата. Спиртпен және сұйықтықпен жұмыс істеу кезіндегі басқа сақтық шаралары осы Нұсқаулықтың 468-тармағында мазмұндалған.

389. Улы қоспасы бар май мен сұйықтыққа мынадай синтетикалық және минералды май жатады: 7-50С-3, ВНИИ НП 50-1-4ф, ВНИИ НП 50-1-4у, Б-ЗВ, ПТС-225, ЛЗ-240, ИМП-10, МН-7,5у, МС-8РК, МС-8п, Сп солтустік осытік. Бұл майдың құрамында адам организміне әсері бойынша өте қауіпті және қауіпті болып табылатын әртүрлі негіздегі 0,1-5% дейінгі (массасы бойынша) мөлшердегі функционалдық қоспасы (тозуға қарсы, қорғаныш, тотығуға қарсы, таттануға қарсы, питтингке қарсы және басқа) бар.

Улы қоспасы бар маймен улану оның қорғалмаған тері қабатына ұзақ жүйелі әсер етуі кезінде туындаиды.

Қатты улану оны жоғары температурада ұзақ пайдаланған жағдайда әскери техниканың жабық жүйесіндегі майдың термикалық ыдырауынан түзілген өнімнің болуымен дем алғанда туындаиды.

390. Улы қоспасы бар маймен және сұйықтықпен уланудың алдын алу үшін мынадай сақтандыру шараларын сактау қажет:

1) жоғары температура кезінде жүргізілетін барлық жұмысты жақсы желдетілетін үй-жайда (сору шкафында) немесе ашық ауада арнайы киімді (халат, қолғап, жеңдік және оқшаулайтын үлгідегі қолғап) қолданумен жүргізу;

2) улы қоспасы бар май мен сұйықтық киімге тиген кезде оны керосинмен сұрту, ал содан кейін ашық ауада кептіру қажет;

3) гидравликалық және май жүйесін жөндеуді онда қысым болмаған кезде және қозғалтқыш суығаннан кейін жүргізу;

4) жұмыс аяқталған соң жұмыс құралын керосинмен жуу және сабынмен жылы душ қабылдау.

391. Өскери техниканы пайдалану үшін қолданылатын этилденген бензинге Б-91/115, Б-95/130, Б-92, АИ-80, АИ-93, АИ-95 "Экстра" маркалы бензин жатады.

Этилденген бензин құрамында этил сұйықтығы бар. Этил сұйықтығының негізгі құрамдас белігі организмге жиналатын қасиеті бар қауіптілігі жоғары тетраэтилқорғасын болып табылады.

Этилденген бензин қорғалмаған тери қабатына және киімге жиі тиген кезде, сондай-ақ оларды желдетілмейтін және аз желдетілетін жабық үй-жайда құю кезінде көп мөлшерде булануына байланысты анағұрлым қауіпті болады. Бензинмен улану қаупі осы өнім сақталған резервуар мен ыдысты тазарту, жөндеу кезінде, оларды құйып алған соң заарсыздандыру, сондай-ақ бөлшектерді жуу мен тазарту және қозғалтқышты жөндеу кезінде туындауы мүмкін болады.

Ол организмге түсken кезде этилденген бензинмен улану өсіреле қауіпті.

392. Этилденген бензинді қолдану кезінде онымен уланудың алдын алу мақсатында мынадай сақтық шараларын сактау қажет:

1) этилденген бензинді қол жуу және киім тазалау үшін, жұмыс және техникаға қызмет көрсету кезінде еріткіш ретінде, сондай-ақ үй шаруасында жеке мақсат үшін қолдануға жол берілмейді;

2) этильденген бензинмен барлық жұмыс арнайы киімде орындалады, одан басқа, сактау құралдарын тазарту жұмысымен айналысадын жеке құрам жеке қорғаныс құралдарын қолданады;

3) этильденген бензин төгілген киімді дереу шешіп, керосинмен және ыстық сумен жуу, содан кейін ашық ауада кептіру керек.

393. Жеткізу көлігінің түріне қарамастан, УТС-ны тек стандарттар талаптарына немесе осы өнімнің техникалық шарттарына жауап беретін арнайы орамда жеткізуге жол беріледі.

УТС-ны жеткізу құралдарына тиеу тығыз жабылған және герметикалық жағынан тексерілген, жөнелтушінің пломбасымен пломбаланған (мөрленген) ыдыста жүзеге асырылады.

394. Шыны бөтелкедегі УТС бос аралығы жұмсақ орау материалымен (жоңқа, сабан және басқа) толтырылған ағаш жәшікке, торға немесе себетке оралады. Ашық жәшіктің қабырғасы аузы тығындалған шөлмектен 5 см жоғары орнатылады. УТС-ны шыны ыдыста аздан жіберіп жеткізген кезде ол қақпағы бар ағаш жәшікке тығыздалып оралады. Ыдыс техникалық құжаттамада бекітілген нормаларға дейін толтырылады.

395. Жүк жөнелтуші УТС бар әрбір орау орнында (қақпағында және екі бүйірінің біреуінде) осы сұйықтықта қолданыстағы стандарттармен көзделген жүктің қауіптілігі туралы жапсырма қағазды жапсырады немесе трафаретпен жазады. Себеттегі бөтелкеге тақтайшада жабыстырылған жапсырма қағаз кендір жіппен немесе жұмсақ сыммен бекітіледі. Тасымалдайтын ыдыс таңбаланып, манипуляциялық белгі және қауіптілік белгісі салынады.

396. Эрбір ыдыс бірлігіне трафареттің көмегімен сумен және төгілген өніммен жуылмайтын жазу жазылады, ол мыналарды қамтиды:

- 1) өнімнің атауы, маркасы;
- 2) стандарт белгісі;
- 3) әзірлеуші кәсіпорынның тауарлық белгісі;
- 4) ыдыстың нетто (брutto) салмағы немесе мөлшері;
- 5) өнімнің дайындалған күні (айы және жылы);
- 6) партия нөмірі;
- 7) ТТС үшін "У" және "ӨРТ ҚАУПІ БАР" деген жазу.

397. Көлік түріне қарамастан УТС құйылған бөшке, топатай, бөтелке, канистра көлік құралында тығыны жоғары қаратылып қойылады және оларды жеткізу кезінде домалап кетуін (сырғып кетуін) және бүлінбеуін болдырмау үшін мықтап бекітіледі.

398. УТС-ны тиеу және түсіру кезінде жүкті зақымданудан қорғау және сақтық шараларын сақтау қажет. УТС бар ыдысты домалатуға, сұйретуге және лақтыруға жол берілмейді. Бөтелкедегі УТС арнаулы арбада жеткізіледі немесе ұяшығы бар зембілмен алып жүріледі. Себет тұтқасының мықтылығы мен түбін алдын ала тексергеннен кейін себеттегі бөтелкені тұтқасынан ұстап алышп журуге жол беріледі. Жүгі бар бір адамның шыны ыдысты арқасына, иығына немесе алдына салып жеткізуға жол берілмейді.

399. Механикаландыру құралдары көмегімен толтырылған резервуарды және ыдысты тиеуді және түсіруді аса сақтықпен жүргізу керек. Тиеу (түсіру) жөніндегі барлық операция баяу орындалуы керек. Жүкті жұлқуға, соғуға, итеруге, шайқауға және тәмен түсу кезінде кенет тежелуге жол берілмейді.

Тиеу командасының жетекшісі жеке құрамның қауіпсіздік талаптарын сақтауын қадағалауға міндетті.

400. УТС-ны түсіру алдында еденге төгілген өнімнің болмауына көз жеткізу қажет. Егер теміржол вагонын, кеменің трюмін, ұшақтың (тікұшақтың) жүк кабинасын немесе

автомобиль шанағын қарап тексеру кезінде зақымданған ыдыс немесе төгілген сұйықтық анықталса, сақтық шараларын сақтап, дереу зақымданған қораптан немесе төгілген сұйықтықтан арылу шаралары қабылданады.

Барлық жағдайда түсіруді бастар алдында теміржол вагонын, ұшақтың (тікүшактың) жүк кабинасын, кеменің трюмін және басқа да УТС бар жабық орынды есікті, терезені, люкті ашу арқылы желдету керек.

401. Түсіру аяқталған соң сақтандыру шараларын және қауіпсіздік талаптарын сақтап, вагонды жеткізілетін жүк пен қоқыс қалдығынан мұқият тазарту, ал қажет болған жағдайда осы Нұсқаулықтың 6-тармағына сәйкес оларды залалсыздандыру қажет.

402. УТС-ны теміржол көлігімен жеткізу Достастық мемлекеттерінің Теміржол көлігі жөніндегі кеңесі бекіткен "Теміржолмен қауіпті жүкті жеткізу қағидалары" туралы 1996 жылғы 5 сәуірдегі № 15 хаттамаға сәйкес жүзеге асырылады.

УТС-ны теміржолмен жеткізуге беру кезінде жүкті жөнелтуші әліпбелік сілтемеге сәйкес жүккүжатында жүктің дәл атауын және "№ ____ авариялық карточкасы" түріндегі авариялық карточканың нөмірін көрсетеді.

403. УТС-ны жеткізу үшін жүк жөнелтушіге (жүк қабылдаушыға) тиесілі теміржол цистернасы, жабық вагон, арнайы вагон немесе жүк жөнелтуші (жүк қабылдаушы) жалдаған арнайы бөлінген цистерна мен вагон пайдаланылады. Кейбір УТС-ны әмбебап контейнерде және жүк жөнелтушінің немесе жүк қабылдаушының арнайы контейнерінде жеткізуге жол беріледі. Негізгі жүкті жабық вагон мен контейнерде, сондай-ақ ашық жылжымалы құрамдағы қауіпті жүгі бар контейнерде орналастыру және бекіту жүкті тиесінен мен бекітудің техникалық шарттарына сәйкес жүргізіледі. Қауіпті жүкті арнайы контейнерге орналастыру және бекіту тәсілдерін жүк жөнелтуші әзірлейді және бекітеді.

404. УТС станциядан жүкті алушы жүктің келгені туралы хабарды алған сәттен бастап 24 сағат ішінде әкетіледі. Алушы өзіне келген қауіпті жүкті қабылдап, оны станциядан уақтылы әкетеді.

405. Тиесінен тіркелген арнайы жабдықталған вагон, вагон-цистерна немесе арнайы жабдықталған цистерна түсірілген соң жабдықпен бірге толық жеткізу құжаты бойынша жүк қабылдаушының пломбасын қойғызу үшін тіркеу станциясына жіберіледі. Арнайы және жалға алынған вагонға тиесінен түсіру кіреберіс жолда жүргізіледі. Осы вагонда жүкті тек вагондап жөнелтумен жеткізуге жол беріледі.

406. Жүкті алушы төмен қататын салқыннатқыш сұйықтықтан, этиленгликольдан, тетрагидрофурфурол спиртінен кейін теміржол цистернасын залалсыздандыруды цистерна қазандығын сумен бірнеше рет жуу жолымен жүргізеді. Жүкті алушы залалсыздандырылған цистернаны жабады, қақпағын пломбалайды. Пломбаның қасына "БОС, УЛЫ" деген жазуы бар бирка ілінеді.

Теміржол цистернасынан бензин мен майды құйып алғаннан кейін оны қалдықтан белгіленген нормаларға дейін тазарту қажет, қақпағын байлап, соқпай (ұшқынның пайда болуын болдырмау үшін) тығыздап жауып және сомынмен тартып, содан кейін өзінің пломбалайтын қысқышымен цистернаны пломбалау қажет.

407. УТС автомобиль көлігімен автоцистернада, бөшкеде, топатайда, канистра мен бөтелкеде жеткізіледі.

408. УТС-ны автоцистернада жеткізу кезінде формулярда әрбір жеткізуге осы сұйықтықты толтыруға және жеткізуге жарамдылығы туралы жазба жасалады. Жазбаны автоцистернаның жай-құйін тексеретін бөлімнің (бөлімшениң) лауазымды адамы растайды.

409. Жүк автомобильінің шанағына УТС бар бөшке мен бөтелке бір қатарға, канистра мен топатай екі қатарға орналастырылады.

Автомобиль толық тиелмеген кезде бөшке, топатай, канистра шанақтың алдыңғы жағына тығыз орналастырылып, сыммен мықты бекітіледі немесе тыспен (тормен) жабылады.

410. Автоцистернаны тексеру кезінде герметикалығына, ішкі бетінің тазалығына және автомобиль рамасына бекітілу сенімділігіне ерекше назар аударылады.

411. Автомобиль көлігімен жеткізу кезінде мыналарға жол берілмейді:

- 1) автомобильді орнынан күрт қозғауға және тежеуге;
- 2) жоғары жылдамдықпен күрт бұруға;

3) УТС-ны жүк автомобильінің кабинасында және жеңіл автомобильдің жолаушылар отыратын бөлігінде жеткізуге;

- 4) УТС-ны азық-тұлікпен, заттай мұлікпен немесе жеке құраммен бірге жеткізуге;
- 5) УТС-ны алып жүретін адамдардың автомобиль кабинасында болуына.

412. УТС құйылған автомобиль цистернасы мен ыдысты тамақ өнімін жеткізу және сақтау үшін пайдалануға жол берілмейді.

413. УТС-ны әрбір жеткізген сайын жүк автомобильі мен автоцистернасы мұқият тазаланады, ал осы сұйықтықпен ластанған жер залалсыздандырылады.

414. Ыдыстағы УТС-ны порт аумағындағы бөлінген жерге реттеп жинаған кезде бөренеге (жүктүғырға) реттеп қойылады, кенеппен жабылып, ыдыстың герметикалығына қатысты ұдайы бақылауда болады. Ағу байқалған кезде жүк иесі жүкті порт аймағынан дереу әкетеді.

УТС бар бөшкені қатар арасына ағаш төсөумен биіктігі бойынша екі қатар реттеп қоюға жол беріледі.

415. Кемеге тиеу алдында орам мұқият қарап тексеріледі. Ағу немесе оның ізі байқалған кезде сұйықтығы бар ыдысты жеткізуге қабылдамайды және дереу сақтау орнына қайтарады.

416. Жабық ағаш жәшікке, бөшкеге, аралық материалы бар фибродан жасалған барабанға оралған шыны бөтелкедегі УТС кеме палубасында жеткізілетін.

Жеткізетін ыдыс (жәшік, бөшке, барабан) қақпағында "УСТІ" деген жазу, бүйірінде қолданыстағы стандарттарға сәйкес манипуляциялық белгісі және қауіптілік белгісі жазылады.

417. Ағаш тор мықты, осы тордағы топатайдың тесілу қаупінен сақтайтындағы жақын орналасқан тақтайшадан жасалған болуға тиіс.

418. Кемеге тиеуге алдын ала герметикалық ыдысқа құйылған, қоймада кемінде үш тәулік бақылауда болған УСТ (әсіресе тез тұнатын) қабылданады.

УСТ-ны орау және орнын ұстай үшін жүк жөнелтуші жөнелтуді ұйымдастырады.

419. Кемеде УСТ-ның аққан орны анықталса, ол дереу кетіріледі, еденге құм себіледі және жинап алғаннан кейін сумен мұқият жуылады.

420. Әуе көлігімен жеткізуғе тек нормативтік техникалық құжаттамасы жасалуына сәйкес келетін және орауы кез келген үшүү режимінде (жағдайында) әуе тасымалының қауіпсіздігіне толық жауап беретін УСТ жіберіледі.

Шыныдан (фарфордан, керамикадан) жасалған ыдыста жеткізілетін УСТ аққан және төгілген жағдайда зақымданудан және сұйықтықтың сіңіп кетуінен сақтану үшін, үшүү аппараты жүк бөлігінің еденіне жұғып және еденнің астындағы кеңістікке бойлап кетпеуі үшін УСТ жеткілікті мөлшерде (кулмақта, кизельгур) инерttі сініргіш материалмен оралуы қажет.

421. Үшүү кезінде ішкі қысым салдарынан ыдыстың жарылуын (деформациялануын) және УСТ-ның ағып кетуін болдырмау үшін ол толық толтырылады. Ідысты толық толтырмау (газ кеңістігі) ыдыстың нақты сыйымдылығынан пайыздық байланыста белгіленеді (кемінде 10 %).

422. Топтық ыдысқа тек бірге жеткізуғе шек қойылмайтын УСТ бар орам салынуы мүмкін.

Әрбір УСТ оны орау қағидаларына сәйкес жеке ыдысқа оралады.

Осыдан кейін олар тиісті материалмен бөлінген топтасқан қорапқа реттеп салынады

423. Топтасқан ыдыс ретінде әмбебап контейнер мен тұғырық пайдаланылады. Контеинердің УСТ-ны жеткізуғе жарамдылығы мен жеткізуғе жіберілгендердің жүк жөнелтуші сертификат арқылы растайды. Әмбебап контейнердегі жүк іште оның кез келген қозғалысын болдырмау үшін қозғалмайтындағы орналастырылады және бекітіледі.

424. Салмағы 10-100 кг және одан артық орамның тиеу-түсіру жұмысын орындау кезінде оны жылжытуға қолайлы құрылғымен жабдықталады. Салмағы 100 кг артық орам (бөшкеден басқа) жүк көтергіш жабдықтың көмегімен көтеру үшін құрылғысы болуы қажет.

425. Қайтарылған ыдысты әуемен жеткізуғе тек ішкі және сыртқы жағынан бірдей таза, кептірілген және зарасыздандырылған күде жол беріледі, ол ыдыстың

тазартылғаны және заарсыздандырылғаны және әуе көлігімен жеткізу қауіпсіздігі туралы актілермен расталады.

Қайтарылған ыдысты жеткізуге қабылдау туралы өтініште жүк жөнелтуші онда қандай сұйықтықтың жеткізілгенін, сондай-ақ ыдыстың тазартылғаны, кептірілгені және заарсыздандырылғаны туралы көрсетеді. Өтінішке қоса ыдысты тазарту және заарсыздандыру туралы акт беріледі.

426. Ұшатын аппараттың сыртқы аспасында жеткізілетін барлық жүккө қауіптілік таңбасы мен белгісі орамның (ыдыстың) тікелей өзіне салынады. Ұшатын аппараттың және жүктің зақымдануын болғызыбау үшін аспалы бирканы қолдануға жол берілмейді.

427. Әскери бөлім комидирінің (бастығының) бұйрығымен УТС-ны қабылдау үшін офицердің төрағалық етуімен арнайы комиссия тағайындалады. Комиссияның құрамына міндettі түрде УТС-ның сақталуына материалдық жауапты адамдар енгізіледі.

428. Комиссия мүшелеріне УТС-ны қолдану кезіндегі еңбек қауіпсіздігі бойынша нұсқау беру жүргізіледі, ол туралы нұсқау беруді тіркеу журналында жазба жасалады.

429. Қабылдау барысында комиссияға:

ыдыстың ақаусыздығын, пломбаның бүтіндігін, жүктің сақталғандығын тексеру;

УТС-ны қабылдау жөніндегі барлық операцияның орындалуын бақылау;

жүкті қабылдау актісін жасау қажет.

430. УТС-ны қабылдау үшін қоймада осы өнімге тиісті таңбасы бар таза герметикалық жабылатын ыдыс (резервуар), айдайтын құралдар мен тиек құрылғысы дайындалады немесе ыдыстағы өнімді сақтау үшін жабдықталған арнайы орын бөлінеді.

431. Өнімнің әрбір маркасына сәйкес УТС-ны қабылдау үшін жеке ыдыс (резервуар, бөшке, топатай) немесе ыдыс тобы бөлінеді.

Жылжымалы айдау құралдары, әдетте УТС-ның белгілі бір маркасына бекітіледі.

Ыдысты және май құятын құралдарды УТС-ның басқа маркасына пайдаланған жағдайда соңғысы осы Нұсқаулықтың 479-тармағының талаптарына сәйкес залалсыздандырылады.

432. Теміржол (автомобиль) цистернасынан УТС-ны құйып алар алдында оны тұрақ және қол тежегішінің, сондай-ақ дөңгелектің астына орнатылатын тежегіштің (сынаның) көмегімен рельс жолына (жол төсеміне) мықтап бекіту қажет. Одан басқа, құятын көліктің, айдау құралдарының жерге түйістірілуін, дереу қолдануға дайын өрт сөндіру құралдарының, зардап шеккен адамға алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған дәрі қобдишаның болуын тексеру қажет.

433. Теміржол және автомобиль цистернасынан УТС қалдырылмай толық құйып алынады. УТС бар цистерна люгінің немесе басқа ыдыстың қақпағын ашқанда ондағы

өнімнің жиналған буынан улану мүмкін болғандықтан жел жағынан тұру керек. УТС-ны дереу құйып алу мүмкін болмаған жағдайда соңғысы пломбаланған күйде күзетуге өткізіледі.

434. УТС-ны құйып алғаннан кейін айдау құралдары мен коммуникациялық құбыр толық айдалған өнімнен босатылады. Бұл ретте герметикалық ыдыста жиналған өнім әскери бөлім қоймасына өткізіледі.

435. Улы қоспасы бар май мен сұйықтық, сондай-ақ қаупі аз УТС-ға жататын этилденген жанармай барлық қолдану жағдайында (бейбіт, жауынгерлік, оқу-жаттығу, марш) басқа мұнай өнімі сияқты сақталады, бірақ онымен жұмыс істегендеге қауіпсіздік шараларын сақтау қажет.

Осы өнімге (ұзақ сақталатыннан басқа) арналған резервуарды тазалау қауіпсіздік техникасы талаптарына сәйкес жылына бір рет жүзеге асырылады. Тазалау аяқталғаннан кейін резервуардың ішкі бетінің тазалығы тексеріледі және УТС-ның тиісті маркасын қабылдау және сақтау үшін пайдалану мүмкіндігі туралы тұжырыммен бар акт жасалады.

436. Қауіптілігі жоғары және қалыпты қауіпті УТС-ны барлық қолдану жағдайында (бейбіт, жауынгерлік, оқу-жаттығу, марш) жылтытылмайтын жабық арнайы жабдықталған үй-жайдағы (сақтау орнындағы) күзетілетін қоймада немесе басқа өнімнен бөлек уақытша бөлінген алаңда сақталады.

Барлық УТС-ны сақтау орнында:

1) сақталатын УТС түріне байланысты залалсыздандырылғыш материалы бар қақпақпен жабылған, еденнен 15-20 см биік тұғырға орнатылған бөшке (жәшік);

2) құрғақ үгінді құм (құрғақ ағаш үгіндісі) бар жәшік;

3) қалақша қүрек;

4) суы бар (жазда) бөшке және шелектер;

5) жеке қорғану құралы;

6) осы Нұсқаулыққа 24-қосымшаға сәйкес УТС-мен уланған кезде алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған дәріқобдиша;

7) "Бейбіт уақытқа арналған ҚР ҚК өртке қарсы қорғаныс мүлкімен жабдықтау нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 348 бүйріғына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11741 болып тіркелген) өрт сөндіру құралдары болады.

437. Қауіптілігі жоғары және қалыпты қауіпті УТС-ны сақтау үшін уақытша бөлінген алаңның барлығы тікен сыммен қоршалады. Сақтау орнының есігінде, қақпасында (сұйықтықты алаңда сақтаған кезде) қауіптілік белгісі бар трафарет іліну керек, олар құлышпен жабылып, пломбаланады. УТС бар әрбір сақтау орнына (үй-жайға) әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) бүйріғы бойынша жауапты адам (офицер немесе келісімшарт бойынша әскери қызметші) бекітіледі, ол

УТС-ны қабылдауды, сақтауды және беруді ұйымдастыруға және онымен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасы талаптарын қамтамасыз етуге жауап береді.

Қауіптілігі жоғары және қалыпты қауіпті УТС-ны сақтау орнында мынадай ақпараттық материалы бар стендтер болады:

1) УТС-пен жұмыс істеуге жіберілген лауазымды адамдар көрсетілген бөлім бойынша бұйрықтан үзіндімен;

2) зардап шеккен адамдарға алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша үзіндімен;

3) УТС-ны алуға жүккүжат үлгісімен.

438. УТС сақталатын резервуар мен ыдыс ақаусыз, герметикаланып жабылған және әрқашан пломбаланған болуға тиіс.

Барлық қабылданатын және құятын құрылғы міндетті түрде пломбалануға тиіс.

Бос ыдыс пен УТС бар ыдысты пломбаланбаған күйде және тіпті аз уақытқа болса да, әсіресе дала жағдайында күзетсіз қалдыруға, сондай-ақ белгіленген таңбалануы жоқ ыдыста УТС-ны сақтауға қатаң түрде жол берілмейді.

439. УТС-ны сақтау, жеткізу және айдау құралының барлық түрі таңбаланған болуға тиіс.

440. УТС-ны техника тұрағы орнында, қызметтік, өндірістік және осы мақсатқа арналмаған басқа да үй-жайда сақтауға жол берілмейді.

Регламенттік (жөндеу) жұмыс үшін бөлімшелерге берілген және жұмыс күні бойы толық пайдаланылмаған қауіптілігі жоғары және қалыпты қауіпті УТС-ны қауіптілік белгісін салумен сейфте сақтауға жол беріледі, оны жөндеу бөлімінің командирі жауып, мөрлейді. Жұмыс аяқталғаннан кейін барлық артылып қалған, сондай-ақ жүйеден құйылып алынған сұйықтық бөлім қоймасына өткізіледі.

441. Бос резервуар мен УТС-дан босаған ыдысты, оның ішінде УТС-ны жеткізгеннен және бергеннен кейін залалсыздандырылмаған автотомобильмен жеткізу мен айдау құралдарын пломбаланған түрде сақтау орнында немесе тікенді сыммен қоршалған уақытша бөлінген алаңда сақтау керек.

442. УТС-дан босаған ыдысты су және азық-түлік өнімін сақтау және жеткізу үшін пайдалануға қатаң түрде жол берілмейді. Азық-түлік емес өнімді сақтау және жеткізу үшін бұл ыдысты тек ерекше жағдайда ғана және оны жақсылап тазалап, жуғаннан кейін пайдалануға болады.

443. УТС-ның сақталуын қамтамасыз ету және олардың ағып кетуінің алдын алу үшін осы өнім бар барлық сақтау құралын (резервуар, бөшке, топатай, канистра) жауапты адамдар күн сайын қарап отыру керек.

444. УТС бар резервуардан немесе ыдыстан ағу анықталған жағдайда оны жою жөніндегі шараларды шұғыл қабылдау қажет. УТС-ның ағуын тоқтату мүмкін

болмаған жағдайда ол дайын қосалқы (резервтегі) ыдысқа қажетті қауіпсіздік шараларын сақтап құйып (құю) алынады. УТС-ны сақтау барысында резервтегі таза бос ыдысты екі жүз литрлік 100 бөшкеге – 1 бос ыдыс есебімен сақтау көзделеді.

УТС-мен ластанған және ол төгілген жер қорғалады және залалсыздандырылады.

445. УТС-ны қолданудың барлық жағдайында ол орталық және әскери қоймадан жабдықталым органының жүккүжаты (тәртіптемесі) бойынша тиеледі және беріледі. Оны тиеу және беру осы Нұсқаулықтың 393-тармағында көзделген көлік құралы мен ыдыс түрінде жүзеге асырылады.

446. УТС-ны алған кезде алушыда қажетті құжаттардан басқа, УТС-мен жұмыс істеуге жіберу туралы бөлім бойынша бұйрықтан үзінді болуға туіс.

447. Тиеу және беру кезінде УТС-ның сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жеткізу құралдары мен ыдыстың ақаусыздығына және герметикалығына, сондай-ақ жеткізу құралдарының сенімді бекітілуіне ерекше назар аудару қажет.

448. УТС-мен теміржол немесе автомобиль цистернасын толтыру алдында осы Нұсқаулықтың 403 және 408 – 410-тармақтарында мазмұндалған дайындық операциясы орындалуы керек.

Цистернаны УТС-мен толтырганнан кейін барлық құбыр жолы коммуникациясы және құю құралы өнім қалдығынан босатылады.

Жиналған сұйықтық қалдығы бөлімше қоймасына герметикаланған және пломбаланған ыдыста өткізіледі.

Тиеу құжаттарында осы Нұсқаулыққа 25-қосымшаға сәйкес міндетті түрде жүк қауіптілігінің санаты көрсетіледі.

449. Бензин мен майдан басқа УТС-ны әскери бөлім қоймасынан беру бөлімше командирі мен жанармай қызметінің (жабдықтау органының) бастығы қол қойған наряд (жүккүжаты) бойынша жүзеге асырылады.

Жүккүжатының алдынғы бетінде "У" деген жазу болады, ал артқы бетіне алушы оны пайдалану және алынған УТС-ны жеткізу қағидаларын білетіні туралы қол қояды.

450. УТС-ны әскери бөлімнің жабдықтау органынан алу үшін бөлім (бөлімше) командирлері жабдықтау (қызмет) органына оның шығыс нормаларын ескеріп жасалған сұйықтықтың қажетті мөлшерінің есеп-негізdemесін қоса беріп, жазбаша түрде өтінім ұсынады.

Аталған құжаттарды ресімдемей және қамту органының рұқсатынсыз УТС-ны барлық беру жағдайы дереу тексеріледі, ал оған кінәлі ададмар қатаң тәртіптік жауаптылыққа тартылады.

451. Нормативтік техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес УТС тек тікелей арналуы бойынша – пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа (басшылыққа) сәйкес және белгіленген шығыс нормасы шегінде әскери техниканы пайдалану үшін пайдаланылады.

452. УТС-ны тікелей арналуы бойынша емес (жүйені жуу, шаруашылық және басқа мұқтажға) беруге және пайдалануға қатаң түрде жол берілмейді.

453. Әскери техника бұйымының жұмыс жүйесінде УТС-ны қолдану кезінде жүйенің герметикалығын құнделікті бақылау және айқындалған ақауды уақтылы жою қажет.

454. УТС маусымдық мақсат үшін техниканы пайдаланудың температуралық диапазонына сәйкес қолданылады. УТС-ны техника жүйесінде араластыруға оның үйлесімділігі мен өзара ауыстыру туралы директивалық нұсқау бар болғанда жол беріледі.

Маусымдық сұйықтықты ауыстыру техникаға маусымдық техникалық қызмет көрсету кезінде жүзеге асырылады. Құйып алынған маусымдық УТС тұндырылады, сүзіледі және оны тарауда мазмұндалған қауіпсіздік шараларын сақтап, арнайы дайындалған герметикалық ыдыста сақталады.

455. Сүзілген УТС сапасы қойма (бөлім) зертханасы нақты өнімге нормативтік техникалық құжаттама талаптарына сәйкестігіне жүргізетін зертханалық талдау нәтижесі бойынша анықталады.

Оның сапа көрсеткішінің белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде пайдаланылған сұйықтықты тікелей арналуы бойынша қайта пайдалануға жол беріледі.

456. Пайдаланылған УТС тиісті маркадағы жаңа сұйықтық үшін көзделген қауіпсіздік шараларын сақтап қабылданады, сақталады, беріледі және жеткізіледі.

457. Техниканы жөндеу органына жіберер алдында, сондай-ақ оның жүйесінің жекелеген торабын және агрегатын жөндеу алдында УТС толығымен құйып алынады және дереу әскери бөлім қоймасына тапсырылады. Техниканы өз жүрісімен жөндеу кәсіпорнына (зауытқа) жөнелткенде жүйе мен агрегаттан қолданылатын УТС-ны құйып алу және тапсыру ол жөндеу кәсіпорнына (зауытқа) келген кезде осы кәсіпорында құйып алынған УТС мөлшерін міндettі түрде есепке алумен жүзеге асырылады.

458. УТС-ны бір әскери бөлімнен екіншісіне, сондай-ақ бір бөлімшеден екіншісіне беруге тиісті қамтамасыз ету органы (қызметі) бастығының арнайы жазбаша рұқсатынсыз жол берілмейді.

459. УТС сапасын бақылау қоймада оны қабылдау, сақтау, тиеу және беру кезінде, сондай-ақ әскери бөлім зертханасында жүзеге асырылады. Әскери бөлімде өз зертханасы болмаған кезде УТС-ны талдау жабдықталым органы бастығының нұсқауы бойынша жақын жердегі орталық (әскери) қоймада немесе орталық зертханада жүргізіледі.

460. УТС сапасын бақылау мынадай мақсатта ұйымдастырылып, жүргізіледі:

1) УТС сапасы физикалық-химиялық көрсеткішінің өнімге жасалған нормативтік техникалық құжаттар талаптарына сәйкестігін анықтау (өнімнің сұрыпталғанын айқындау);

2) жеткізу, сақтау және қолдану кезінде өнімнің бүлінуінің алдын алу;

- 3) уақтылы жаңалау;
- 4) материалдық бөлімде ұтымды қолдану;
- 5) өзірлеуші зауыттың ыдысында және құю ыдысында (багында), әскери техника бүйымында ұзақ уақыт сақтау процесіндегі УТС-ның сапалық жай-күйін бағалау.

461. УТС сапасын зертханалық тексеру осы Нұсқаулықта белгіленген тәртіппен және мерзімде өнімге нормативтік техникалық құжаттама талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Сұйықтыққа талдау оның сапасы төмендеген немесе оған күмәнданған кезде, оларды кезекті тексеру мерзімін күтпей жүргізіледі.

462. Резервуардан, теміржол немесе автомобиль цистернасынан, бөшкеден, топатайдан және басқа да сақтау мен жеткізу құралынан УТС сынамасын алу белгіленген нысан бойынша жүргізіледі және актімен ресімделеді. Сынама ұлгісін алу жұмысын орындауда қауіпсіздік талаптарын сақтау қажет.

463. УТС сынамасы сапаны бақылау орнына УП-2 арнайы орауында жеткізілуге тиіс, ол үшін УТС сыйымдылығы 0,8 дм³ таза құрғақ шыны бөтелкеге құйылады. Бөтелкені сыйымдылығының 90 %-ынан асырмай толтырады.

464. Сынама бар бөтелке тығынмен немесе УТС-да ерімейтін төсемі бар бұрандалы қақпақпен герметикаланып тығындалады. Тығындалған бөтелкенің аузы полиэтилен үлдірмен немесе сынаманың сақталуын қамтамасыз ететін басқа қатты материалмен оралады және жіппен байланады, оның ұшы этикеткадағы тесікке кигізіледі. Кендір жіптің ұшы пломбаланады немесе қатты картон немесе ағаш пластинаға сүргішпен құйып, мөрлейді, Этикетканы шыны ыдысқа жапсыруға жол беріледі.

Этикеткада:

- 1) есепке алу журналы бойынша сынама нөмірі;
- 2) УТС атауы;
- 3) жеткізуші кәсіпорын атауы;
- 4) резервуардың нөмірі мен құю биіктігі;
- 5) партия, көлік ыдысы бірлігі, цистерна нөмірі;
- 6) сынама алынған кеме атауы және танк нөмірі және т.с.с.;
- 7) сынаманың алынған күні, уақыты;
- 8) сынаманы сақтау мерзімі;
- 9) УТС-дағы стандарт белгісі;
- 10) ТТС үшін "У" және "ӨРТ ҚАУПІ БАР" деген жазу;
- 11) сынаманы алған және мөрлеген адамның лауазымы мен тегі көрсетіледі.

Көрсетілген үлгімен дайындалған сынаманы осы тарауда белгіленген тәртіппен тасымалданатын УП-2 орамасына салады.

465. УТС сынамасы ішкі орауының дұрыстығын жөнелтуші ұйымдастырады.

466. Орталық қойма зертханасы мен МТС базасының зертханасы әскери бөлімнен УТС сынамасын жүккүжаты бойынша қабылдайды, саны бойынша оны есепке алушы

жүргізеді, ал сынаманың қалдығы ол туралы акт жасаумен жүккүжаты бойынша беріледі немесе өртеледі және жойылады.

467. Әскери бөлімде ай сайын УТС-ны есепке алу, сақтау дұрыстығын, жұмсау заңдылығы мен мақсатқа сәйкестігін тексеру үйымдастырылады.

468. УТС-ны есепке алудың, жұмсалуы мен нақты қолда барының жай-күйін әрбір тексеру міндетті түрде әскери бөлім жанармай қызметінің есепке алу құжаттарымен тексерілетін объектінің есепке алу деректерімен салыстырып тексеруді қамтиды.

469. УТС-ның тұсуін есепке алуды, сақталуын және жұмсалуын жоспарлы тексеруді әрбір айдың соңында әскери бөлім жанармай қызметінің бастығы жүргізеді.

470. УТС-ны есепке алуды жоспардан тыс тексеруді әскери бөлім командирінің және жоғарғы командирдің (бастықтың) шешімі бойынша комиссия әр айдың соңында УТС-ны жұмсау нормаларынан асыру, тікелей арналуы бойынша пайдаланбағаны, үрланғаны туралы сигнал болғанда кейіннен акт жасаумен жүргізеді.

Жоспардан тыс тексеруді жүргізу мерзімі мен тәртібін оларды тағайындастын аdamдар белгілейді.

471. Тексеру актісінде УТС-ны жұмсау заңдылығы мен шығыстың белгіленген нормаға сәйкестігі мәселесі қамтылады.

472. УТС-ны жұмсау заңдылығын тексеру:

1) жұмыс істелетін УТС-ның көрсетілген техникадағы техникалық құжаттамаға сәйкес келуін;

2) УТС-ның жұмсалуының көрсетілген нормаларға сәйкестігін қамтиды.

473. УТС-ны есепке алу құжаттарын тоқсанына бір рет әскери бөлім командирі (бастығы) тағайындаған ішкі тексеру комиссиясы тексереді.

УТС-ны сақтауды үйымдастыруды және болуын тексеру ай сайын айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша жүргізіледі. Тексеру нәтижесі актімен ресімделеді.

474. Әскери бөлім (мекеме) командирі (бастығы) жоғалуды, жетіспеуді немесе заңсыз жұмсауды анықтағанда шығынның туындауы себебін, мөлшерін және кінәлі адамдарды анықтау үшін қызметтік тергеп-тексеру тағайындаиды.

475. Пайдаланылған УТС деп әскери техника бүйімінің жұмыс жүйесінде белгіленген мерзімде пайдаланылған немесе пайдалану процесінде нормативтік техникалық құжатта белгіленген сапаны жоғалтқан және жүйеден құйып алынған сұйықтық, сондай-ақ сақтау, жеткізу және айдау құралдарын тазалау кезінде қалыптасқан қоспа аталады.

Пайдаланылған УТС заңнамада белгіленген тәртіппен жинауға және кәдеге жаратуға жатады.

Мұнай негізіндегі қауіптілігі аз пайдаланылған УТС (осытік Сп, МН-7,5у, МС-8РК, МС-8П) жинап алуға және индустримальық пайдаланылған май тобына құюға жатады.

Пайдаланылған синтетикалық авиациялық май (ВНИИ НП 50-1-4ф, ВНИИ НП 50-1-4у, Б-ЗВ, ПТС-225, ЛЗ-240) маркасы бойынша оның сапасын кейіннен қосалқы

техникада пайдалану үшін қалпына келтіруді ұйымдастыру мақсатында жиналады, ал мұндай қолдану мүмкін болмаған жағдайда пайдаланылған мұнай өнімі қоспасының тобы ретінде тапсырылады.

476. Эскери бөлімнің ЖЖМ қызметіне:

- 1) тобы немесе маркасы бойынша бөлек пайдаланылған УТС-ны құйып алу, тұндыру мен сақтау пунктін жабдықтау;
- 2) бөлім бөлімшесінен және оған бекітіліп берілген эскери бөлімнен пайдаланылған УТС-ны алдын ала әзірленген ыдысқа қабылдауды және сапасын бақылауды ұйымдастыру;
- 3) орталық жанаармай қоймасына пайдаланылған УТС-ны тобы немесе маркасы бойынша тапсыруды ұйымдастыру;
- 4) бөлімшеден (бекітілген эскери бөлімнен) пайдаланылған УТС-ны қабылдауда тиісті құжаттаманы ресімдеу;
- 5) эскери бөлім бөлімшесін пайдаланылған УТС-ны жинау үшін ақаусыз құралмен және ыдыспен қамтамасыз ету жүктеледі.

477. Эскери бөлімде пайдаланылған УТС-ны құйып алу үшін сұйықтықты құйып алған кезде механикалық қоспамен және сумен арасу мүмкіндігін болдырмайтын арнайы алаң ұйымдастырылады және дайындалады. Дайындалған алаң бөлім командирінің (бастығының) бүйрекімен әскери бөлімдегі (мекемедегі) жауапты адамға бекітіледі.

Пайдаланылған УТС-ны құйып алар алдында ыдыс пен құралдың тазалығы бақыланады, сондай-ақ жүйенің құятын тесігі сұртетін материалмен ықсылап сұртіледі.

Пайдаланылған УТС-ны жинау пунктін жабдықтауды әскери бөлім (мекеменің) командирінің (бастығының) тыл жөніндегі орынбасары (МТК) ұйымдастырады.

478. Пайдаланылған УТС-ны жинау пунктінде алғашқы медициналық көмек көрсету үшін дәрікобдишасы және пайдаланылған УТС-ны жинау тәртібі туралы нұсқаулықпен және әскери бөлім (мекеме) командирі (басшысы) бекіткен олармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы құжаттамасы тақтасы болуы керек.

479. Пайдаланылған УТС-мен толтырылған ыдысқа өнімнің маркасын және қауіптілік белгісі көрсетіліп, майлы бояумен "Құйма. Пайдаланылған сұйықтық (май)" деген жазу жазылады.

Пайдаланылған УТС бар барлық ыдыс герметикаланып жабылады, пломбаланады және қоймаға өткізіледі.

480. Пайдаланылған УТС-ны күзетсіз сақтауға жол берілмейді. Сақтау өнеркәсіп зауытынан келіп түсken жаңа сұйықтықтан бөлек жүзеге асырылады.

7-тарау. Қауіпсіздік шаралары және өртке қарсы қорғану

481. Жанаармайдың өрт және жарылу қаупі, статикалық электр зарядын жинау, жоғары буланғыш, сондай-ақ адам ағзасына зиянды әсер етуі мүмкін өзіндік ерекшелігі

болады. Анағұрлым уыттылығы жоғары этильденген бензин және улы техникалық сұйықтық (этиленгликоль, төмен қататын салқындақтың сұйықтық, тежегіш сұйықтығы) болып табылады.

482. Жанармаймен және майлағыш материалдармен жұмыс істеу, ЖЖМ қызметінің техникалық құралдарын, мүлкі мен объектілерін пайдалану барысында техникалық қауіпсіздік пен өртке қарсы қорғану қағидаларын сақтау үшін Қазақстан Республикасы Инвестициялар даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 342 бұйрығымен бекітілген Мұнай-химия, мұнай өндеу салаларындағы қауіпті өндірістік объектілер, мұнай базалары және автожанармай құю станциялары үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10256 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 15 маусымдағы № 286 бұйрығымен бекітілген Мұнай мен мұнай өнімдеріне арналған резервуарларды пайдалану және жөндеу кезіндегі өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23068 болып тіркелген) талаптарын басшылыққа алу қажет.

Жанармаймен және улы техникалық сұйықтықпен жұмыс істеуге және техникалық құралдарды пайдалануға рұқсат берілген адамдар қолданыстағы бұйрықтарды, оларды жұмыста пайдалану жөніндегі ережелер мен нұсқаулықтарды басшылыққа алады, ол уақтылы аварияның, өрттің, апаттық жағдайдың, жеке құрамның өмірі мен денсаулығын сақтаудың, сондай-ақ әскери мүлікті сақтаудың алдын алады.

483. Жеке құрамға жанармай қоймасында жұмыс істеуге рұқсат беру Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1019 бұйрығымен бекітілген Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидалары мен мерзімдерінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12665 болып тіркелген) талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Жанармай қоймасында:

- 1) қойма тізіміне жаңа енгізілген барлық жеке құрамға бастапқы нұсқау беру;
- 2) қойманың техникалық құралдарына, жабдығы мен құрылышжайына қызмет көрсету жұмысын орындау үшін тағайындалған жеке құрамға жұмыс орнында бастапқы нұсқау беру;
- 3) барлық жеке құрамға кезең-кезеңімен қайта нұсқау беру;
- 4) құнделікті нұсқау беру;
- 5) жоспардан тыс нұсқау беру жүргізіледі.

484. Бастапқы нұсқау беруді бөлім жанармай қызметінің бастығы жаңадан келген жеке құрамды ішкі тәртіп қағидаларымен, жанармаймен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік шараларымен таныстыру мақсатында жүргізеді.

Бұл ретте:

- 1) қойма аумағы мен қойма үй-жайында өзін ұстau;
- 2) ескерту жазбасының, плақатының, белгісінің, дыбыстық және жарық дабылдамасының арналуы;
- 3) тікелей жұмыс орнындағы қауіпсіздік шаралары;
- 4) оларға қатысты техника қауіпсіздігі бойынша жоғары талаптар қойылатын машинаға, механизм мен басқа да жабдыққа қызмет көрсету ерекшелігі;
- 5) жанармаймен, электр жабдығымен, қышқылмен, сілтімен, сығылған ауамен, газбен, өндірістік су буымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларының талаптары;
- 6) кейбір жазатайым оқиғаның мән-жайы мен себептері;
- 7) қалыпты жұмыс жағдайын жасау үшін жарық беру және желдету ерекшелігі;
- 8) жазатайым оқиға кезінде зардал шеккен адамның өзіне-өзі және дәрігерге дейінгі көмек көрсету тәсілдері;
- 9) қоршаған ортаны жанармаймен, жану өнімімен және басқа да зиянды заттармен ластауды болдырmaу тәсілдері түсіндіріледі.

485. Әрбір жұмыс орнында бастапқы нұсқау беруді қойма бастығы қойманың техникалық құралдарымен, жабдығымен және құрылышжайымен жұмыс істеу және қызмет көрсету кезінде қауіпсіздік техникасы ерекшелігімен жеке құрамды таныстыру мақсатында жүргізеді.

Бұл ретте:

- 1) осы жұмыс орнында өзін ұстau;
- 2) жұмыс орнында бар жабдықпен және аспаппен жұмыс істеу, қолдану ерекшелігі;
- 3) жұмыс басталар алдында, жұмыс уақытында және жұмыс аяқталғаннан кейін жұмыс орнын ұстau және қызмет көрсету тәртібі;
- 4) туындаған авариялық жағдай кезінде өзін ұстau;
- 5) қорғау құралдарын тағайындау және оны қолдану тәртібі түсіндіріледі.

486. Жұмыс орнында бастапқы нұсқау беруді өткізгеннен кейін өздігінен жұмыс істеуге рұқсат етуді қойма бастығы нұсқау алған адам жұмысты қауіпсіз орындау қағидаларын менгергеніне бақылаумен сұрау арқылы көз жеткізгеннен кейін береді.

487. Мерзімдік қайта нұсқау беру олардың жұмысты қауіпсіз орындау тәсілдері мен әдістерін жақсы менгеруін қамтамасыз ету мақсатында жеке немесе әскери қызметшілер тобымен тоқсанына бір реттен сиретпей жүргізіледі.

Оларда жұмыс істеу тоқсан сайын нұсқау беруді талап етпейтін лауазымдар үшін жарты жылда бір реттен сиретпей жүргізіледі. Осында лауазымдар тізбесін әскери

бөлім (мекеме) ЖЖМ қызметінің бастығы белгілейді және әскери бөлім (мекеме) командирі (бастығы) бекітеді.

488. Күнделікті нұсқау беруді қойма бастығы жанармайды қабылдау, беру мен айдау, тиегірлік және басқа жұмысты бастар алдында жүргізеді.

489. Жоспардан тыс нұсқау беру:

- 1) жеке құрам қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықты бұзған жағдайда;
- 2) қоймадағы жұмыспен байланысты жазатайым оқига болғанда;

3) әскери бөлім ЖЖМ қызметі бастығының немесе әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) тыл (материалдық-техникалық қамтамасыз ету) жөніндегі орынбасарының ерекше нұсқауы бойынша жүргізіледі.

490. Кіріспе, бастапқы, мерзімдік қайта және жоспардан тыс нұсқау беру нұсқау беру журналында ресімделеді, ол қойма бастығында сақталады. Журнал нөмірленеді, әскери бөлімнің мөрімен бекітіледі және құпия емес іс жүргізу ісі тізбесі бойынша есепке алынады.

Нұсқау беруден өтпеген адамдарға жанармай қоймасына жұмыс істеуге жол беруге жол берілмейді.

491. УТС-мен жұмысқа уақытша тағайындалатын адамдардың көсіби ауруға шалдығуының алдын алу мақсатында олар Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 28 қазандағы № 589 бүйрекімен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери-медициналық бөлімшелерінде жеке құрамға медициналық қарап-тексеруді жүргізу қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21552 болып тіркелген) талаптарына сәйкес алдын ала, ал тұрақты жұмыс істейтіндер кезең-кезеңімен міндетті және профилактикалық медициналық қарап-тексеруден өтеді.

УТС-мен жұмыс істейтін жеке құрам осы сұйықтықтың қасиетімен, онымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік шараларымен және алғашқы көмек көрсету тәсілдерімен қол қююмен таныстырылады.

Әрбір обьектінің ерекшелігін ескеріп, әзірленген қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықты әскери бөлімнің (мекеменің) командирі (бастығы) бекітеді. Бекітілген нұсқаулықтардың бірінші данасы әскери бөлімнің (мекеменің) іс жүргізуінде сақталады, ал екінші данасы жұмыс орнында ілінеді. Одан басқа, жұмыс орнында көзге жақсы көрінетін ескертпе жазбасы, жұмыс ерекшелігін көрсететін қауіпсіздік техникасы бойынша плакат ілінеді.

492. Зардап шеккен адамға дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық көмек көрсету үшін қоймада жабдықталған дәріқобдиша болады.

493. Жанармай тез буланады, өрт, жарылу қаупі бар және онымен дұрыс жұмыс іstemеген кезде ол адамға зиянды әсер етуі мүмкін.

Жанармай мен арнайы сұйықтықтың көптеген сұрпының буы ауадан ауыр болады, сондықтан олар үй-жайларда төменгі бөлігінде, арнада, құдықта, казематта және басқа да

құрылышта жиналады. Ауамен белгілі бір қатынаста осы бу ашық оттан, үшқыннан тұтанатын жарылу қаупі бар қоспаны түзеді.

494. Жанаармайдың қауіпті бу концентрациясы түзілетін барлық үй-жай жұмыс басталар алдында желдетілуге тиіс. Осы үй-жайға кіреберісте үй-жайға кіру алдында және жұмысты бастар алдында желдету қажеттігі туралы ескертпе жазба ілінеді.

Жарылыс қаупі бар ортада жұмыс істеу кезінде жұмыс істейтін адамдар болат шегесі мен тағасы жоқ аяқ киімде болады.

495. Жанаармайды қабылдау мен беру, резервуар жабдығына, автоотынқұйғыш автоцистернаға қызмет көрсету, жарылу қаупі ортада басқа жұмысты орындау барысында тек соққы кезінде үшқын бермейтін түсті металл сайман қолданылады. Люктің қақпағын соқпайз, баяу ашып, жабу керек.

Олшеу кезінде құбыртұтікті, метрштокты немесе рулетканы резервуарға немесе автоцистернаға тигізбей, мойынның шетіне үйкелуіне жол бермей, баяу түсіру керек.

496. Жұмыс орны қолайлы жұмыс істеуді және жарылу қаупінсіз стационарлық және алып жүрілетін шамдалмен табиғи немесе жасанды жақсы жарық берумен қамтамасыз етілуге тиіс. Алып жүрілетін қолшамды қолдану алдында оның ақаусыздығы тексеріледі, оны іске қосуға тек жарылу қаупі бар ортага кіру алдында жол беріледі, ал одан шыққаннан кейін сөндіріледі.

497. Жанаармай және УТС буы дем алу кезінде улануды, ал теріге тисе ауру тудырады. Жанаармай және УТС буымен байқамай уланады, ол біраз уақыт өткеннен кейін әлсіздік, бас ауруы, бас айналу түрінде байқалады. Жанаармайдың немесе УТС-ның буымен жіті улану, сондай-ақ оның организм ішіне түсүі және зардал шеккен адамға уақтылы медициналық көмек көрсетпеу өлімге әкеп соқтыруы мүмкін.

Жанаармай мен техникалық сұйықтығы бар резервуар немесе автоцистерна люгінің қақпағын ашу кезінде жел жаққа қарай тұру қажет.

498. Жанаармай және УТС буынан тұратын ортада жұмыс істеудің барлық жағдайында шлангыны немесе оқшаулағыш газтүмшаны қолдану керек.

Резервуар ішінде жұмыс істеу үшін сұзгілі газтүмшаны қолдануға жол берілмейді.

499. Тері қабатын жанаармайдың зиянды әсерінен қорғау үшін қоймада жұмыс істейтін адамдар № 277 бұйрықпен бекітілген 30-норма бойынша арнайы киіммен қамтамасыз етіледі. Арнайы киім күнделікті киімнен бөлек сақталады, желдетіледі, уақтылы жуылып, жөнделеді. Әскери бөлімнің (мекеменің) монша-кір жуу комбинатында жуу алдында арнайы киім ашық ауада немесе арнайы желдетілетін үй-жайда 1-2 сағат ішінде желдету арқылы залалсыздандырылады. Арнайы киімді моншада, казармада және осы мақсат үшін арналмаған басқа үй-жайда жууға жол берілмейді.

500. Этил сұйықтығы қосылған бензин жоғары уытты болады. Этил бензинімен жұмыс істейтін орында сорғы станциясының, қойманың, зертхананың еденіне, жабдыққа және басқа да заттарға төгілген этилді бензинді залалсыздандыру үшін

жеткілікті мөлшерде газсыздандыру құралдары (керосин, хлорлы әк, хлорамин ерітіндісі, үгінді, сұрту материалы) болуы қажет.

Этилді бензин теріге тиген кезде закымданған жерді дереу керосинмен немесе этилдендірілмеген бензинмен жуу керек, ал ол болмаған жағдайда теріні таза шуберекпен құрғатып сұрту және сабындал жуу қажет. Этилденген бензин көзге түскен кезде оны 2 пайызды ас содасының ерітіндісімен немесе таза жылды сумен жуу, одан кейін дәрігерге бару қажет. Жанармай мен арнайы техникалық сұйықтықпен жұмыс істеу аяқталғаннан кейін қолды сабындал жуу қажет.

501. Тиеу-түсіру жұмысын жүргізу кезінде тек ақаусыз механикаландыру құралын қолдануға жол беріледі. Жұмысты бастар алдында тиеуде қолданылатын барлық жүк қармағыш керек-жарақ техникалық құралдарды 10 – 20 см көтеріп сынап тексеріледі, ал жанармай немесе арнайы сұйықтығы бар бөшкені сынап тексеру әрбір түсіру немесе тиеу циклі сайын жүргізіледі. Көтерілген жүкті ауыстыру шағын биіктікте (еденнен 20 – 30 см) жүргізіледі.

Техникалық құралдар мен жанармай бар ыдысты тек белгіленген биіктікте қатарлап орналастыру қажет.

502. Жанармай мен техникалық құралдарды қабылдау, сақтау және беру кезінде:

- 1) найзағай кезінде жанармайды айдауға;
- 2) іске қосылған айдау құралдары мен отын құйылып жатқан резервуарды қараусыз қалдыруға;
- 3) резервуарға немесе ыдысқа түскен кезде ұшқын тудыруы мүмкін затты (кілт, сомын, бұранда) резервуар үстінде қалдыруға;

4) резервуардың (цистернаның) өлшеу лугі аузының шетіне лотпен (метрштокпен) соғуға;

5) ақаулы механикаландыру құралдары мен жүк қармағыш керек-жарақты қолдануға;

6) механикаландыру құралдары мен жүк қармағыш керек-жарақтың жүк көтергіштігін асыруға;

7) көтерілген жүк (автокран) астында тұруға және жеткізу кезінде техникалық құралдар үшін орынды босатуға және астын тазалауға;

8) жүкті автомобиль, автокран, автотиегіш жүргізуінің кабинасымен жеткізуге;

9) сым арқанның қисық тартылуы кезінде автокранмен және автотиегішпен жеткізуге, автокранмен немесе тиегішпен жерде қатып қалған жүкті тартып алуға;

10) артық қысыммен іске қосылған құбыр мен айдау құралдарынан жанармайдың ағуын жоюға;

11) жарылу қаупі бар ортада соғу кезінде ұшқын тудыратын құрал-сайманды қолдануға;

12) жанармай мен арнайы сұйықтықты бөшкеге, канистраға және шелекке қую кезінде сифон жасау үшін ауызбен соруға;

13) жанармаймен және арнайы сұйықтықпен жұмыс істеу кезінде тамақтануға, шылым шегуге;

14) қол жуу, киім-кешекті жуу, киімді тазалау үшін бензинді және басқа да ерітіндіні қолдануға жол берілмейді.

503. Статикалық электр резервуар мен құбырда жанармайды айдау кезінде қабырғаға үйкелу нәтижесінде, сондай-ақ жанармай ағысы металға соғылу кезінде пайда болады.

Статикалық электрды тұйықтау үшін заряд пайда болуы мүмкін барлық металл конструкция жерге тұйықталады.

504. Статикалық электрдің пайда болуынан қорғау мақсатында:

- 1) жерүсті, жартылай терендетілген және терендетілген резервуар;
- 2) оларды төсеу тәсіліне қарамастан, барлық құбыр (ұзындығының әрбір 200 м сайын және жерге тұйықтағышқа әрбір тармақтың ұшын қосумен қосымша әрбір тармақта);
- 3) төгу-құю эстакадасының (құбырдың) металл конструкциясы;
- 4) жанармайды айдау үшін сорғы станциясының барлық электр жабдығы мен механизмі;
- 5) төгу-құю құрылғысы ауданындағы темір жол рельсі;
- 6) жанармайды құю мен төгу жұмысы орнындағы теңіз және өзен айлағының металл конструкциясы;
- 7) темір жол цистернасының, өзен және теңіз кемесінің, сондай-ақ құйып алу, құю кезінде және қозғалыстағы автомобильге орнатылған автомобиль цистернасының, автотынқұйғыш пен жылжымалы болат резервуардың корпустары;
- 8) құбыртұтқітің металл ысқышы;
- 9) жұмыс істеу кезінде жанармайды құю және жылжымалы айдау құралдары жерге тұйықталуға жатады.

505. Жылжымайтын металл конструкцияны өзара жалғау жерге түйістіру қимасы кемінде 48 мм² және қалындығы кемінде 4 мм ұзынша болаттың немесе диаметрі 6 мм дөңгелек болаттың көмегімен жүргізіледі.

Жерге түйістіргішті дайындау үшін диаметрі 15-20 мм болат өзек, қабырғасының қалындығы кемінде 4 мм бұрышты болат, қабырғасының қалындығы кемінде 3,5 мм диаметрі 30-60 мм қатты тottану белгісі жоқ болат құбыр қолданылады. Жерге түйістіргіш ұзындығы 2-3 м етіп жасалады, жер бетінен жерге түйістіргіштің жоғарғы ұшына дейінгі арақашықтық кемінде 0,7-0,8 м болатындей етіп жерге тігінен қағылады. Жерге түйістіру құралдарындағы барлық ток өткізгіш дәнекерленіп жалғанады. Пайдалану жағдайы бойынша орында дәнекерлеу жұмысына жол берілмесе, ток өткізгіш резервуар мен жабдыққа қосу орнын толық тазалағаннан кейін бұранмен

жалғанады (ҚР СҚ 2.04-103-2013, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыш, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті).

Жабдық мен қозғалтқыштың жылжымалы бөлшегін жерге түйістіру құрылғысына жалғау болат немесе мыс майысқақ көп тармақты көп сымды өткізгіш көмегімен жүргізіледі. Болаттан жасалған өткізгіш мырышталған болуға тиіс.

Автомобиль эстакадасының, участке мен автокөю алаңындағы құю және құйып алу металл құбыры жерге түйістіріледі, ал теміржолдағы рельске немесе эстакаданың металл конструкциясына жалғанады.

506. Статикалық электрдің пайда болуынан қорғану шарттары бойынша отын мен арнайы сұйықтықты цистернаға және бөшкеге құю ыдыста бар сұйықтықтың үстінен жүргізіледі, ол үшін құбыртұтік қалған сұйықтықтың деңгейінен төмен түсіріледі.

Отынды өздігінен төгілу ағысымен құюға жол берілмейді.

Резервуарды, цистерна мен кемелерді алғаш рет толтыру кезінде немесе оларды тазалаудан кейін толтырған кезде құйып алу ерекше қауіпсіздік шараларын сақтап баяу жүргізіледі.

Резервуардағы отынның үстінде қандай да бір қалқыма заттардың болуына жол берілмейді.

507. Жанармай қоймасында сорғы станциясы, жерүсті және жартылай терендетілген резервуар, ыдыстағы жанармай сақталатын қойма, теміржол, автокөю, құю-құйып алу эстакадасы, тұрақ найзағайдан қорғауға жатады.

Найзағайдан қорғау құрылғысы мен статикалық электрдің пайда болуынан қорғау құрылғысы қорғалатын объектілер сыныбына сәйкес жабдықталады.

508. ЖЖМ қоймасын және май құю пунктін өртке қарсы қорғау әскери бөлімнің (мекеменің) күшімен және құралдарымен жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасының Президентінің 2007 жылы 5 шілдедегі № 364 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдары ішкі қызмет жарғысының 18-тармағына сәйкес ұйымдастырылады.

Қойманың өртке қарсы қорғалуын ұйымдастыру іс-шаралары әскери бөлімнің (мекеменің) командирі (бастығы) бекітken бөлімнің өртке қарсы қорғау жоспарына сәйкес жүргізіледі.

8-тарау. Есеп және есептілік

509. ЖЖМ қызметі бойынша есеп жүргізу тәртібі "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде қаржылық және шаруашылық қызметті ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі 2017 жылғы 29 шілдедегі № 399 бүйрүғында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15598 болып тіркелген) айқындалған және бекітілген.

510. ЖЖМ қызметі бойынша есептен шығару "Әскери мүлікті есепке алу мен есептен шығару ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 шілдедегі № 787 қаулысының талаптарына сәйкес жүргізілді.

511. ЖЖМ қызметі бойынша есептілік нысанын жүргізу және ұсыну тәртібі Мерзімді жеткізу табелімен анықталған және бекітілген.

512. ЖЖМ-ның нақты азаюын есептен шығару актісі негізінде, Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2021 жылғы 1 қаңтардағы № 3553-2020 "Мұнай және мұнай өнімін жеткізу, қабылдау, сақтау, беру, ішкі базалық айдау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағында магистральды мұнай құбыры және мұнай өнімі құбырымен жеткізу кезіндегі нақты азау нормасы" стандартының талабына сәйкес жүргізілді (КР МЕМСТ 3553-2020). Есептен шығару актісіне осы Нұсқаулыққа 26-қосымшаға сәйкес нақты азау есебі қоса беріледі.

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштеріндегі қызметтің
(жанар және жағармай
материалы қызметінің)
жұмысын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
1-қосымша

Жанармай сапасын бақылау жөніндегі құжаттар тізбесі

Құжат атавы	ХТО	Өң К зертханасы	Жанармай қоймасының зертханасы	Әскери бөлім зертханасы	Зертхана жок әскери бөлім	Құжаттың сақталу мерзімі, жыл
Зертхананың жұмыс жоспары (еркін түрде) қызмет жұмыс жоспарының құрамдас бөлігі болып табылады						
жылдық	+	+	+	-	-	1
айлық	+	+	+	+	-	1
Жанармайды жаңарту жоспары	-	-	+	+	+	1
Ұзақ сақталатын жанармайды талдау жоспары	+	+	+	+	+	1

Жанармайдан сынама алу актісі	+	+	+	+	+	1
Жанармай сынамасын тіркеу журналы	+	+	+	+	+	3
Жанармайды талдау (сапалық жай-күйді есепке алу) журналы	+	+	+	+	-	5
Жанармай паспорты	+	-	+	+	+	3
Паспортты беру журналы	+	-	+	+	-	1
Зертханашын ың жұмыс журналы	+	+	+	+	-	3
Бақылау талонын беру журналы	-	-	-	+	-	1
Бақылау талоны	-	-	-	+	-	
Қоймада орнатылған сұзгі мен сұзгі-сепарато р жұмысын есепке алу журналы						
Кондиционды қ е м е с жанармайды есепке алу журналы	+	+	-	-	-	3
Резервуарды тазарту kestесі	-	-	+	+	+	3
Қалдықты күйип алу және жанармайды сү мен механикалық қоспаның болмауына тексеру журналы	-	-	+	+	+	3

Күнделікті тапсырма журналы	+	+	-	-	-	5
Әскери бөлім зертханасының жұмысын есепке алу журналы (есепке алу карточкасы)	+	+	-	-	-	5

Ескертпе: "+" белгісі есепке алу құжаты жүргізілетінін, "-" белгісі есепке алу құжаты жүргізілмейтінін білдіреді.

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштеріндегі қызметтің
(жанар және жағармай
материалы қызметінін)
жұмысын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
2-қосымша

Резервуар және ыдыста тұрған жанармайды, майды, жақпамайды және арнайы сұйықтықты сақтау мерзімі

Жанармай, май, жақпамай мен арнайы сұйықтық атаяу және сақтау шарттары	Сақталу мерзімі, жылда
Барлық маркадағы авиациялық бензин: жерусті резервуарында сақтау кезінде көмілген және жартылай көмілген резервуарда сақтау кезінде автоцистернада және бөшкеде сақтау кезінде	5 5 5
Аи-91, Аи-92, Аи-93, Аи-96 автомобиль бензині: жерусті резервуарында сақтау кезінде көмілген және жартылай көмілген резервуарда сақтау кезінде автоцистернада және бөшкеде сақтау кезінде	5 5 5
Реактивті қозғалтқышқа ТС-1, РТ отыны: көмілген және жартылай көмілген жерусті резервуарында автоцистернада және бөшкеде сақтау кезінде резенке-мата резервуарда сақтау кезінде	5 1
Дизель отыны: жерусті резервуарында сақтау кезінде көмілген және жартылай көмілген резервуарда сақтау кезінде автоцистернада, бөшкеде және канистрада сақтау кезінде	5 5 5
Мотор отыны, мазут	5
МС-8п авиациялық майы	5
МС-8рк консервациялық-жұмыс авиациялық майы	5

МК-8 МК-8п авиациялық майы	5
ИПМ-10 авиациялық майы	5
ВНИИ-НП-50-1-4Ф синтетикалық майы	5
Б-3В синтетикалық майы	5
ЛЗ-240 синтетикалық майы	5
36/1-КУА авиациялық майы	5
МС-20 (МС-20С) авиациялық майы	5
Трансформатор майы	5
Аспап майы	5
М-63/10в (ДВ АС3п/10в) мотор майы	5
М-10-В2 мотор майы	5
М-10-Г2 мотор майы	5
М-10-Г2(к) мотор майы	5
М-16-А(т) (МТ-16п) мотор майы	5
М-16-В2 (М-16ИХП-3) мотор майы	5
М63/10-Б2 (МТ3-10п) мотор майы	5
М-14-В2	5
ТАП-15В, ТС-15К, ТСп-10, ТС3-9гип, ТСп-14гип трансмиссиялық майы	5
ТС3п-8, МТ-8п, ТС гип	5
ТМ-5-12 (рк) барлық маусымға трансмиссиялық әмбебап майы	5
ТАД-17и трансмиссиялық майы	5
"А" маркалы гидромеханикалық (автоматты) беріліс майы	5
А маркалы рульдің гидрокөлемді берілісі және гидрокүшеткіш жүйесіне май	5
ЦИАТИМ-208 жартылай сұйық трансмиссиялық жақпамайы	5
Сп және С осытік майы	5
Осытік май	5
ВНИИ НП-25 топсалық майы	5
ВНИИ НП-30 редукторлық майы	5
132-0,8. МВП аспалтық майы	5
ВМ-3, ВМ-4, ВМ-6 вакуумдік майы	5
МН-60, МЦ-3 сағат майы	5
Индустриялық май	5
Медициналық вазелин майы	5
Парфюмерлік май	5
Техникалық майсана майы	5
Жақпамай сүйек майы	5
Желдеткіш сұзгі майы	5
ОКБ-13 2-19 майы	5

КС-19, К-19, П-28 компрессор майы	5
Тоңазытқыш машинасы майы	5
НГ-203Б, К-17 консервациялық майы	5
ММ, КЖМ қару-жарағына жұмыс-консервациялық майы	5
АКОР-1, КП тұнбасы	5
Литол-24 жақпамайы	5
ВНИИ НП-242 жақпамайы	5
СВЭМ (ВНИИ НП-288) жақпамайы	5
С солидол жақпамайы	5
Ж солидол жақпамайы	5
Графиттік жақпамай	5
Зимол жақпамайы	5
Лита жақпамайы	5
М3 жақпамайы	5
Циатим-201 жақпамайы	5
МС-70 жақпамайы	5
ГОИ-54п, ЦИАТИМ-221 жақпамайы	5
ПФМС-4с жақпамайы	5
ВНИИ НП-207, ВНИИ НП-282 жақпамайы	5
ВНИИ НП-231 жақпамайы	5
ЦИАТИМ-205 жақпамайы	5
ВНИИ НП-279 жақпамайы	5
№ 8 жақпамай	5
ОКБ-122-76 ВНИИ НП-271Н, ЭРА(ВНИИ НП-286М), САПФИР (ВНИИ НП-261) жақпамайы	5
(ВНИИ НП-354) АТЛАНТА жақпамайы	5
01, 02- Свинцоль жақпамайы	5
СТ (НК-50) жақпамайы	5
Зенбірек жақпамайы	5
Лейнерлік жақпамай	5
АМС-1, АМС-3, ВНИИ НП-232, 39у арқанды, ЦИАТИМ-203 жақпамайы	5
33К-3у жақпасы	5
1-13, 1-Л3 жақпамайы	5
Майлы консталин, АМ (кардан) жақпамайы	5
ЦИАТИМ-202 жақпамайы, бензинге төзімді	5
Снаряд жақпамайы	5
ВНИИ НП-263 жақпамайы	5
№ 9 жақпамай	5
Медициналық вазелин	5
МГЕ-10А гидравликалық майы	5

АУП гидравикалық майы	5
АМГ-10 гидравикалық майы	5
МГЕ-4А гидравикалық майы	5
АЖ-12 сұйықтығы	5
7-50с-3 жұмыс сұйықтығы	5
ПОЛЮС жұмыс сұйықтығы	5
ЛЗ-МГ-2 жұмыс сұйықтығы	5
"Нева" тежегіш сұйықтығы	5
ГТЖ-22М тежегіш сұйықтығы	5
"Томь" тежегіш сұйықтығы	5
Роса – ДОТ (ДОТ-4) тежегіш сұйықтығы	5
М-40, М-65 төмен температурада қататын сұйықтығы	5
"Тосол", "Лена" 65 төмен температурада қататын салқындақтыш сұйықтығы	5
Концентрацияланған этиленгликоль	5
12ф, 13фм бөлгіш сұйықтығы	5
ПОЖ-70 сұйықтығы	5
"И" (этилцеллозольф) сұйықтығы	5
ТГФ (тетрагидрофурфилдік спирт) сұйықтығы	5
Этил спирті	5
Тп-46 және 46 турбина майы, кеме және газ турбинасына	5
Турбина майы	5

Ескертпе:

1. Жанармайды, майды, жақпамайды және арнайы сұйықтықты сақтау шарттары МЕМСТ 1510 және осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес келуге тиіс.

2. Осы қосымшада сақтау мерзімі көрсетілмеген жанармай, май, жақпамай мен арнайы сұйықтық маркасы үшін оларға нормативтік-техникалық құжатта белгіленген кепілді сақтау мерзімі басшылыққа алынады.

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштеріндегі қызметтің
(жанар және жағармай
материалы қызметінің)
жұмысын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
3-қосымша

Сақтау кезінде жанармай сапасын зертханалық тексеру кезенділігі және талдау үшін (қатар айқындау кезінде) қажетті сынаманың барынша аз мөлшері

Жанармай атауы	Талдау кезенділігі, ай		Талдау үшін сынаманың барынша аз мөлшері (дм ³)		
	бақылау	қойма	бақылау	қойма	толық

1	2	3	4	5	6
Авиация және автомобиль бензині	12	24	0,5	0,5	1,0
Реактивті қозғалтқыш отыны	12	24	0,5	0,5	1,0
Дизель отыны	18	36	0,5	0,5	1,0
Мазут	18	36	0,5	0,5	0,75
Авиациялық май	12	24	0,5	0,75	1,0
Тоңазытқыш машинаға мотор, трансмиссиялық, турбиналық, компрессорлық, аспаптық және арнайы май	18	36	0,5	0,6	1,0
Жерүсті техникасының піспекті қозғалтқышына синтетикалық негіздегі мотор майы	6	12	0,5	0,6	1,0
Пластикалық жақпамай	12	36	0,5	0,5	0,5
Гидравликалық сұйықтық	12	24	0,5	0,5	0,5
Амортизатор және тежегіш сұйықтығы	12	24	0,5	0,5	0,5
Айырғыш сұйықтық	12	24	0,5	0,5	0,5
Төмен температурада қататын салқындаштық сұйықтығы	6	12	0,5	0,5	0,5
"И" сұйықтығы	3	6	0,5	0,5	0,5
Этил спирті	12	24	0,5	0,5	0,5
Сулы-спиртті қоспа	-	-	0,5	-	-
Авиациялық майлы қоспа	-	-	-	-	0,5

№ 8 және СТ (НК50) жақпамайы үшін қоймалық талдау кезеңділігі 24 айда жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының

Карулы Күштеріндегі қызметтің
 (жанар және жағармай
 материалы қызметінің)
 жұмысын ұйымдастыру
 жөніндегі нұсқаулыққа
 4-қосымша

Қабылдау-тапсыру, бақылау, қоймада және толық талдау кезінде айқындалатын сапа көрсеткішінің тізбесі

Жанармай атауы	Талдау түрі бойынша сапа көрсеткішінің тізбесі			
	қабылдау	бақылау	қоймада	толық
1	2	3	4	5
Авиация және автомобиль бензині	Тығыздығы. Тұсі мен мөлдірлігі. Механикалық қоспаның болуы (сапалы). Судың болуы (сапалы). Фракциондық құрамы. СКС-ның* болуы	Тығыздығы. Тұсі мен мөлдірлігі. Механикалық қоспаның болуы (сапалы). Судың болуы (сапалы). Фракциялық құрамы	Тығыздығы. Тұсі мен мөлдірлігі. Механикалық қоспаның болуы (сапалы). Судың болуы (сапалы). Фракциялық құрамы. Нақты шайыр құрамы	Тығыздығы. Тұсі мен мөлдірлігі. Механикалық қоспаның болуы (сапалы). Судың болуы (сапалы). Фракциялық құрамы. Нақты шайыр құрамы Октандық сан*** (авиация бензині үшін моторлық әдіс бойынша, ал Аи-93, Аи-92, Аи-95 және Аи-98 автомобиль бензині үшін зерттеу әдісі бойынша). Нақты шайыр құрамы
				Тығыздығы. Механикалық қоспаның болуы (сапалы).

Реактивті қозғалтқыш отыны	<p>Тығыздығы.</p> <p>Механикалық қоспаның болуы (сапалы).</p> <p>Судың болуы (сапалы).</p> <p>Фракциялық құрылым*</p> <p>СКС-ның* болуы.</p> <p>Салыстырмалы электр өткізгіштік</p>	<p>Тығыздығы.</p> <p>Механикалық қоспаның болуы (сапалы). Судың болуы (сапалы).</p> <p>Фракциялық құрамы**</p> <p>Тұтану температурасы**</p>	<p>Тығыздығы.</p> <p>Механикалық қоспаның болуы (сапалы).</p> <p>Судың болуы (сапалы).</p> <p>Фракциялық құрамы.</p> <p>Накты шайыр құрамы.</p> <p>Қышқылдығы</p>	
Жанармай атауы	Талдау түрі бойынша сапа көрсеткішінің тізбесі	қабылдау	бақылау	көймада
	(антистатикалық қоспасы бар отын үшін)	СКС сүйықтығының құрамы (енгізілгеннен кейін). Салыстырмалы электр өткізгіштік(антистатикалық қоспасы бар отын үшін)	Салыстырмалы электр өткізгіштік(антистатикалық қоспасы бар отын үшін). Тұтану температурасы	Термиялық тұрақтылығы (статикалық) . Мыс пластиинкада сынау. СКС құрамы. Салыстырмалы электр өткізгіштік (егер жеткізуашін паспортында отынға осы көрсеткіштің сандық мәні бар болса)
			Тығыздығы.	
			Тұтану температурасы.	

Дизель отын	Тығыздығы. Механикалық қоспаның болуы (сапалы). Судың болуы (сапалы). Тұтану температуrasesы* Фракциялық құрамы* СҚС құрамы*	Тығыздығы. Механикалық қоспаның болуы (сапалы). Судың болуы (сапалы). Тұтану температуrasesы* Фракциялық құрамы**	Механикалық қоспаның болуы (сапалы). Фракциялық құрамы. Лайлану температуrasesы ("A" маркасы үшін – қату) Накты шайыр құрамы. Қышқылдығы. Тұтану температуrasesы	Фракциялық құрамы. Лайлану температуrasesы. К а т у температуrasesы. 20°C кезінде тұтқырлық. Нақты шайыр құрамы. Қышқылдығы. М ы с пластинкада сынау. СҚС құрамы
Мазут	Тығыздығы. Судың болуы. Механикалық қоспаның болуы (сапалы). СҚС-ның* болуы	Тығыздығы. Судың болуы. Механикалық қоспаның болуы (сапалы)	Тығыздығы. Судың болуы. Механикалық қоспаның болуы (сапалы)	Тығыздығы. Судың болуы. Механикалық қоспаның болуы (сапалы). Шартты немесе кинематикалық тұтқырлық. Тұтану температуrasesы Қату температуrasesы. СҚС құрамы
Жанармай атауы	Талдау түрі бойынша сапа көрсеткішінің тізбесі			
"И", ТГФ сұйықтығы	қабылдау	бақылау	қоймада	тольк
	Сыртқы түрі. Тығыздығы. Отындағы ерігіштігі. Судың массалық үлесі	Сыртқы түрі. Тығыздығы.Отындағы ерігіштігі. Судың массалық үлесі	Сыртқы түрі. Тығыздығы.Отындағы ерігіштігі. Судың массалық үлесі. Сынғыштық көрсеткіші. Қышқылдардың массалық үлесі. Айдаудың температуралық шегі ("И" сұйықтығы үшін). Көбіктелу мөлшері ("И" сұйықтығы үшін)	Сыртқы түрі. Тығыздығы.Отындағы ерігіштігі. Судың массалық үлесі. Сынғыштық көрсеткіші. Қышқылдардың массалық үлесі. Айдаудың температуралық шегі ("И" сұйықтығы үшін). Көбіктелу мөлшері ("И" сұйықтығы үшін)
	Тығыздығы. Судың болуы. (сапалы). Механикалық	Тығыздығы.	Тығыздығы.	Тығыздығы. Судың болуы (сандық). Механикалық қоспаның болуы (сандық).

Май	коспаның булы (сапалы). Мөлдірлігі (трансформатор майы үшін). Тұтану температурасы* Қолайлыш температура кезіндегі кинематикалық тұтқырлық*	Судың болуы. (сапалы). Механикалық қоспаның болуы (сапалы). Мөлдірлігі (трансформатор майы үшін). Тұтану температура температурасы** Қолайлыш температура кезіндегі кинематикалық тұтқырлық**	Судың болуы. (сандық). Механикалық қоспаның болуы (сандық). Мөлдірлігі (трансформатор майы үшін). Тұтану температура кезіндегі кинематикалық тұтқырлық. Сілті мөлшері. Қышқыл мөлшері. Қату температурасы. Күлділігі. Деэмульсация мөлшері (турбиналық май үшін). Көкстелуі	Мөлдірлігі (трансформатор майы үшін). Тұтану температура. Қолайлыш температура кезіндегі кинематикалық тұтқырлық. Сілті мөлшері. Қышқыл мөлшері. Қату температурасы. Күлділігі. Деэмульсация мөлшері (турбиналық май үшін). Көкстелуі	
	СҚС құрамы				
Пластикалық жақпамай	Сыртқы түрі	Сыртқы түрі	Сыртқы түрі. Тамшылау температурасы	Сыртқы түрі. Тамшылау температурасы. 25°C кезіндегі пенетрация. Судың болуы. Механикалық қоспаның болуы. Қышқыл мөлшері. Бос сілті және органикалық қышқыл құрамы. ВКШ құрамы	
Гидравликалық сұйықтық	Сыртқы түрі. Тығыздығы	Сыртқы түрі. Тығыздығы	Сыртқы түрі. Тығыздығы. Судың болуы. Қышқыл мөлшері	Сыртқы түрі. Тығыздығы	
Жанармай атауы	Талдау түрі бойынша сапа көрсеткішінің тізбесі	қабылдау	бақылау	қоймада	толық
				Қолайлыш температура кезіндегі кинематикалық тұтқырлық. Механикалық қоспаның болуы. Судың болуы. Қышқыл мөлшері. Тұтану температурасы.	
	Сыртқы түрі.	Сыртқы түрі.	Сыртқы түрі. Тығыздығы.	Сыртқы түрі. Тығыздығы. Қолайлыш температура кезіндегі кинематикалық тұтқырлық. Тұтану температурасы. Қайнау температурасы.	

Амортизатор және тежегіш сұйықтығы	Тығыздығы	Тығыздығы	Кайнау температурасы	Сынғыштық көрсеткіші. Қату температурасы. pH сутегі иондары концентрациясының көрсеткіші (тежегіш сұйықтығы үшін)
Айырғыш сұйықтық	Сыртқы түрі және түсі. Тығыздығы	Сыртқы түрі және түсі. Тығыздығы	Сыртқы түрі және түсі. Тығыздығы. Судың болуы	Сыртқы түрі және түсі. Тығыздығы. Қолайлы температура кезіндегі кинематикалық тұтқырлық. Механикалық қоспаның болуы. Судың болуы. Қышқыл мөлшері. Қату температурасы. Сынғыштық көрсеткіші
Жанармай атауы		Талдау түрі бойынша сапа көрсеткішінің тізбесі		
Төмен температурада қататын салқындастырыш сұйықтық	Сыртқы түрі. Тығыздығы. Гидрометрен айқындалатын кату температурасы (кристалданудан дын басталуы)	Сыртқы түрі. Тығыздығы. Гидрометрен айқындалатын кату температурасы (кристалданудың басталуы)	Сыртқы түрі. Тығыздығы. Гидрометрен айқындалатын кату температурасы (кристалданудың басталуы)	Сыртқы түрі. Тығыздығы. Гидрометрен айқындалатын кату температура (кристалданудың басталуы). Фракциялық деректер (фракциялық құрамы). pH сутегі иондары концентрациясының көрсеткіші
Этил спирті	Сыртқы түрі, иісі. Тұтқырлығы	Сыртқы түрі, иісі. Тұтқырлығы	Сыртқы түрі, иісі. Тұтқырлығы	Сыртқы түрі, иісі. Тұтқырлығы. Тазалыққа сынама. Бос қышқылдардың құрамы
Сұлы-спиртті қоспалар	Сыртқы түрі. Қоспадағы сусыз спирттің құрамы (тұтқырлығы).	Сыртқы түрі. Қоспадағы сусыз спирттің құрамы (тұтқырлығы)	Жүргізілмейді	Жүргізілмейді
Авиациялық майлы қоспалар	Жүргізілмейді	Жүргізілмейді	Жүргізілмейді	Тығыздығы. Кинематикалық тұтқырлық. Тұтану температурасы. Судың болуы. Механикалық қоспаның болуы (коспа

дайындалған соң
жүргізіледі)

* құю процесінде құюға рұқсат етілгеннен кейін екінші кезекте айқындалады.

** айдаудан кейін айқындалады.

*** орталық зертханада айқындалады.

Казақстан Республикасының
Қарулы Күштеріндегі қызметтің
(жанар және жағармай
материалы қызметінің)
жұмысын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
5-қосымша

Паспорт ұлгісі №_____

түскен _____ (_____
жанармай маркасы) _____

200 _____ ж. " ____" №_____ резервуардан (партиядан) сынама №_____ алынды.

Жасалған күн 20 _____ ж. " ____"

Жасаушы зауыт _____

Талдау күні 20 _____ ж. " ____"

Паспортың қолданыс мерзімі 20 _____ ж. " ____"

P/c №	Көрсеткіш	МЕМСТ (ТШ) бойынша норма	Талдау нәтижесі
1	2	3	4

Корытынды: _____

М.О.

20 _____ ж. " ____" Зертхана бастығы _____

Ескертпе.

Орталық зертхана, өнірлік қолбасшылық (әскер тегі) МТҚ базасының зертханасы, жанармай және әскери бөлімнің орталық қоймасы берген паспортта 5-қосымша ауқымындағы жанармай сапасының барлық көрсеткіші көрсетіледі. Жасаушы зауыт беретін сапа паспортында өнімге қолданыстағы стандарттардың талаптары ауқымындағы сапа көрсеткіші көрсетіледі.

Казақстан Республикасының
Қарулы Күштеріндегі қызметтің
(жанар және жағармай
материалы қызметінің)
жұмысын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
6-қосымша

әскери бөлімінің ұзақ сақтаудағы жанармайды жаңарту жоспары

Жанармай маркасы МЕМСТ (ТШ)	Резервап (машина, ыдыстағы жана марапаттың) номірі	Жанармай жана жаңартылған күн, т.	Жанармай мөлшері	Сақтауға дайындаған күн	Паспорт номірі және соңғы талдау күні	Жоспарлы сақталу мерзімі, жыл	Жаңартылуға тиіс, жылы және айы	Жаңартуға жауапты	Сақтау мерзімін ұзарту туралы белгі (жаңарту дың жаңа мерзімі, акті номірі және күні көрсетіледі)	Жаңарту туралы белгі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	

1. Жанармай қоймасында.

2. Бакта және қару-жарақ пен әскери техника жүйесінде.

Қазақстан Республикасының
 Қарулы Күштеріндегі қызметтің
 (жанар және жағармай
 материалы қызметінің)
 жұмысын ұйымдастыру
 жөніндегі нұсқаулыққа
 7-косымша

Сапалы емес (сұрыпталмаған) жанармай түскенде наразылық құжаттарын ресімдеу

Жанармай қоймасына немесе әскери бөлімге сапалы емес (сұрыпталмаған) жанармай түссе, ол бойынша жеткізушіге немесе көлік органына (темір жолға) наразылық білдіру құжаты ресімделеді.

Жеткізушіні стандарттан тыс жанармайды тиеу үшін жауапты деп тану үшін түскен жанармайдың МЕМСТ (ТШ) талаптарына нақты сәйкес келмейтінін және сұрыпталмаған жанармайды жеткізуге көлік органы емес жеткізуші кінәлі екенін анықтау қажет.

Жанармайды қоймаға теміржол көлігімен жеткізгенде алушының комиссиясы темір жол өкілімен бірлесіп, цистернаны (вагонды) мұқият қарап-тексереді. Егер қарап-тексеру кезінде цистернаның (вагонның) ақаулығы, пломбаның, жолдағы станция пломбасының болмауы немесе бұзылуы, түскен жүктің көлік құжатында көрсетілген атауға сәйкес келмеуі, цистерна қалпағының қақпағы астында тығыздаманың болмауы, ыдысты ашу немесе бұлдіру ізі анықталса, жүк алушы темір жолдан коммерциялық акті жасауды талап етуге тиіс. Көрсетілген жағдайда коммерциялық актіні алмаған жүк алушы жеткізушіден көлік органынан өндіріп алынатын залалды өтеуді талап етуге құқылы емес.

Сапалы емес жанармай ақаусыз цистернада (вагонда) және жөнелтушінің пломбасы бұзылмай түскен кезде жүк алушы түскен жанармайдың сынамасын жақын жердегі орталық (округтік) зертханада талдауға міндетті. Егер қойманың немесе өскери бөлімнің зертханасы белгілеген жанармайдың стандартқа сәйкес еместігі расталса, қоса берілген нысан бойынша акт жасалады.

Акті шартта көрсетілген мерзімде жанармайдың қоймаға түскен күнінен бастап әрбір жөнелтілімге жеке жасалады. Жөнелтуші бір сапа жай-қүйі паспорты бойынша бір резервуардан бірнеше цистернаға (вагонға) маршрутпен тиеген сапалы емес өнім түскенде барлық маршрутқа (көлікке) бір акт дайындалады.

Темір жол немесе басқа мұдделі емес үйым өкілінің қатысуымен цистернадан (вагоннан) алынған жанармайдың бір сынамасы наразылық мәселесі шешілгенге дейін жүк алушыда сақталуға тиіс.

Түскен жанармай сапасының сәйкес келмеуі туралы акт жасалған күннен кейінгі күннен кешіктірмей акті (үш данада) өңірлік қолбасшылықтың жанармай қызметіне жіберіледі. Актінің көшірмесі жеткізушіге шартта көрсетілген мерзімде жіберіледі.

Әрбір актіге:

әрбір цистернаға (вагонға) көлік құжаты;
жөнелтушінің паспорты (бір дана);
жанармайдың сапалық жай-қүйі туралы қорытындысы бар алушының паспорты (бір дана);
сынама алу туралы акті қоса беріледі.

Актінің бір данасына түпнұсқа құжаттар, ал екеуіне (түпнұсқа құжаттар болмағанда) лауазымды адамдардың қолтаңбасымен және жүк алушының мөрімен расталған көшірме қоса берілуге тиіс.

Түскен сұрыпталмаған жанармайды жұмсауға немесе басқа маркаға ауыстыруға тек наразылық шешілгеннен кейін орталық зертхананың немесе өңірлік қолбасшылық жанармай қызметінің рұқсатымен өңірлік қолбасшылық зертханасының ұсынымы бойынша жол беріледі.

Цистернамен, вагонмен түскен _____ сапасының сәйкес келмеуін анықтау туралы (жанармай атауы (маркасы) акт

1. Акті жасалған жер мен күн _____
2. Актінің жасауға қатысқандар _____ (тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы көрсетіледі)

3. Атауы мен мекенжайы:

Жүк алушы	Жеткізуши	Жүк жөнелтуші
-----------	-----------	---------------

4. Көлік жүккүжатының № ____ 20_ ж. " ____ "

Вагон, цистерна нөмірі _____

5. Жөнелту станциясы _____

6. Белгіленген станция _____

7. Өнімнің белгіленген станцияға жеткізілген күн _____

8. Сынама алған күн мен жер _____

9. Сынаманы талдаған зертхана атауы және талдау жасалған күн _____

10. Тиелген өнімге паспорт нөмірі мен берілген күн _____

11. Өнім стандартты емес деп танылған сапа көрсеткіші _____

12. Талдау дерегі бойынша өнімнің қандай кемшілігі бар

13. Кемшілік анықталған сәтке дейін өнімді сақтау шарты

Косымша:

1. Көлік құжаты.

2. Жөнелтуші паспорты.

3. Алушының сынаманы талдау нәтижесі бойынша өнімнің сапалық жай-күйі паспорты.

4. Сынама алу актісі.

Қолтаңба: _____

Қазақстан Республикасының

Қарулы Қүштеріндегі қызметтің

(жанар және жағармай

материалы қызметтінін)

жұмысын ұйымдастыру

жөніндегі нұсқаулыққа

8-қосымша

Сұрыпталмаған жанармайды есепке алу журналы

Әскери бөлім	Сұрыпталмаған жанармай маркасы	мөлшері, м ³	Резервуар нөмірі	Дайындалған күн	Сұрыпталмаған өнім паспортының нөмірі және берілген күн	Өнім кондиция шегінен шыққан көрсеткіш және оның мәні	Қабылданған шешім (шаралар) туралы белгі
1	2	3	4	5	6	7	8

Ескертпе:

8-баганда мынадай деректер келтіріледі:

жанармайдың бүліну себебін тергеп-тексеру комиссиясы актісінің нөмірі мен қысқаша ұсыным;

жанармай қызметі бастығының шешімі;

жанармай қызметінің бастығы қабылдаған шешімді іске асыру.

Мысалы: "Жанармай (паспорт №) сапасы қалпына келтірлді".

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштеріндегі қызметтің

(жанар және жағармай
материалы қызметінің)
жұмысын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа

9-қосымша

БЕКІТЕМІН

_____ әскери бөлімінің командирі
20 ж. " " _____

20 ж. " " жанармай сынамасын алу актісі

Құрамда төраға _____ мен комиссия
мүшелері

_____ бар комиссия
мынадай (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты) тізбе бойынша жанармай сынамасын алды:

P/c №	Сынама нөмірі	Жанармай маркасы МЕМСТ (ТШ)	Жанармай шығарылған (күн, ай, жыл)	Сынама қайдан алынды (резервуар, цистерна, транспортер нөмірі және т.б.)	Алынған сынама мөлшері, л	Сынама алынған жанармай мөлшері, дм ³	Талдау түрі (бақылау, қоймада, толық немесе қандай көрсеткіш екенін анықтау)
1	2	3	4	5	6	7	8

Сынама МЕМСТ 2517 бойынша таза құрғақ ыдысқа алынды және

бедерлі мөр қойылды.

